



Алматы қ. Торайғыров 19, (Фрунзе, мкр. Орбита-3)
Тел: +7 (727) 229 77 00 Факс: +7 (727) 229 77 72
www.sdu.edu.kz



СҮЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛ атындағы УНИВЕРСИТЕТ

*Тексикалық дублеттер және
тілдік норма*

дабекова Хафиза Арысбайқызы




is language”.

a process of transformation of a
another language, the

Хафиза ОРДАБЕКОВА

ЛЕКСИКАЛЫҚ ДУБЛЕТТЕР ЖӘНЕ
ТІЛДІК НОРМА

Алматы
2010



УДК 811. 512. 122 (075.8)
ББК 81.2 Каз – 923
О - 67

Баспаға Абай атындағы Қазақ ҰПУ-нің жанындағы «Білім» тобындағы мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік секциясы және ҚР БҒМ Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесі ұсынған; Хаттама № 11 22.12.2009 ж.

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор Бердібай Шалабай филология ғылымдарының докторы, доцент Мереке Атабаева

ISBN 9965-792-33-X
Лексикалық дублеттер және тілдік норма: Оқу құралы Х.А.Ордабекова - Алматы, 2009. 135б

Оқу құралы сөз теориясында маңызды орын алатын сөз варианттары, оның ішінде, лексикалық дублеттер мәселесіне арналады. Лексикалық дублеттердің түзілу жолдары, синоним сөздер мен лексикалық дублеттердің арақатынасы, лексикалық дублеттердің семантикалық құрылымы мен синтагмалық қатынастағы тіркесімділік қабілеті және сөз варианттарының морфологиялық, синтаксистік түрлерінің қалыптасуы жолдары сөз болады. Бұл пән филология факультеті бакалавр бөлімінің кәсіби пәндерді таңдау компонентінің негізінде ұсынылатын элективті курстардың қатарында оқытылады.

Оқу құралы жоғары оқу орындары филология факультеттерінің студенттеріне, магистранттары мен ізденушілеріне, оқытушыларына арналады.

УДК 811. 512. 122 (075.8)
ББК 81.2 Каз – 923

ISBN 9965-792-33-X

© Ордабекова Х.А., 2010

Алғы сөз

Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы тіл-білімінің негізгі мәселелерінің біріне жатады. Тілдік бірліктер деңгейіндегі тілдік норма мен оның варианттылығының теориялық маңызы, практикалық мәні, ғылыми мақсатқа сәйкестігі сияқты тілдік проблемалардың қарастырылып отырылуы тілді норма, әдеби тіл табиғатын айқындауда маңызды болмақ.

Қазақ тіліндегі сөздердің варианттылығын зерттеу арқылы тілдік жүйе мен тілдің құрылымын ғана емес, сол тілді қолданушы халықтың мәдениетін танып түсінуге де үлкен септігін тигізеді. Варианттылық тілдің барлық деңгейлерінен көрініс табады. Соған орай, тілде варианттылықтың фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, орфоэпиялық, орфографиялық, синтаксистік, фразеологиялық түрлері көрсетіледі. Ұжым мүшелерінің тілдік санасында көрініс табатын құбылыстың бірі – лексикалық дублеттер. Лексикалық дублеттер деп - мағыналық толық сәйкестікке құрылған, қолданыста стильдік мәні жағынан ерекшеленетін, морфемдік құрамы әр басқа лексикалық бірліктерді айтамыз. Бұл лексикалық бірліктерді сөздік қордың барлық қабатынан табуға болады. Лексикалық дублеттер туралы қазақ тіл білімінде жазылған ғылыми мақалалар мен лингвистикалық зерттеулер болмаса, ол жеке дара зерттеу нысанына айналмаған. Осыған орай, бұл оқу құралында лексикалық дублеттердің туып қалыптасуына әсер ететін интралингвистикалық, экстралингвистикалық факторлар, лексикалық дублет, абсолютті синоним, синоним сөздердің арақатынасы мен өзіндік ерекшеліктері, лексикалық дублеттердің синтагмалық қатынастағы өзге сөздермен тіркесімділігі, лексикалық дублеттердің синонимдік, омонимдік қасиеті және семантикалық жақтан дами келе

терминологиялық өрістен орын алуы, функционалді стильдер жүйесіндегі қолданылу сипаты сияқты мәселелер ғылыми-теориялық еңбектер мен ғылыми зерттеулердің сараптамалық нәтижелері негізінде жан жақты сөз етіледі.

Оқу құралы жалпы лексикалық дублеттердің ғылыми-теориялық және практикалық мәселесін арналғанмен, әдеби тілдің нормасы мен тіл мәдениеті сөз мағынасының құрылымын саралау, стилистикалық ресурстардың қолданылу ерекшелігі сияқты тіл біліміндегі өзекті мәселелерге де өзіндік үлесін қосады. Қазақ тілінің жан-жақты даму кезеңінде тіл мәдениеті сөз қолдану мәдениетінің сапалық кырларын бері сақтауға, әдеби тілдің ауызша және жазбаша түрлерін тән тілдік нормаларды игеру мәселесіне де айрықш көңіл бөлініп отыр.

1-тақырып. Тілтанымдағы дублет пен варианттылық мәселесі

Тірек сөздер: вариант, дублет, абсолютті синоним, синоним сөздер, жарыспалы тұлғалар, лексикалық мағына, грамматикалық мағына, ұғым, мағына, сөз.

Қай тілде болмасын белгілі бір заттың не ұғымның бірнеше атауға ие болып, бірнеше вариант күйінде айтылуы жай ғана себепсіз бола қойған құбылыс емес. Мұндай жарыса қолданысқа түскен бірліктер тіл білімінде вариант, дублет деп танылады. Бір ғана құбылыс, нәрсе, зат атауының бірнеше сөздермен берілуі тіл-тілде лексикалық дублеттердің тууына негіз болады. Бұл терминнің лингвистикалық әдебиеттерде бірде лексикалық вариант, бірде лексикалық дублет, кейде абсолютті синоним деп берілуі бірізділіктің жоқтығын көрсетеді. Тіл білімінде бұл терминді лингвистикалық, элеуметтік, коммуникативтік статусына байланыссыз гүрде әр автор әр түрлі атайды. Мәселен, О. С. Ахманова "тілдегі ерекшеліктің бір түрі" [1,31б.], А. Д. Швейцер "тілдік коммуникативтік жүйе" [2,21 б.], Е. И. Шендельс "вариант синоним бола алмайды, лексикада оларды мағыналық жағынан тепе-тең түсетін дублеттер деп тану дұрыс", – дейді [3,18 б.]. Егер терминдерге бір мағыналық, бір тұлғалық қасиет тән екендігін ескеретін болсақ, беріліп отырған терминдердің айырым белгісін ажырату керектігін көрсетеді.

Дублет сөзінің вариант сөзіне синоним болып құмсалудың лингвистикалық әдебиеттерден байқаймыз. А. А. Реформатский синонимдес қосымшалары бар үбірлес сөздер жұптарын дублеттер деп атаған [4,21 б.], І. М. Шанский "лексикалық дублеттерді абсолюттік синонимдер" [5,62 б.] деп таниды.

О.С. Ахманованың сөздігінде "Дублеттер тілге әр дәуірде енген түбірі бір тұлғалар" деген анықтама берілген [1,144 б.]. Бұдан біз "дублет" терминінің тіл білімінде түбірлес сөздерге байланысты қолданылғанын байқаймыз. Беріліп отырған бұл анықтамалардан бірізділік табу қиын. Алайда вариант пен дублет арасында мағыналық-стильдік айырмашылықтар да жоқ емес. Бұл жөнінде Р. П. Рогожникова: "Варианты слов представляют собой видоизменения слова со стороны фонетической и морфологической. Они не имеют семантических различий полностью совпадают в значений", – деп жазса [6,с.13], И. Қ. Ұйықбаев: "Вариант сөзінің ауқымы кең жатады, ол барлық жарыспаларды қамтиды, ал "дублет" көбінесе лексика-семантикалық дәлме-дәлдікті (аллолекса) білдіру үшін қолданылады", – дейді [7,11 б.]. Ал С. Бизақов тілдегі варианттылықтың мәнін былайша түсіндіреді: "Лексикалық единицалардың мағыналық дәлдігін сақтай отырып, әр түрлі құбылыстардың ықпалымен өзінің әдеттегі тұлғасынан өзгеше бірнеше дыбыстық вариантта айтылуы мүмкін" [8,6 б.]. Тіл білімі сөздігінде дублет терминіне мынадай анықтама берілген: "Дублет – тіл единицаларының бір түрі, мағынасы мен айтылуы жағынан біршама жақын келетін өзара түбірлес сөздер. Дублеттер лексикалық, морфологиялық, сөз жасаушы, синтаксистік, стильдік, фразеологиялық, этимологиялық болады" [ТБС, 120 б.]. Бұдан дублет термині тілдің барлық қабатынан көрініс табатын жарыспалықтың барлық түріне қатар қолданылып тұрғанын көреміз. Вариант сөзінің тілдегі барлық жарыспалы өзгерістерді қамтитынын ескерсек, вариант терминінің орнына дублет сөзінің жарыса жұмсалуды түсініксіз. Тіпті бұл екі терминнің тілші ғалымдар тарапынан бірізді қолданылмай жүргенін байқаймыз. Мәселен Ш. Ш. Сарыбаев, О. Нақысбеков "Қазақ тілінің аймақтық лексикасы" деп аталатын еңбегінде

вариант, дублет терминдері қатар қолданылады, тіл категориялары тұрғысынан "фонетикалық, лексикалық, грамматикалық дублеттер" деп бөледі де, осы топтардың әрқайсысына сипаттама беруге келгенде "әдеби варианттар, әдеби-қарапайым варианттар, орфографиялық варианттар, әдеби-диалектілік варианттар" [9,28 б.] деп қарастырады. И. Қ. Ұйықбаев "Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы" атты еңбегінде: "Орфографиялық дублеттердің ішінде сөз жасаушы варианттар да кездеседі", – деп жазады [7,48 б.].

Ендеше, біздің алдымызда тұрған міндет – лингвистикалық әдебиеттерде қатар қолданылып жүрген осы терминдердің негізгі айырым белгілерін анықтап, бірізділікке түсіру. Бұл туралы ғалым Ә. Болғанбаев: "Тілімізде жарыса қатар айтылып жүрген варианттар немесе дублеттер дараланып бөлінетіндігіне еш күмән жоқ", – дейді [10,62 б.]. Дублет пен вариант терминдерін ажыратып қолдану жайлы пікірді И. А. Короленко мен С. Бизаковтың еңбектерінен кездестіреміз.

Жалпы алғанда "вариант" термині – белгілі бір құбылыстың әр түрлі айтылуы ретінде (инварианты) түсіндіріліп келеді. Алғаш рет вариант ұғымы лингвистиканың фонология саласында қарастырылған. "Бір фонеманың әр түрлі дыбысталуын вариант деп белгілеген, ал фонеманың өзін инвариант деп түсінген. Инвариант бірліктерін белгілеу үшін эмикалық терминдер қолданылады: фонема, морфема, лексема т.б. Ал вариант бірліктерін белгілеу үшін – фон немесе аллофон, морф немесе алломорф, лекса немесе аллолекса т.с.с. қолданылады" [ТБС.,42 б.]. Сонда "вариант" ұғымы бір үлгінің өзгерген түрі ретінде қарастырылса, "инвариант" ұғымы варианттың дамыған, тереңдетілген, жеке объект ретінде өмір сүрмейтін абстракцияланған түрі болады.

Вариант сөзінің қазақша баламасы ретінде айтылып

және жазылып жүрген "жарыспа, жарыспалық" сөзін лингвистикалық әдебиеттерден кездестіруге болады. Тілдік қабаттың барлығында жарыса қолданысқа түскен тілдік бірліктерді жалпылама ұғыммен жарыспа сөздер деп тани отырып, фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жарыспалар деп қолдануға болады.

Тұлғасы мен түбірі бір сөздің түрленуі вариант қатарларын түзуге себепкер болады. Жарыспалықтың құрамы жарыса қолданылатын екі немесе одан да көп сөздерден тұрады. Яғни жарыспалық құрамындағы сөздердің негізгі өзегі – жарыспалы сөздер. «Вариант» терминін морфемдік құрамы бір сөздің мағыналық тепе-теңдігіне нұқсан келтірмей, өз ішінен фонетикалық, грамматикалық өзгеріске ұшырауынан түзіледі деп тұжырымдауға болады: *ештеме // ештеңе, затым // зәлім, баратын шығармын // барам шығар, қабылан // қаблан* т.б.

Ал дублет терминінің жарыспалықтың лексикалық түріне қолданудағы негізгі айырым белгісі – лексикалық мағынасы бір болғанмен, тұлғасы және түбірі әр басқа сөздер екендігінде. Мыс: *дәке // мәрлі, тәулік // сәтке, дуадақ // тоқтыбалақ // қозыбалақ, өңеш рағы // қылтамақ, т.б.*

Бір сөздің ішкі өзгерісінен туған вариант қатарларының түбірі мен тұлғасы бір сөздің немесе қосымшасының дыбыстық не грамматикалық өзгерістен түзілетін бірліктер болғандықтан, тілдің барлық қабатында қолданылады. Ал дублет сөздер көбінесе тілдің лексикалық қабатында жұмсалады. Демек, дублет ұғымы вариант ұғымына қарағанда әлдеқайда тар. С. Бизақов дублет пен вариант терминінің жалпыға белгілі ерекшеліктерін айта келіп, "дублет" пен "вариант" терминдеріне тән мынадай айырым белгілерін саралап көрсетеді:

1. Дублет – француз сөзі, қазақша екі, кос деген ұғымды білдіреді. Ал варианттылыққа (латынша - өзгергіш, түрін ауыстыру) мұндай шек жоқ. Демек дублет қатарының екі сыңары ғана болса, сөздің фонетикалық варианты екеу де, одан да көп бола беруі мүмкін. Мыс: *ішдеме//іштеңке//ештеңке//ештеме* – бұларды фонетикалық дублеттер демей, бір сөздің дыбыстық варианттары деп атау орынды.

2. Дублеттер мағыналық тепе-теңдікті білдіргенмен, әр түрлі түбірден жасалған сөздер. Ал фонетикалық варианттар бір сөздің түрліше дыбыстық ауытқуынан түзілетіні белгілі.

3. Дублеттердің бір сыңары бұрыннан қолданылып келе жатқан төл сөз болса, екінші сыңары кірме сөз болуы мүмкін. Немесе бір сыңары ертеде еніп, өз төл сөзіндей боп кеткен кірме сөз де екінші сыңары кейінірек кезде енген басқа тіл элементі болуы мүмкін. Мыс: *қауын // діңке, тәулік // сомке, үлгі // бәйра*. Ал варианттылықта бұған керісінше, кірме сөздің де, төл сөзінің де өз алдына бөлек вариант қатары болады. Мыс: *аптека // аптек // аптек // аптiek*.

4. Дублеттер мен варианттар мағыналық тепе-теңдіктегі сөздер деп есептелгенімен олардың семантикалық даму бағытында елеулі өзгешеліктер болса керек. Дублеттер синониммен тығыз астасып жатады. Ал фонетикалық варианттардың мағыналық саралануы тек синонимдермен ғана емес, паронимия, полисемия, омонимия тәрізді тіл категорияларымен де байланысты. Себебі фонетикалық варианттардың синонимге айналуы сирек.

5. Фонетикалық варианттардың көлемі де дублеттермен салыстырғанда әлдеқайда үлкен. Оның бірнеше себебі бар: а) Сөздің фонетикалық варианттары әр түрлі ішкі және сыртқы факторлардың тілге тигізген

әсерінен көптеп түзіліп келеді. Ал дублеттердің саны олардан қашан да аз болғаны анық. ә) Дыбыстық варианты бар сөздердің саны өте көп болуының тағы бір себебі олардың ауызекі сөйлеу тілінде ұзағырақ сақталуынан да болса керек. Ал дублеттердің әдеби тілден тірек таба алмаған артық сыңарының қолданудан шығып қалуы олардан әлдеқайда жылдам [8,17-18 бб.].

Жоғарыда сараланған бұл айырым белгілерді біз де құптай отырып, дублет сөздердің тек екі сыңары ғана болады деген пікірге келісе алмаймыз. Себебі дублеттік қатарлар көп жағдайда екі мүшелі болғанмен, тілде пайда болу мен қалыптасу жолдарына қарай вариант сөздер сияқты екі немесе одан да көп мүшелі сыңарлардан түзіледі. Лексикалық дублет қатарындағы сөздердің санына қарай шартты түрде төмендегідей топтарға бөлуге болады:

а) екі сыңарлы қатарлар: *күнжіт // зығыр, нағашы // таға* және т.б.

ә) үш сыңарлы қатарлар: *дуадақ // тоқтыбалақ // қозыбалақ; қысқаш // әтешкір // мәстемір* және т.б.

б) төрт сыңарлы қатар: *бәкі // шаппа // забиял // мұштар*.

в) бес сыңарлы қатарлар: *жұқа нан // жайма нан // қамыр // іңкәл // күлшетай* және т.б.

Бұл дублеттік қатарларды құрамына қарай шартты түрде бөліп отырмыз. Себебі үш сыңарлы қатардағы сөздердің қосымша сыңары табылса, не өзге мағыналық реңкке айналса, дублеттік құрам қатары артып не төрт сыңарлы, не кеміп екі сыңарлы дублет қатарына ауысып кетеді. Сонымен вариант пен дублеттерді бір-бірінен ажыратудағы ең басты айырым белгі – жарыса қолданысқа түскен сөздердің түбірі мен тұлғасында екен.

Тіл білімінде лексикалық дублеттер кейде абсолютті синонимдер деп те беріледі. Лексикалық

дублеттерді "абсолютті синонимдер" деп атаудың өзі осы екі категорияның ара-жігін ажыратудағы қиындықты аңғартып тұрған сияқты. Біздің ойымызша, бұлар – синонимдерден гөрі лексикалық дублеттерге жақын тұрған бірліктер. Өйткені синоним деп аталу үшін синонимдік қатардағы сөздер бір-біріне мағына жағынан барабар, бірдей болмай, не мағыналық, не стильдік реңктерге ие болуы шарт. Ал толық синонимдер, яғни, абсолютті синонимдер не мағыналық, не қолданылу өрісі жағынан ерекшеленбейтін жалпы халыққа түсінікті сөздерді құрайды: *ұйқассыз өлең // ақ өлең, біріккен сөз // сөзқосым* т.б.

Ал, лексикалық дублет пен абсолютті синонимдер арақатынасына келсек, біріншіден, екеуіне де ортақ белгі – мағыналық тепе-теңдік. Екіншіден, лексикалық дублеттердің бір сынары көбінесе говораралық құрамды қамтитындықтан, жалпыхалықтық сипатқа ие бола бермейді. Ал абсолютті синонимдерді жалпы халыққа түсінікті сөздер деп танимыз. Себебі бұлар тілде қолданыла келіп, жалпыхалықтық сипатқа ие болады. Үшіншіден, лексикалық дублеттер не стильдік реңкі, не қолданылу өрісі жағынан ерекшеленсе, абсолютті синонимдер не стильдік, не қолданылу өрісі жағынан ерекшеленбейді. Олар тек бейтарап стильде ғана қолданылады. Сонда абсолютті синоним деп жүргеніміздің өзі – лексикалық дублеттер болып шығады. Бұдан шығатын қорытынды: лексикалық дублеттерді өз ішінен не стильдік реңкі, не қолданылу өрісі жағынан ерекшеленетін дублеттер және стильдік реңкі мен қолданылу аясы жағынан ерекшеленбейтін дублеттер деп топтастыруға болады.

Тақырып бойынша сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Вариант сөздер дегеніміз қандай сөздер? Оның қандай түрлері бар?

2. Лексикалық дублет дегеніміз не? Лексикалық дублет пен вариант сөздердің айырмасы туралы тілші ғалымдардың пікірі қандай?
3. Лексикалық дублеттерді қандай топтарға бөліп қарастыруға болады?
4. Абсолютті синонимдер дегеніміз қандай синонимдер, лексикалық дублет пен абсолютті синонимдердің арақатынасын неден көруге болады?
5. Берілген арнаулы сөздердің терминдік мағынасын жазыңыз: синоним, абсолютті синоним, вариант, дублет, лексикалық мағына, грамматикалық мағына, ұғым, мағына, сөз.

Әдебиеттер:

1. Ахманова О. С. Словарь лингвистических терминов. – М., 1969. – 607 с.
2. Швейцер А. Д. Вариантность языковой нормы в территориальном и социальном плане // Сборник научных трудов Моск. гос. пед. инс-та иностр. языков им. М. Тореза. – М., 1973. – N73. – С.78-83.
3. Шендельс Е. И. Многозначность и синонимия в грамматике. – М., 1975. – 153 с.
4. Реформатский А. А. Введение в языкознание. – М.: Учпедгиз, 1960. – 261 с.
5. Шанский Н. М. Лексикология современного русского языка. – М., 1964. – 105 с.
6. Рогожникова Р. П. Варианты слов в русском языке. – М.: Наука, 1966. – 220 с.
7. Ұйыкбаев И. Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы. – Алматы: Ғылым, 1976. – 141 б.
8. Бизаков С. Тілдік норма және варианттылық. – Алматы: Ғылым, 1997. – 207 б.
9. Сарыбаев Ш., Накысбеков О. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. – Алматы: Ғылым, 1989. – 187 б.
10. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі зат есімдік синонимдер. – Алматы, 1957. – 88 б.

2 - тақырып. Лексикалық дублеттер және оның пайда болу жолдары

Тірек сөздер: мағыналық тепе-теңдік, семантикалық дифференциация, әдеби норма, дублеттік қатар, әдеби дублеттер, әдеби-диалектілік дублеттер, әдеби-ауызекі тілдік дублеттер, морфема, ұқсату заңы.

Сөз варианттарына байланысты мәселелерге ғалымдар ертеден-ақ назар аударған. Олардың ішінде орыс ғалымдарынан В. В. Виноградов, А. И. Смирницкий, Ф. П. Филин, С. Горбачевич, Р. П. Рогожникова, О. С. Ахмановалар бар. Қазақ ғалымдарынан М. Балакаев, Ш. Сарыбаев, Ж. Болатов, Ә. Болғанбаев, Р. Сыздыкова, Р. С. Әміров, Б. Қ. Қалнев, Б. Сағындыков, Г. Смағұлова, М. Атабаевалардың еңбектерінде сөз варианттары, дублет сөздер мәселелері сөз болып отырады.

И. Ұйықбаев, С. Бизаковтардың монографиялық еңбектерінде сөз варианттарының әдеби тілге әсері, вариантты сөздердің нормалық мәселелері және олардың жекелеген түрлерінің тілде пайда болу және қалыптасу жолдары қарастырылады.

Алғаш рет жарыспалық мәселесі туралы сөз қозғаған философ ғалымдар болды. Оған Платонның, әл-Киндидің вариантқа байланысты айтқан пікірлері дәлел бола алады. "Поскольку в нашей речи встречаются синонимы, как например железное орудие, предназначенное для резания называют и "ножом", "резакон", то "единое" говорится также применительно к синонимам, так можно сказать: нож и резак – едино, но такое единое также множественно, ибо множество присущи элементу этого единого, и потому что сказывается о его элементе. Так железному орудию, предназначенному для резания (а это орудие есть элемент синонимов, "нож", "резак", и "косарь") присущи делимость и множественность. Точно

так же множественность присуща и именам, которыми они называются, следовательно, истинно единое – это не синонимы" [1, с. 99]. әл-Киндидің "шын бірлік" дегені – "сөз варианты болады", – дейді И. Ұйықбаев [2, 12 б.]. Бұл құбылыс әлем тілдері, соның ішінде қазақ тіліне де тән. Вариант сөздер ауызекі сөйлеу тіліне де, әдеби тілге де, әсіресе диалектілік лексикаға тікелей қатысты. Себебі варианттылық пен дублеттер диалектілер жүйесінің құрамдас бөлігі бола отырып, көпшілігі говораралық құрамды камтиды. Сондықтан да болар диалектолог ғалымдар вариант, дублет мәселелеріне тоқталмай өтпейді. Өйткені жарыспа сөздердің әдеби тілдегі нұскасының қалыптасу барысында бір ерекшеліктер әдеби тілге еніп, оны байытып жатса, енді бірқатар аймақтық сөздер әдеби тілді шұбарлап оның нормалануына кедергі жасайды. Көптеген жарыспа сөздердің әдеби тілде қатар қолданылуынан олардың әдеби нұскасы осы күнге дейін анықталмай келе жатыр. Әдеби нормалардың қалыптасу процесінде жарыспалықтың болуы заңды құбылыс ретінде танылады.

Тіл-тілге ортақ заңдылық бойынша ықшам, жинақы қолданыстар (варианттар) тілдің коммуникациялық қызметіне қолайлы көрінеді. Тілде өмір сүруші осы формалар тіл білімінде тілдің варианттылық теориясын құрайды", – дейді Н.Уәлиев [3, 175 б.].

Бір ғана зат, құбылыс, іс-әрекет атауларының осылай жарыса қолданылуы норма тұрғысынан құпталмайтын жайт. Дегенмен, жарыса қолданысқа түскен бірліктер уақыт өте келе мағыналық саралануға ұшырап, тілдің қажеттілігіне сәйкес қосымша қызметке ие болып, тіл мәдениетін арттыруға, көтеруге өзіндік үлесін қосып отырады. Әдеби тіл дамуының белгілі бір кезеңінде норма компромистік қасиетке ие болып, екі немесе үш баламалары берілуі мүмкін. Бұл ерекшелік нормалау практикасында өте елеулі кезең деп саналады.

Лексикалық дублеттерді семантикалық дифференциация арқылы бір сыңарына бір мағына, екінші сыңарына екінші мағына беріп, екеуін екі басқа мағынада жұмсау арқылы қажетке жарату – әдеби тіл дәстүрінде бар құбылыс. Мұндағы мақсат – жарыса қолданылатын сөздердің тиімдісін негіз етіп нормаға айналдыру да, басқаларын орайына қарай жөнін тауып қолдану. Бұл мәселенің қиын жағы – нормалаудың принциптерінде. Жарыса қолданылып жүрген дублеттердің біреуін сол заттың атауы ретінде жазба әдеби тілдің нормасы етіп тұрақтандыру қажет. Мәселен, Жетісу қазақтары әйелдің көйлегін *көйлек* дейді де, еркектің көйлегін *жейде* деп, екеуін екі түрлі атаумен атайды. Ал оңтүстік тұрғындарының тілінде еркектің көйлегі болсын, әйелдің көйлегі болсын, бәрін *көйлек* дейді. Әдеби тілімізде еркек көйлегінің баламасы жоқ атау ретінде *жейде* сөзі тілімізге еніп қалыптасты. Сөйтіп бір кездері жарыса қолданысқа түскен *жейде*, *көйлек* сөздері қазіргі кезде мағыналық саралануға ұшырап, екеуі екі бөлек зат ұғымын білдіреді. Алайда дәл осы құраммен бұлар ауызекі сөйлеу тілінде дублеттік қатар түседі. Бұл нормадан жөнсіз ауытқу болып саналады.

Э. Косериу әр түрлі тілдік бірліктерді қолдануда, ең алдымен, “тілдік норма тұрақтандырушы қызмет атқарады”, – дейді [4, с.17]. Қоғам дамыған сайын тілдегі элементтердің тиімділігі, тілге жатықтылығы, үйлесімділігі, адамның ой-пікірін жеткізуге жарамдылығы ескеріліп, қолданыла келе сұрыпталып, жалпыхалықтық сипат алып, әдеби нормаға түседі. Жарыса қолданып жүрген сөздердің әдеби сыңарын орнықтырудың тіл мәдениетін арттыру үшін, әдеби тілдің дамуы үшін айрықша маңызы бар.

Жалпы тіл білімінде жарыспалы сөздерге байланысты айтылған теориялық мәселелердің қазақ тіліне қатысы жоқ деп айта алмаймыз. Себебі жарыспалықтың нақты анықтамасын беруде, өзіне тән

белгілерін айқындауда, олардың пайда болу себептерін, қалыптасу жолдарын көрсетуде көмегін тигізері анық.

Орыс тіл білімінде алғаш рет жарыспалардың теориялық мәселесіне көңіл аударған В. В. Виноградов пен А. И. Смирницкий: “Варианттар – семантикалық бірлігін сақтай отырып, сөздердің дыбыстық және морфемалық жүйесі жағынан түрленуі, оған стилистикалық, экспрессивтік реңк тән”, – дейді [5,45 б.]. П. Р. Рогожникова: “Варианттар – сөздердің фонетикалық, морфологиялық жағынан түрленуі, яғни, лексикалық мағынаға нұқсан келтірмей, сөздің сыртқы тұлғалық жағының түрленуі”, – десе [6,11 б.], “Жалпы тіл білімі” авторларының бірі В. И. Кодухов: “Варианттылық – тілдің нақты тарихи құбылыс екенін танытатын белгі” дей келе, “тілдік норма мен тілдік жүйе сөйлеушінің сөйлеу әрекетін басқарады, халық тілі – тілдік жүйе мен тілдік норманың күрделі қарым-қатынасының нәтижесі. Бірақ бұл қатынастың күрделілігі кез-келген тілдік жүйені әр түрлі тасымалдайды. Сөйтіп тілде көптеген хронологиялық қабаттар, бір-бірімен қатар өмір сүретін жарыспа сөздерді туғызады”, – дейді [7,54 б.]. Бұған дәлел ретінде, қазіргі орыс тіліндегі есім сөздердің көптік формасы /-и, -я, -ы, -а/ әр түрлі дәуірде пайда болған грамматикалық варианттарды /*соседи, друзья, командиры, стола*/ келтіруге болады. Н.Н.Семенюк: “Жарыспалық деп – белгілі бір тілдегі лексеманың, сөз формасының немесе синтаксистік конструкциясының бірдей, яғни, беріліп отырған бірліктердің негізгі лингвистикалық мағынасының өзгермеуін” айтады [8,31 б.].

Орыс тіліндегі варианттылық туралы біраз зерттеу еңбектерін жазған К.С.Горбачевич варианттылықтың пайда болуының төмендегідей ішкі және сыртқы себептерін айқындайды:

1. Аналогия факторының әсері (парадигматика мен синтагматика); мазмұн мен түрдің біркелкі дамымауының салдарынан туған түр мен мазмұнның сәйкессіздігі; тілдің даму процесіндегі қолдану аясының тереңдігі; үнемдеу тенденциясы (материалдық немесе ойлау бағытында); дыбыстың айтылуын жеңілдету үшін буындағы дыбыстардың өзгеруін жатқызады.

2. а) Территориялық диалектінің әсерін, ә) тілдің басқа тілдермен байланысын сыртқы себептерге жатқызады [9,24 б.].

Қазақ тіл білімінде жарыспа сөздер жайлы алғаш сөз еткен ғалымдардың – бірі Ш. Сарыбаев. Ғалым қазақ тілі жөніндегі зерттеулерінде жарыспалық мәселесіне ерекше көңіл бөлген. Ол дублеттік тұлғаларды әдеби тілге қатысы жағынан үлкен екі топқа бөліп қарастырады: 1. Әдеби дублеттер. 2. Диалектілік-әдеби дублеттер.

Әдеби дублеттерге әр сынары әдеби тілде қолданылатын және белгілі бір таралу аймағымен шектелмейтін *бірдеме//бірдеңе, разы//риза//ырза* сияқты дублеттерді жатқызса, диалектілік дублеттердің белгілі бір таралу шегі болғандықтан, оларды іштей екі топқа бөледі:

а) Әдеби компоненті айқын дублеттер; бұл дублеттердің әдеби компоненті анық көрініп тұрады және ол жергілікті тіл ерекшелігіне қарсы тұра алады: *жүгері // борми // норми // көмбеқонақ*.

ә) Әдеби компоненті айқындалмаған дублеттерге *айқай // айғай, балуан // палуан* дублеттерін жатқызады [10,42 б.].

Р. Сыздықова “Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі дублеттер жөнінде” атты мақаласында: “Дублеттерді, ең алдымен, қолданылу сипатына қарай үш топқа бөлуге болады. Олар: *әдеби дублеттер, әдеби-диалектілік дублеттер, әдеби-ауызекі тілдік дублеттер*”, – деп көрсетеді. Сөйтіп бұлардың алғашқысына жазба

әдебиетте қатар қолданылып жүрген варианттарды, екіншісіне белгілі бір аймақтағы және сол аймақтың баспасөзінде, акын-жазушылар шығармаларында кездесетін жергілікті сөздер мен оның әдеби нормасы жарыса қолданылатындарын жатқызады. Ал үшіншісіне күнделікті сөйлеу тәжірибесінде кездесетін қарапайым сөздердің, олардың әдеби нормаларымен параллель жүргендері кіреді", – дейді [11.28 б.].

И. Қ. Ұйықбаев "Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы" атты еңбегінде сөз варианттары тілдік дәрежелерде сараланып қарастырылады, яғни, фонетикалық, лексикалық, семантикалық, грамматикалық, стильдік, орфографиялық, орфоэпиялық, фразеологиялық варианттар нақты тілдік материалдар негізінде талданады. Сөз варианттарының жасалу, даму және қолданылу заңдылықтары айқындалып, олардың әдеби нормаға қатысы, нормадан ауытқитын жағдайлары да қарастырылады. Осы еңбегінде ғалым "Әрбір тілде сөз варианттарының болуы – заңды құбылыс, сондықтан сөз варианттары тілдің байлығы деп бағаланады", – дейді. Біз ғалымның соңғы пікірімен келісе алмаймыз, себебі тілде жарыса қолданысқа түскен сөздер әдеби тілді байытуға емес, шұбарлауға алып келеді. Сөйтіп ғалым лексика-семантикалық дублеттердің пайда болуының мынадай себептерін айқындайды:

1. Жеке сөздердің бір-біріне вариант болуы: *құрттай // құртымдай // құртақандай // құртамныңтай // қиттай // құйттай // құйтқандай*.

2. Жеке сөздердің сөз тіркесіне вариант болуы: *кежекдар // еркек үйрек, алтайы // қызыл түлкі*.

3. Сөздердің толық түрі мен қысқарған түрінің вариант болуы: *өнебойы // өнбойы, алтайы // қызыл түлкі*.

4. Әдеби сөздер мен диалектизмдердің вариант

б. ауыл әкпш // күйенте // ынаған

1. Беймаңк өзбалаңттер: бәт // оқушылар, олар // алуғыншылар [2, 16-35 бб.].

6. Басқа тілдерден келген сөздердің варианттылығы олардың байырғы сөздермен жарысын қолданылуы баша // жайлау жай, парикмахер // шаптарыз

Атудағы алтайы - қызыл түлкі, өз - оқушылар, олар - жұмысшылар, кезекдар - еркек үйрек тегі контекстік, поэтикалық стильде ситуациялық жағдайға байланысты қолданылып тұрғанда ғана жарыспалық түзуі мүмкін, жеке сөз ретінде бұлардың мағыналық нақтылығының бірдей дәрежеде емес екенін байқаймыз.

Г. Смағұлованың "Фразеологизмдердің варианттылығы" атты еңбегінде фразеологизмдердің варианттылық қатар құруы, оның пайда болу себептері мен жасалу жолдары, қолданылу ерекшеліктері, тілдік норма мен фразеологизм варианттарының арақатынасы туралы сөз болады. "Вариант сөздер сөйлеушінің еркіне қарай, саналы түрде емес, автоматты түрде (дағдылы) таңдалады және синонимдер сияқты ұдайы пайдаланылады. Фразеологизмдер құрамынан да варианттылық қатар жинағырасады. Мысалы: Түлкі бұлаңға салу // түлкі бұлаққа салу; жаны сірі // жаны сіріден жасалған // жаны сіріден берік // жаны сірідей", -- деп жазады өз еңбегінде ғалым [11, 176].

С. Бизаков "Тілдік норма және варианттылық" деген еңбегінде вариантты сөздердің зерттелу жайы, фонетикалық варианттардың қалыптасу, өзгеру жолдары мен түрлері, қолданыстық ерекшелігі, вариант пен дублет терминдерінің өзіне тән айырым белгілерін айқындау, варианттылықтың әдеби тілге әсері жайлы айта келіп, сөз варианттарын нормаластыру принциптерін қарастырады.

Біздің қарастырып отырған мәселелеміз -- жарыспалықтың лексикалық түріне арналғандықтан, тіл тілде кездесетін лексикалық дублеттердің шығу

себептері мен қалыптасу жолдары қандай деген сұрақ туады. Жоғарыда берілген пікірлерден жарыспалардың ең жиі қолданылатын орны – ауызекі сөйлеу тілі, говораралық құрам, көркем әдебиет, баспасөз тілі екенін ескерсек, онда олардың пайда болу себептері де түсінікті. Мәселен, Г. Глисон: “Тілдегі жарыспа тұлғалардың пайда болуы – тілдік жүйенің қызметінде әр уақытта туып қалыптасқан элементтер. Яғни бір ғана ұғымды білдіретін ескі форманы қалыптасқан жаңа форма бірден ығыстырып шығара алмайды, сол себепті, ескі форма мен жаңа форманың қатар жүруімен, кей жағдайда тілдік норманың бекіткен формасының қатар жүруімен түсіндіріледі”, – дейді [12,45 б.]. О. И. Блинова: “Жарыспаларды диалектілер жүйесінің бір белгісі деп танып, лексикалық дублеттердің говорларда пайда болуын сөйлеу тілінің ауызекі формасы мен говорлардың әдеби тілмен және басқа тілді диалектілермен байланысуының негізінде түсіндіреді. Әсіресе, сөздердің лексика-семантикалық түрленуінде уәждеме құбылысының ролі ерекше, себебі бірде-бір жарыспалар уәждемесіз туындамайды”, – дейді [13,146-147 бб.]. Мотивация құбылысын жан-жақты зерттеген И.О.Блинова уәждемелік – тілдік және тілден тысқары болмыстың мүмкіндігін түсіндіреді дей келе, лексика-семантикалық дублеттердің уәждемелік қатынасы метафоралық, метонимиялық жолмен іске асатындығын атап көрсетеді. Б.Қ.Қалиев те синонимдік, дублеттік лексемалардың пайда болу себепін уәждемелік белгілерінен іздейді. “Главную причину возникновения синонимичных и дублетных лексем надо искать в особенностях мотивации НР в языке. Предположим что несколько человек видят какое-то новое, ранее неизвестное растение. Каждый из них, как правило, называет его по тому признаку, который он считает

наиболее характерным для этого растения" (это зависит от ассоциации и фантазии конкретного человека)" [14,с.115]. Ғалым қазақ тіліндегі өсімдік атауларының лексикалық дублет қатарларын құруының мынадай жолдарын көрсетеді:

1. Атау сөз әр түрлі уәже сүйеніліп жасалынады. Мысалы: *жолжелкен* (уәжі – өсетін жері) // *иманжапырақ* (дәрілік қасиеті) // *мыңтамыр* (тамырының көптігі) // *қозықұлақ* (пішіні) // *бақажапырақ* (азықтығы) т.б.

2. Шығу көзі (әдеби, диалекті, жаңа, көне т.б.) әр түрлі болады. Мысалы: *қауын* (әдеби тіл) // *діңке* (жергілікті).

3. Басқа тілден ауысып келіп, өз тілімізде бұрыннан бар атаулармен жарыса қолданылады. Мысалы: *қырыққабат* (қаз.) // *кәрәм* (пар.) // *капуста* (ор.) т.б. [14,100 б.].

Жоғарыда көрсетілген факторларды ескере отырып, тілімізде лексикалық дублеттердің пайда болуының мынадай жолдарын көрсетуге болады:

– әдеби сыңары айқын және айқын емес сөздердің жарыса қолданылуы;

– кірме сөздер мен халықтық атаулардың жарыса қолданылуы,

– жаңа сөздер мен байырғы сөздердің жарыса қолданылуы;

– халықтық атаулар мен терминдердің, кәсіби сөздердің жарыса қолданылуы.

Сөз мағынасының тепе-теңдігіне құрылған тілдік бірліктер сөйлеу тілінің барлық аясынан көрініс табатындықтан, олардың қолданыстық сипатын *әдеби*, *әдеби-диалектілік*, *әдеби-ауызекі тілдік* дублеттер деп топтастыруға болады.

**Тақырыптың башында сұрақтар мен
тапсырмалар:**

1. Әдеби тілге қатысты жаттығу дублеттерлі тілші
толығалар қандай топтарға бөліп қарастырады? Мысал
келтіріңіз.

2. Денесеміздік дублеттерді қолданылу сипатына
сәйкестендіріп қарастыруға бола ма?

3. Тілдегі вариантиздық пен дублеттік қатардың
құраушы әсер ететін ішкі факторлар және тілші
қатынастардың көзқарасы?

4. Тілдегі вариантиздық пен дублеттік қатардың
құраушы әсер ететін сыртқы факторлар және тілші
қатынастардың көзқарасы?

5. Берілген арнаулы сөздердің анықтамасы мен
сөмбілік мағынасын жазыңыз: семантикалық
дифференциация, әдеби норма, дублеттік қатар, әдеби
дублеттер, әдеби диалекттік дублеттер, әдеби-ауызғы
тілдік дублеттер, морфема, ұқсастық.

6. Денесеміздік дублеттердің құраушы әсер ететін белгілі
сұрақтардың үшденісін белгілеңіз. Мысал келтіріңіз.
Сыныптың дәлелдеңіз.

Дублеттер:

1. Алл Киндс (1) первой филологич. Избрание
проектирование микротелескопа (Киндс) и Среднего
Палеолита. (X-XIV вв. до н.э.) Изд. Социально-
экономической литературы, 1961. - С.99-100.

2. Утықов Б. К. Қазіргі қазақ тіліндегі сөз
варианттарының классификациясы // Қазақ тілі мен әдебиеті.
Алматы, 1974. - С.38-40 бб.

3. Утықов Б. К. Сөз моделінің - Алматы. Мектеп,
1984. - 116 б.

4. Косарев Э. О. Фонетический и диалектологический // В сб.
Словарь по лингвистике. - М., 1963. - С.98-103.

5. Самарский И. И. К вопросу о слове. (Проблема
единства слова) // Труды института языкознания.
1974. - С.82-85.

6. Косарев Э. О. Общее языкознание. М.: Наука,
1974. - 260 с.

7. Самарский И. И. Некоторые вопросы изучения
вариантности // ЯЗ. - 1963. - №1. - С.53-61.

8. Косарев Э. О. Вариативность слова и языковая
норма // Ленинградская наука. 1978. - 237 с.

9. Самарский И. И. К вопросу о нормализации
дублетных вариантов в казахском и уйгурском
языках // Кавказ и уйгур тит білімі мәселелері.
Алматы, 1963. - Т.3. - С.22-23.

10. Сыдықова Р. Р. Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі
дублеттер жөнінде // Тіл моделінің және баспасы.
Алматы, 1968. - 70-71 бб.

11. Сәдуақасов Г. Н. Фразеологизмдік варианттар.
Алматы: Санат, 1996. - 126 б.

12. Гусев Г. Введение в дескриптивную
лингвистику. - М.: Наука, 1959. - 156 с.

13. Бинбаев О. И. О тождестве слова в диалектах
казахского языка // Вопросы русского языка и его говоров.
Томск, 1968. - С.23-29.

14. Касиев Б. К. Лексико-семантическая
морфологическая структура названий растений
казахского языка. - Алматы: Мектеп, 1996. - 168 с.

3 - тақырып. Диалектілік лексика мен әдеби лексиканың дублеттік қатар түзуі.

Тірек сөздер: диалектілік лексика, әдеби лексика, әдеби нұсқа, этимология, мотивация, әдеби-диалектілік дублеттер.

Қай тіл болмасын, сөз тілде жергілікті тіл ерекшеліктерінің болуының негізгі бір себебі – өмір сүріп отырған ортасы, айналысатын кәсібі, әлеуметтік тіршілігі, тілдердің көршілес өмір сүруі, зат, құбылыс атауларының түрліше дыбысталуына байланысты. Бұған мысал ретінде жергілікті сөйленістердегі *қораз* сөзін айтуға болады. *Қораз* сөзінің төркіні – парсы тілі. Бұл атауды ол өзіне тән қасиеттердің бірі – айкайлау, шақыруға байланысты иеленсе керек. Парсы тілінде “хоруш – “айкайлау” мағынасын ұғындырады екен. Ал *әтеш* сөзінің түбірін “ата” деп алсақ, бұл түбір ноғай, башқұрт, татар тілдерінде “жануарлардың еркегі” деген мағынаға ие. Біз қаздың еркегін “ата қаз” деп атаймыз. Сондықтан “әтеш” сөзін “атас” тұлғасының дыбыстық өзгеріске түскен түрі деуімізге әбден болады”, – дейді Ә. Нұрмағамбетов [1, 49 б.].

Сол сияқты *жұмыртқа* // *тұқым* // *мәйек* // *мая* лексикалық дублеттерін алайық. Бұл дублеттердің әдеби нұсқасы анық және жергілікті тіл ерекшелігіне қарсы тұра алады. Дублет құрамындағы *жұмыртқа* сөзі жалпыхалықтық сипат алып, әдеби тілде норма болып қалыптасқан. Бұл сөздің өзге түркі тілдерінде “тас-йумурда”(түркіменше), “йумурта” (түрік), “йумуртға-йумурка-йумурда” [ДТС, 25 б.] – “яйцо” айтылуы жағынан дыбыстық алмасулардың бар екені байқалады. Ал “тұқым” сөзі жұмыртқа мағынасында Жамб., Шым., обл. тұрғындары тілінде қолданылады. Тұқым сөзінің

жергілікті тілде жұмыртқа мағынасында қолданылуы – парсы тілінің әсері екенін байқаймыз. Парсы тілінде “тохм” сөзі “ййцо, семья” мағынасын білдіреді екен [Қр.тол.сл.а-и.з.с., с.280]. Бұның өз кезегінде көрші өзбек тілінің әсері екенін байқау қиын емес. Ал *тұқым* сөзінің қазақ тіліндегі негізгі мағынасы: адамзат, жан-жануарлардың нәсілі, ұрпағы, тегі, әулеті және өсімдіктердің себуге арналған ұрығы.

Мәйек//мая сөздері жұмыртқа мағынасында Сем., Көк., Ақ., Қарақалпақ қаз., Түркімен қазақтары тілінде қолданылады. Бұл атаулар Қарақалпақ, Түркімен қазақтары тіліне өзбек, қарақалпақ тілінен енген. Өзбек тілінде – *маяк*, қарақалпақ тілінде – *мәйек* түрінде айтылады. Енді бұл сөздердің шығу тегіне келсек, араб-парсы тілдерінен негіз алатынын байқаймыз. Парсы тілінде “майғ – ұйытқы, ашытқы”, ал араб тілінде “майег – сұйық, сұйықтық” дегенді білдіреді екен [Н.Оңғ., ПҚТС, 274 б.]. Шын мәнінде, жұмыртқаның алғашқы күйі – уыз іспеттес сұйықтығынан ауыспалы мағына ретінде “мәйек”, “мая” атауын алуы мүмкін. Ал оның жергілікті тіл ерекшелігінде бірде “мая”, “мәйек” болып тұлғалануы соңғы “г” дыбысының түсіріліп не түсірілмей айтылуына байланысты.

Сондай-ақ, әдеби тілде қолданылатын *сіріңке* сөзінің жер-жерде *күкірт* (түр-түсіне)//*шырпы* (формасына) // *оттық, шақпақ* (қызметіне) // *ши шақпақ* (әрбір бөлшектеріне) // *спешке* (кірме) түрінде кездеседі. *Сіріңке* сөзінің осылайша бірнеше атауларға ие болуы осы бір ғана заттың түрлі қасиет-белгілеріне қарай танылуында болып отыр. Лексикалық дублеттер құрамындағы *стичка* (спешке) сөзінің орыс тілінен енген сөз екені белгілі. Бұл сөздің өзі “*стица, вязальная игла*” сөзінен тараған екен. Көне славян, көне исланд, грек, латыш тілдерінде “*мелкие ветви*”, “*маленькая*

деревяшка”, “стебель” мағынасын беретін бұл сөздің формасына байланысты тағылған атау екенін аңғарамыз [ЭСРЯ, Фасмер, с.158].

Осы шидін басындағы оралған түсі қосыр химилық зат – күкірт болғандықтан, метонимиялық тәсіл арқылы күкірт сөзі оңд рілетін зат атауына айналған.

Жергілікті сілде *бәкі // шаппа // қайырма // забиял* дублеттері қолданылады. Бұл лексикалық дублеттердің ішіндегі қолданылу өрісі жағынан кең тарағаны. әрі әдеби нұсқасы – *бәкі* сөзі.

Бәкі – ашпалы-жаппалы қалтаға салып жүретін пышак [КТТС, 188 б.]. Кей жерлерде мұндай сы. іак түрін *шаппа* деп те атайды. Шаппа деп Шым., Қызылорда, Жамб., Орал обл., тұрғындары тілінде қолданылады. Шаппа сөзінің түбірі – шап. Осы түбір сөзге –ла жұрнағы жалғануы арқылы зат атауына айналған. Дәл осы сөз монғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінде “павчман”, “чапчаки” түрінде кездесіп “жонатын, қиынайтын, кесетін құрат” деген мағынаны береді екен [ССТМЯ, II, 384 б.]. Егер бұл сөзді қазақ тіліне жоғарыда атаған тілдерден енген десек, бұл түбір сөзге қазақша қосымша жалғанып цав > чап > шап > шап + па – шаппа формасына ие болған деуге болады.

Қайырма атауы бір ғана говорда (Алм. обл. Іле ауд. тұрғындары) қолданылады. Бұл атау пышактың қайырылып жабылатын қасиетіне байланысты туған болу керек.

Забиял – Октябрь революциясынан бұрын Завиялов заводы шығарып тұрған бәкі [КТДТС, 134 б.]. Алғашында *забиял бәкі* ретінде қолданысқа түсіп, уақыт өте келе бәкі сөзі түсіп қалған да метонимиялық жолмен забиял (бәкі шығаратын завод иесінің аты) сөзі бәкі сөзімен қатар халықтық қолданысқа түскен.

"Араб-иран тілдерінен енген кірме сөздер говорда

қолданылғанда туынды формаға ие болады", -- дейді
III Ш. Сарыбаев [2, 253 б.]. Мысалы: перс. "азан -- православ-
к молитве" (Араб-рус. Сл.). Бұл сөз қазақ тілінде
архайзм есебінде "азан шақыру" тіркесінде ғана
қолданылады. Осы азан сөзіне *би* қосымшасы жалғанып,
әдеби тілдегі *мәңгертеу* сөзімен жарыса қолданысқа
түскен. Қазір *азанда* сөзі жалпы халыққа түсінікті
дәрежеге жеткенін байқаймыз.

Лексикада жарыспалықтың тек зат атаулары
арасында ғана емес, өлшемдік ұғымды білдіретін
бірліктер арасынан да байқауға болады. Мәселен, әдеби
тілде қолданылатын бір аттам жер, бір қарыс жер атауы
Қостанай облысы тұрғындары тілінде *бір түкәтім жер*
деп қолданылады. *Бір мошын жер* деген атауы да бар.
Ширек гектар жер ретінде (Шымк. Қызылқ., Алм., Қет.,
Сем., Жамб., Шу тұрғындары) *бір аңыз жер // бір сала
жер // бір тақта жер* деп қолдану да жат емес.

Қазақ тіліндегі лексикалық дублет қатарларының
түзілуіне сөздердің титізер ықпалы айрықша екенін
жоғарыдағы мысалдардан көруге болады. Яғни
дублеттердің басым көпшілігі сөздер аралық құрамды
қамтиды. Дегенмен кейбір лексикалық дублеттердің
әдеби баламасы сұрыпталып, етекпен өткізілген. Мұндай
жарыспалықтың түзілуіне сол дублеттердің әдеби
нұсқасы қарсы тұра алады.

Әдеби сынары айқындалмаған сөздердің жарыса
қолданылуы -- дублет қатарының тууына бірден-бір себеп.

Мұндай лексикалық дублеттердің әдеби баламасын
айқындау -- бүгінгі күннің талабы. Мысалы: бір ғана *оты*
қысуға арналған құрал атауының тілімізде *шылауыр //*
мәстемір // әтешкір // кедәк // қысқаш // шашауыр
сияқты бірнеше атауы кездеседі. Осы дублеттердің
қайдан келгені, қалай пайда болғаны жөніндегі
мәселелерге көңіл аударғын көрейік.

Шашауыр сөзінің зат атауына айналуына тіліміздегі

“шымшу” іс-әрекеті негіз болған. Астрахань калмақтарының тілінде “чимкюр”(қысқаш) сөзі бар екен. Бұл сөз қазақ тілінен калмақ тіліне ауысты ма, жоқ, калмақ тілінен қазақ тіліне ауысты ма деген мәселе әлі де зерттей түсуді қажет етеді.

Мәстемір сөзі екі түбірдің бірігуінен жасалған: мәс және темір. Бұл атау ноғай, құмық, татар тілдерінде “маша” түрінде айтылып “қысқаш” мағынасын береді екен. Ә.Нұрмағамбетов бұл сөзді парсы тіліндегі “машэ” сөзіне жуықтатып, қазақшалағанда “қысқаш темір” болмақ дейді [1,83 б.]. Отты қысуга арналған заттың темірден жасалатыны белгілі. Сонда мәс сөзі “қысқаш” мағынасын білдіріп “қысқаш темір” мағынасына ұласқан деп түсіндіруге болады.

Әтешкір сөзінің шығу төркіні – парсы тілі деуге негіз бар. Бұл тілде “аташ”сөзі – “от” .“гир” сөзі – “ұстау, қысу” мағынасын білдіреді [КТСА-ИЗС,45]. Яғни, аташгир – “шоқты ұстайтын қысқыш” деген мағынаға ие. Қазақ және парсы халықтарының қарым-қатынасы негізінде бұл сөз әуелі ауызекі сөйлеу тіліне еніп, қазірде говорлық сөз есебінде қолданылып жүр.

Шаттауық – темірді өңдеу үшін қысып, бекітіп қоятын құрал; қысқыш [КТТС,165 б.]. Демек, темірді өңдеуде қысып, бекітіп қолданылатын құрал атауы “отты қысып ұстау” мағынасында жұмсалатын зат атауына ұласудан пайда болған деп жорамалдаймыз.

Жәмке сөзі монғол тілінде “чимхэх”, бурят тілінде “зиимхэ” түрінде айтылып “шымшу” деген мағынаны білдіреді екен. Бұл сөздің қазақ тілі говорына еніп *жәмке* түрінде айтылуы заңды, өйткені ол қазақ тілінің заңдылығы бойынша дыбысталып тұр.

Қысқаш атауы жалпыхалықтық тілдегі “қысу” етістігінен жасалған деп есептеу керек, – дейді М.Атабаева [3,23 б.]. Шын мәнінде, жанып жатқан отты,

шоқты қысып алу іс-әрекетіне байланысты қыс етістігіне -каш қосымшасының жалғануы арқылы зат атауы пайда болған деп түсіндіруге болады.

Бұл атаулардың ішінде әдеби тілде жиі қолданылатыны - *қысқаш* пен *шымыуыр* сөздері. Уәжділігі тұрғысынан *қысқаш* сөзі әдеби нұсқа болуға лайықты.

Үйді әктеу үшін қолданылатын зат атауы да говорлық құрамда әр түрлі айтылымға ие: *әк // ізбес // ақтас // утас // ақ балшық // ақ керіш*. Бұл дублеттердің әдеби нұскасы әлі айкындалмаған. Қолданылу өрісі жағынан жалпы халыққа кең тарағаны – *әк* сөзі. Осы сөз әдеби нұсқа бола алады деп ойлаймыз. Өйткені бұл сөз әрі қысқа, әрі уәжді. Оның үстіне дыбыстық өзгеріске түсіп, халықтың санасына сіңген.

Әк – парсы тілінде (*аһак*) түрінде дыбысталып, тасты күйдіру арқылы алынатын *ақ* түсті минералды зат мағынасын береді. Тілімізде үйді *әктеу // ақтау // майлау* мағынасында қолданылатын етістік тұлғалы жарыспалар да кездеседі. Бұл үшеуі де жергілікті тіл ерекшелігін құрайды. Жоғарыда берілген лексикалық дублеттердің әдеби нұскасы ретінде *әк* сөзін алсақ, онда осы *әк* сөзінен туындаған етістік тұлғалы жарыспалар ішінен *әктеу* етістігін қолданғанымыз дұрыс.

Ізбес – орыс тілінен енген “известь” сөзінің дыбыстық өзгеріске ұшыраған түрі.

Ақ керіш сөзі – күйдірілген лай, пісірілген саз мағынасын береді. Керіш сөзінің алдындағы *ақ* сөзі – күйдірілген саздың түсіне байланысты аталған. Сонда *ақ* керіштің білдіретін мағынасы – “күйдірілген *ақ* саз” болып шығады. Кейде бұл сөз *ақ балшық* деп те аталына береді. Біз балшық деп топырақтың сумен араласқан түрін айтамыз. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *ақ балшық* сөзі – табиғи *ақ* топырақ, *әк* мағынасын білдіреді деп жазылған [ҚТТС,1,221 б.]. Топыракты сумен араластырғанда саз балшыққа айналатыны белгілі.

Сол сияқты *ақ тас* // *у тас* дегендер де сумен араласпай тұрған кезде кәлімгі тастың формасын бейнелейді. Тастың формасына ұқсастырылып және түсі негізге алына отырып *ақ тас* деп атаған сияқтымыз. Ал *у тас* сөзіне келсек, ол тастың ішкі қасиетіне байланысты қойылған атау. Өйткені актің құрамы улы, қолға тисе, қолды ойып кетеді. Сонымен лексикалық дублеттердің тілде жайлан-жай жүре бермейтіндігін, оның қалыптасуына түрткі болатын әр түрлі себептер мен уәждемелердің болатынын жоғарыда келтірілген мысалдардан аңғаруға болады. Бұлардың бәрі де халық танымындағы ежелгі ырым-жық формалармен байланыстан бастау алып, аналогиядан, салыстырудан, тенеуден туындаған ұғымдардың өзара байланысынан келіп шыққан аталымдар.

Халық тілі мен әдеби тілдің диалектілік ерекшеліктерінің арақатынасы айқындалып болмағандығына ет асқанда қазанға салатын нанның (*қамыр, іңкәл, жайма нан, шелпек*), үйдің төбесіне көлденең салынатын ағаш (*мәтке, арқалық, белағаш*) атауларының бірнеше нұсқада айтылатыны дәлел болады. Соңғы кездері осы көрсетілген дублет қатарларының ішінде "жайма нан" бірлігінің қолданысын аутентикалық материалдар негізінде көруге болады.

Араб-иран тілдерінен енген кірме сөздер өз тілінде бір ғана мағынаны білдірсе, біздің тілге бірнеше нұсқада енгенін байқау қиын емес. Мұндай жағдайда меңгерілген мағыналардың біреуі әдеби тілде әдеби нұсқа ретінде қолданылса, қалған нұсқалары говорда қолданылады. Мысалы: *кесе* // *таша* // *шыны* лексикалық дублет қатарын алайық. *Шыны* (чини) деген сөз парсы тілінен бір ғана мағынада ауысып келсе, қазір терезенің әйнегін де, бөтелкені де, кесені де *шыны* деп атай береміз. *Шыны* – а) металл емес шикізатты балқытып суыту нәтижесінде

алынатын химиялық әсерге төзімді, түссіз катты металл әйнек. ә) фарфордан жасалып, шай ішуге арналған кішірек ыдыс, кесе, шыныаяқ Мыс: Шыны – таза ақ құм мен соланың кеспасынан жасайтын бүйірлі келген шай ішетін ыдыс, кесе. Үй жарық болу үшін терезе көзіне салынатын әйнек [ҚТТС, II, 507 б.]. Алғаш рет фарфордың қытай жұртында өндірілуі фарфор ыдыстардың атауы да қытай елінің атауымен аталғаны аңғарылады. Түркі тілдес халықтардың көпшілігінде кездесетін *чини* сөзінің тағы бір ұғымы – “жылтыр, сырлы шыны”. Түрікше чін – фарфор, эмальданған ыдыс [Радлов, Опыт сл., III] алтайлықтарда – шай ішетін ыдыс; қазақ тілінде шай ішетін фарфор ыдыс, шыныаяқ - чашка, шыны - әйнек (Будагов. Ср.сл.тур-тат-чар]. Бұл сөз Алматы, Шелек, Еңбекші Қазақ аудандарының тұрғындары тілінде қолданылады.

Кесе сөз де араб тілінен (касе) енген. Бұл сөз шай ішуге арналған ыдыс ретінде қолданылу өрісі жағынан шыны, пияла сөздеріне карағанда кең тарағанын ескеруіміз керек.

Пияла (ор. пузырь) – қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде керосин шамының шынысы, пияласы деп беріледі [ҚТТС, 8, 325 б.]. Ал оңтүстік өңірлерде пияла – “шай ішетін ыдыс” мағынасын білдіреді. Сонда шыны сөзі метонимиялық тәсіл арқылы өзі өндірген зат атауына берілсе, кесе, пияла араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздер. Дегенмен бұл атаулар тілімізде бұрыннан қалыптасқан тілдік бірліктер болғандықтан, оларды кірме сөз ретінде қабылдамаймыз.

Осы дублет құрамындағы кесе сөзінің пияла сөзінен бұрын қолданысқа енгеніне тамақ құюға арналған үлкен кесе атауының жергілікті тілде *кәрлен кесе, сапал кесе* түрінде қолданысқа түскені дәлел болады. Олай болса, уәжділігі тұрғысынан да, жалпы халыққа түсініктілігі тұрғысынан да әдеби тілдегі сынары ретінде *кесе* сөзін тұрақтандыруымызға болады.

Сол сияқты орысша "клещ" мағынасын беретін сөз қазақ тілінде дублеттік қатар түзеді: *кемпірауыз // атауыз // тістеуік // балықауыз / /қысқаш*. "Осы компонент құрамының әрқайсысына қандай да бір мағына телуге болады. Айталық: клеши, плоскогубцы, кусачки", - дейді Ш.Сарыбаев [2,255 б.].

Әдеби тілде кең қолданыс таба алмай келе жатқан тағы бір лексикалық дублеттер: *даліз // ауыз үй // сенек // айуан // коридор // веранда..* Бұл говораралық құрамды қамтитын лексикалық дублеттердің көбінесе орыс, араб-парсы элементтері екенін байқаймыз. Мыс: *айуан* (өзбек) – сени, балкон, терасса. Парсы тілінде бұл сөз "эйван" түрінде дыбысталып, "балкон, открытая галерея" мағынасын береді.

Веранда – үйге жапсыра салынған ашық я терезеленген орын. Қазіргі кезде бұл дублет қатарларының ішінде *даліз* сөзінің қолданыста жиі ұшырайтынын және жазба әдеби тілдік қолданысқа да жиірек түскенін байқауға болады.

Тақырып бойынша орындалатын тапсырмалар:

1. Этимология, ғылыми және халықтық этимология.
2. Уәж, уәждеме сөздерінің терминдік дефинициясын жазу. Екі-үш сөздің уәждемелік белгілерін қарастыру.
3. Жұмыртқа // тұқым // мәйек // мая / әдеби-диалектілік дублеттер қатарына этимологиялық талдау жасау.
4. Сіріңке // күкірт // шырпы // ши // шақпақ // оттық // спешке әдеби-диалектілік дублеттердің этимологиясы мен уәждемелік белгілеріне талдау жасау.
5. Әк // ізбес // ақтас // утас // ақ керіш // ақ балшық әдеби-диалектілік дублеттердің этимологиясы мен уәждемелік белгілеріне талдау жасау.
6. Берілген арнаулы сөздердің анықтамасы мен

терминдік мағынасын жазыңыз: диалектілік лексика, әдеби лексика, әдеби нұсқа, этимология, әдеби-диалектілік дублеттер.

Әдебиеттер:

1. Нұрмағамбетов Ә. Жергілікті тіл ерекшеліктерінің торкіні. – Алматы: Мектеп, 1987. – 67 б.

2. Сарыбаев Ш. Ш. К вопросу о нормализации дублетных вариантов в казахском и уйгурском языкознании // Қазақ пен ұйғыр тіл білімі мәселелері. – Алматы, 1963. –Т.3. – С.22-23.

3. Атабаева М. Диалектілік сөз мағынасы. – Алматы: РИК, 1996. – 116 б.

4. Қалиев Ғ, Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Дәуір, 2003. – 247 б.

5. Блинова О. И. О тождестве слова в диалектном языке // В кн.: Вопросы русского языка и его говоров. – Томск, 1968. – С. 23-29.

6. Қалиев Б. К. Лексико-семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. – Алматы: Мектеп, 1996. –168 с.

4 - тақырып. Қазақ лексикасындағы кірме және төл сөздердің, көнерген сөздер мен неологизмдердің дублеттік қатар түзуі

Тірек сөздер: төл сөз, көнерген сөздер, неологизмдер, кірме сөздер, сөзжасамдық жүйе, күрделі сөз, метонимия, метафора.

Қазақ халқы әр түрлі кезеңдерде сан алуан елдермен қарым-қатынас жасап отырғаны тарихтан аян. Түрколог ғалымдардың пікірінше, қазақ халқының көшпелі тұрмыс-тіршілігі оның тіліне әсер еткен. Көне түркі тайпаларына енген қазақтар VIII-XI ғасырларда араб-парсылармен, XII-XIII ғасырда монғолдармен, XVII-ғасырдан бастап орыс халқымен тығыз байланыста болған. Осыған байланысты бір-біріне ауысқан зат, ұғым, құбылыс атаулары бар екені анық. Араб, парсы сөздері қазақ тіліндегі кірме сөздердің ең мол қорын жасайды. Олар тұлғалық жақтан да, лексика-семантикалық топтастырылуы жағынан да функционалдық қолданысы жағынан да әр түрлі дәрежеде игерілген. Ал қазақ пен орыс халықтарының қонысы мен өрісі ежелден көршілес жатқандығы белгілі. Екі ел арасындағы сауда-саттық, шаруашылық пен мәдени байланыстар ерте кезден-ақ дами бастады. Бірақ қазақ тіліне енген орыс сөздері әр кезеңге сай әртүрлі игерілу дәрежесімен срекшеленеді. Қазан төңкерісіне дейінгі енген орыс сөздері қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес бағындырылып отырды. Мәселен, орыс тіліндегі *сиря* сөзі «кір» түрінде дыбысталды. Бұл сөз ген-түр-тұрпаты жағынан ғана емес, мағыналық жақтан да өзгеріске ұшырады. Жалпы орыс тілінде *сиря* сөзі бір нәрсенің салмағын өлшегенде таразыға салымағын тастарды білдірсе, қазақ тілінде синекдохалық тәсіл

негізінде *таразы* сөзімен дублеттік қатар түзеді. Сол сияқты бөтелке // шөлмек тұлғаларындағы бөтелке сөзі де дыбыстық өзгерістерге ұшырап енген болса, шөлмек атауы «қыштан жасалған ыдыс» мағынасында көне түркі жазба ескерткіштер тілінен де, көптеген түркі тілдерінен де кездестіруге болады. Ал монғол, тибет тілдерінде бұл сөздің түбірі «шэл, шел» түрінде дыбысталып «әйнек, шыны» деген мағынаны білдіреді екен (ОСТМЯ. II, с.82). Ә.Нұрмағамбетовтың пікірінше, бөтелке мағынасындағы шөлмек сөзі метонимиялық тәсіл негізінде сол ыдыстың тегі - шыны, әйнекпен байланысты туған.

Екі тілдің көршілес қатар өмір сүруі, белгілі бір тарихи кезеңде тілдер қарым-қатынасының нәтижесінде енген кірме сөздердің өзара жарыса қолданылуы, сол кірме сөздердің әдеби тілдегі сөздермен жарыса қолданылуы тілдегі лексикалық дублет қатарын туғызудың бір жолы болып отыр. Тілімізге енген кірме сөздердің жергілікті сөйленістердегі сөздермен және кірме сөздердің өзара жарыса қолданылуының негізінде жалпыхалықтық сипат алып, әдеби норма деп танылу үшін күрес жатыр.

Қазақ тілі мен өзге туыстас тілдердің арасындағы қатынас, қазақ-бөтен тілді этниканың тұрғындары арасындағы қатынас аралас говорлардың дүниге келуіне әсер етеді, ал аралас говорлар басқа тілді атауларға бай болып келеді. Мұны орыс тілінің тек әдеби тілге ғана емес, сонымен бірге батыс, орталық солтүстік, шығыс говорларына көбірек әсер еткендігін көруге болады. Сол сияқты, Қазақстанның оңтүстігінде тұратын тұрғындар тілінде өзбек элементі, батыста татар, түрікмен элементі, Жетісу қазақтары тілінде қырғыз, солтүстік-шығыс, солтүстік-батыс бөлігінде тұратын қазақтар тілінде орыс тілінің элементтері көптеп кездеседі. Мәселен, *бұрыс* // *мәтке* // *беләгаш* // *арқалық* – құрылыстарда үйдің

төбесіне көлденең салынатын мәтке, белағаш [ҚТТС,1,329 б.] деген мағынаны білдіреді. *Белағаш*, *арқалық* лексемалы атауларының жасалуында осы "белдің" ассоциациялық өрісіндегі "дененің орты тұсы" мағынасының негізінде дамығаны айқын көрінеді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *бел* лексемасының ауыспалы мағынасы "арқа тұтар тірек, күш" деп берілген. Белағаш сөзінің түсіндірме сөздікте екі мағынасы берілген: а) Арбаның алғы-артқы доңғалағының арасын қосып тұратын жуантық білік. ә) Жерг. Үй үстіне салынатын мәтке, арқалық [ҚТТС,2,242 б.] атауларының белдің адам денесін тік дәрежеде ұстап тұратын қызметіне, яғни ассоциациялық өріспен тікелей байланыста туындағанын байқаймыз. Ал жергілікті сөйленістердегі *бұрыс*, *мәтке* атаулары орыс тілінен енген кірме элементтерді құрайды.

Қазақтың төл сөзі тілімізге енген кірме сөздермен дублеттік қатар түзгенде, оның қызметінің шектеле түсіп, кірме сөзбен жарыса қолданысқа түсетін кездері де бар. Кейбір говорларда кірме сөздер қолданылу жиілігі жағынан төл сөзге карағанда басым түсіп, жалпыхалықтық сипат алып отырады (*сандуғаш* – **бұлбұл**). Бұған кері құбылыс та бар, мәселен, *тәулік*, *кесе*, *ілгек* деген сөздер әдеби тілдің шеңберінде жалпылама қолданысқа ие. Ал бұлардың орыс тілінен енген сыңарлары *сәтке*, *пияла*, *күршек* көбінесе жергілікті сөйленістерде, ауызекі сөйлеу тілінде, көркем шығарма кейіпкерлерінің тілінде кездеседі.

Әдеби тілдің аясында әлі де берік орныға алмай жарыса қолданылып жүрген *қонақ* пен *мейман*, *қақпа* мен *дарбаза* сөздері бар. Мысалы: оңтүстікте *қонақ*, *қақпа* сөзі солтүстік-батысқа карағанда сирек қолданылады. Себебі, бұл аймақта дәл сол мағынада жұмсалатын өзбек тілі арқылы енген парсы сөзі – *мейман* мен *дарбаза* жиі қолданылады. "Бұл айтылғандарға карағанда, араб-парсы тілдерінен енген

кірме сөздер мен ана тілінің тума сөздерінің арасындағы саралану, орнығу жөніндегі "ішкі тартыс" әлі де болса жүріп жатқан құбылыс екендігін көреміз", – дейді Ә.Болғанбаев [1,140 б.]. Қазіргі әдеби тілде бұл жұптың сөзжасамдық жүйеде *мейманхана* (ресторан), *қонақүй* (гостиница) сияқты тұлғада кездесетіндігін ескерсек, қонақ және мейман сөздерінің мағыналық жақтан сараланғанын байқауға болады. Қонақ сөзінің қолданылу өрісінің кең екендігін ескерсек, әдеби нұсқа ретінде әбден тұрақтанған деуге болады. Дегенмен қазіргі әдеби тілде «мейман - өзге елден келген мәртебелі және ресми тұлға» деген қоғамдық-саяси лексика қатарынан орын алатын саяси атау ретінде қалыптасқан [2, 84б.]. Мысалы: Мәртебелі мейман бұл жөніндегі жылы лебіздерін де жасырмады (ЕҚ, 11.07.03)

Қоғамда, өмірде болып жататын барлық өзгерістер, жаңалықтар тілден көрініс табады. Тілдің қоғамдағы атқарар функциясының артуымен жаңа ұғымдар мен атаулар да үздіксіз қажет болып отырады. Қазіргі кезде ғылым мен техниканың көптеген салаларында қазақ тілінің ішкі мүмкіндігін пайдалану арқылы жаңа атаулар мен жаңа терминдер жасалып, орыс тілді қалпын сақтап қалған кірме сөздердің қазақша баламалары ұсынылуда. Кейбір жаңа атаулар қазіргі тілдік қолданысымызда екі кейде одан да көп баламалармен кездеседі. Мысалы: туды көтеріп тұруға арналған арнайы флагшток – *түдіңгек* // *түтұғыр* түрінде беріліп жүр. *Тұғыр* сөзінің лексикалық тура мағынасы – “қолға үйретілген саят құстарының (бүркіт, қаршыға, ителгі) қонақтайтын орны, биіктеу ағаш кондырғы” деп түсінсек, ұқсату заңының негізінде (заттың қызметіндегі ұқсастық) өсімдіктану саласында **тұғыр** сөзі термин ретінде “гүлсағақ немесе сабақтың гүл орналасатын созындысы” [3,129 б.] және қолданысқа түскен туды көтеріп тұруға арналған заттың

да осы жолмен жасалғанын байқау қиын емес. Жалпыхалықтық сипаттағы тұғыр сөзі семантикалық шеңберін кеңейтіп, метафоралық жолмен терминденіп екінші мағынаға, осы қызмет бірлігінің негізіне карай (тұтұғыр) үшінші мағынасы пайда болған.

Ал *тудіңгек* сөзіне келсек, жалпы "дің" деп ағаштың жуан сабағын айтамыз. Техника тілінде "дің" деп шахталық көтергіш қондырғылар орналасқан ғимаратты айтса, ал *діңгек* деп белгілі бір мақсатқа пайдалану үшін орнатылатын қаданы, тіректі айтады. Пайдаланылатын мақсатына орай, оның пішіні, құрылымы әр түрлі болады. Діңгек ағаштан, темір бетоннан жасалады. Бұл екі лексеманың да білдіретін ұғымдарының негізінде ағаштан жасалған "тұғыр" және "ағаштың сабағы, бағана" семасы жатыр. Жарыспалық құруға негіз – олардың қызмет бірлігі деуге болады. Дегенмен де бұл лексикалық дублеттердің ішінде *тұтұғыр* атауын әдеби нұсқа ретінде қалыптастырғанымыз дұрыс. Себебі *діңгек* сөзінде экспрессивтілік мән бар. Ағаштың сабағы мағынасы білдіретін *дің* түбіріне -гек қосымшасы жалғану арқылы эмоционалды реңк мәнін (кішірейту) үстеп тұр. Сондықтан *тұтұғыр* сөзін дыбыстық үйлесімі бар, әрі уәжді деп танимыз. Сондай-ақ, жейденін жеңіне түйме орнына қолданылатын сәндік бұйым атауын «запонка» сөзімен береміз. «Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар» атты сөздікте оның *жеңілгек // тиектүйме* сияқты баламалары берілген. Мысалы: Әйелінің қолқалауымен ғана киген шақпақты костюмі де, ауыр алтын жеңілгегі де оған жараспайтын (Жалын, 1988, № 1. 82- б.). Бұл заттың әрі түйменін, әрі оның ілініп тұру қызметін ескерсек, онда «жеңілгек» атауын запонка сөзінің қазақша баламасы ретінде қалыптастырғанымыз жөн.

Ел – көне түркі тілінде халық сөзінің синонимі ретінде қолданылған атау екені белгілі. Қазіргі саясаттану ілімінде Ел атауы «мемлекет» терминінің баламасы ретінде алынып жүр. Бірақ ол негізінен, географиялық, мәдени, әлеуметтік, экономикалық және тарихи жағынан қолданылады. Қазіргі қазақ тілінде *ел* сөзі арқылы жасалған тілдік бірліктер аз емес, *елбасы, елорда, елтанба* сияқты атаулар қолданысқа еніп, мемлекеттік құрылыс терминдері ретінде жұмсалуда.

Күрделі сөздердің мағыналық уәжділігі танбаланатын зат пен құбылыстың бір белгісіне үйлесіп келеді. *Елбасы* сөзінің бірінші сыңарындағы мағыналық уәжділік *ел* (ру, жүз емес) екенін білдірсе, *басы* (қолбасшы, ру басы) – жалпы аспектіні қамтиды. Мәселен, *әскербасы, қолбасы, қошбасы, елбасы* жеке-жеке лексикалық мағынаға ие сөздер. Бұлардағы ортақ сөзжасамдық мағынаны жасап тұрған – *бас* сөзі. Қазіргі жаңа тілдік қолданыста президенттің *елбасы* баламасымен қатар беріліп жүргеніне бұқаралық ақпарат құралдарының тілі дәлел: «Жуырда елбасы Н.Назарбаев Есілдің сол жақ жағалауында “Астана – жаңа қала” арнаулы экономикалық аймағында орналасқан бірқатар құрылыс нысандарында болып, Президент резиденциясы мен жаңа жағалау құрылысын, басқа да нысандарды көрді». [Егемен Қазақстан, 13 тамыз, 2002 ж.]. Бір ғана мәтін ішінде бір сөз *елбасы* // *президент* тұлғасында келіп, қоғамдық-саяси лексикада қатар қолданылып абсолютті синонимдер қатарының түзілуіне негіз болып отыр. Дублеттік қатар құрған бұл атаулар бір-бірінен функционалдық қолданысы және сөзжасамдық қабілет тұрғысы жағынан ерекшеленді. Мысалы: президент әкімшілігі, президент аппараты, президенттік, президенттік аппарат, президенттік сайлау, президенттікке кандидат сынды ресми мәндегі күрделі

аталымдар қалыптасқан. Сол сияқты, мемлекеттің дәстүрлі ерекшеліктерін бейнелейтін, оларды әлеуметтік-тарихи тұрғыдан даралау мақсатында жасалатын айырымдық белгіні – осы уақытқа дейін *герб* деп атап келсек, қазіргі таңда бұл сөзді *елтаңба* атауы толығымен ығыстырып шығарды. Жаңа тілдік қолданыс дейтін себебіміз, *елбасы*, *елорда*, *елтаңба* сөздері мағыналық аясы жағынан кеңейе келіп, жаңа мазмұнды иеленіп, ескі формада қолданысқа түскен.

Тақырып бойынша сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Берілген арнаулы сөздердің терминдік мағынасын жазыңыз: төл сөз, көнерген сөздер, неологизмдер, кірме сөздер, сөзжасамдық жүйе, күрделі сөз, метонимия, метафора.
2. Орыс тілінен енген сөздердің дыбыстық ерекшеліктері мен семантикалық құрылымы.
3. Араб-парсы тілінен енген сөздердің дыбыстық және лексика-семантикалық ерекшеліктері, мағыналық құрылымы.
4. Төл сөз бен кірме сөздердің дублеттік қатар түзуіне байланысты мысалдар жазып, олардың лексикалық мағынасындағы тепе-теңдікті дәлелдеңіз.
5. Көнерген сөздер мен неологизмдердің дублеттік қатар түзуіне байланысты мысалдар келтіріп, олардың лексикалық мағынасындағы тепе-теңдікті дәлелдеңіз.

Әдебиеттер:

1. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі зат есімдік синонимдер. – Алматы, 1957. – 88 б.
2. Момынова Б. Қоғамдық саяси лексика сөздігі.
3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы, 1998.
4. Қазақ лексикасындағы жана қолданыстар. - Алматы, 1990.
5. Айтбайұлы Ә. Қазақ сөзі. – Алматы, 1997.
6. Болғанбаев Ә., Қалиев Ғ. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 2003.

5 – тақырып. Арнаулы қолданыстағы сөздер мен халықтық атаулардың дублеттік қатар түзуі

Тірек сөздер: сөз мағынасының кеңеюі, сөз мағынасының тарылуы, термин сөздер, кәсіби сөздер, диалектілік сипаттағы кәсіби сөздер, этнолингвистика, этномәдени бірліктер

Өзіміз қарастырып отырған лексикалық дублеттердің ұлтымыздың тарихымен, өмірімен біте қайнасып жатқанын олардың халықтың дүниетанымы мен тұрмыс-тіршілігі туралы мағлұмат беріп, оның тарихыч тануға мүмкіндік беретіндігінен көруге болады. Тілдің бұл қасиеті лексикалық дублеттердің туындау заңдылықтарын, олардың пайда болуына әсер ететін экстралингвистикалық факторларды қамтығанда кезге ерекше түседі.

Лексикалық дублеттерді айқындауда, олардың уәжділік негіздерін анықтауда жаңадан пайда болған мағынаның кеңею мен тарылу аймағы секілді жайлардың басын ашып алуда этнолингвистикалық деректер көп көмек көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, халықтың емдеу тәсілдерімен, наным-сеніммен, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптармен байланысты туындаған лексикалық дублеттердің көбінесе коннотативтік мағынаға ие екенін көреміз.

Халықтың тұрмыс-тіршілігімен байланысты қалыптасқан сөздерге терминдердің жарыса қолдануы – тілімізде лексикалық дублеттер қатарын түзудің бір жолы болып отыр: Бүгінгі әңгіме салақтық салдарынан өкпе-бауырдан бастап, миға дейін жегідей жеп, өршіп бара жатқан жылауық құрты жайында [Парасат, 2004, 3 – сәуір]. Бұл жердегі *жылауық құрт* медицина тілінде *эхинококк* деп аталады. Тағы бір мысал, мамандар

сусамыр (диабет) ауруының қалай пайда болуын түрліше жорамалдайды [Парасат, 2004. 3 – сәуір] Осы жердегі *қант диабеті*, *эхинококк* медициналық терминдері кезінде ұмыт болған халықтық атаулардың баспасөз беттерінде орыс тілінен енген терминдердің қазақша баламасы ретінде қатар қолданысқа түсіп, тілдік тұрғыдан экспрессивті-бағалауыштық мәндегі лексикалық дублеттерді құрап отыр. Сол сияқты, *ревматизм* (ғыл.) // *сүйек ауруы* (хал.) // *омал, аруақ* (жерг.); *зоб(ғыл.)* // *жемсау, бұғақ* (хал.); *сібір уытты жарасы* (ғыл.) // *топалаң* (қойда) // *қарасан, қараталақ* (сиырда) // *жамандат* (жылқыда) // *күйдіргі* (адамда) бірліктері өзара лексикалық дублеттер қатарын түзеді.

Зоб ауруын – халық *бұғақ ауруы* деп те атайды. Бұқұк - бұғақ, тамақтың екі жағында, ет пен терінің арасында пайда болатын ет бездерінің бір түрі. Бұл тұқым қуалайтын дерт. Кейбіреуі ауруы асқынғанда өзінің көкірегін кере алмайды [1,14 б.]. Осы сөздікте мынадай этимологиялық этюд беріледі: "Біздің бабаларымыз аса жоғары ащы дауысты кәпірлер екен. Тәңір жарылқаушы пайғамбардың сахабаларымен жанжалдасып, соғысыпты. Аталарымыз ұрандап, айқай-сүрең салып басқыншылық жасап шабуылдапты. Мұсылмандар олардың бұл айқай-сүрең қиқуынан түршігіп, аласапыранға түсіпті. Бұл хабар Тәңірі рахымы ризашылығы түскен өліараға жеткен. Содан барып олардың тамағында осындай дерт пайда болған. Әрі соларға мирас болып қалған. Қазір олардың арасынан дауысы ащы бірде-бір адам табылмайды".

Ал ғылыми түсінік бойынша, топырағында, суында иоды аз жерлердегі халықтың бір қатарында қалқан безі үлкейіп, иектің астында тауықтың жемсауы сияқты бұлтиып шығып тұрады. Осы жемсауды ғылым тілінде *зоб* дейді. Бұл аурудың да атын *зоб ауруы* дейді. Иод қан

арқылы аз барғандықтан қалқан безі өзінің көлемін ұлғайтады, сөйтіп, зоб ауруы пайда болады. Жоғарыдағы дублет қатарының да түзілуіне негіз болған – ұқсастық заңдылығы. Мұндағы ұқсастық негізіне құс атаулының жемі сақталатын орынды *жемсау* десек, адам тамағында пайда болған ұраны да *жемсау* деп атайды. Өте улы, өрмекші тұлғалас, бүйі тұқымдас жәндікті зоология ғылымында кара құрт деп таныса, халықта танысында *қара жесір* деп аталған. Себебі, кара құрт шақса адам да, мал да өледі. Сол сияқты, *тас* (тимьян) те халық танымында сыртқы пішініне қарай тас шөп ретінде танылады: Тас шөп (тимьян) тұнбасымен тамақты шайғанда тыныс жолдары мейлінше тазарып, қакырық түсу жылдам тыылады [Парасат, 2002, 32 б.]. Бірақ бұл фактілер термин жүйесінің тақырыбына енбейді. Бұл халықтық атаулар жалпы лексикалық бірліктер ретінде зерттеледі не тарихи термин жүйесі аясында қарастырылады.

Тіл мәдениетінің баспасөз және сөйлеу тілі болып бөлінетіні белгілі. Мұндағы баспасөздің сөйлеу тіліне тигізер ықпалы күшті. Сондықтан баспасөз тіл мәдениетінің дәрежесі – әдеби тілдің сапасы қандай екендігіне өлшем бола алады. Мерзімді баспасөз тілі – халыққа көп жайылатын әрі сөздің қолданылу жиілігін барынша кең көлемде көрсете алатын маңызды ақпарат құралдардың бірі екендігі белгілі. Мәселен, кейбір дублет сөздердің сынарларының күнделікті баспасөзде қайсысы жиірек қолданып келе жатса, соны өзге әдебиеттерге де міндетті норма етіп ұсынуға болады деген пікірлердің бүгінде белең алып жүргені рас. Әйтсе де бұл тұжырымның ғылыми методологиялық заңдылықтарын әлі де жете саралап қарастыруды ұмытпаған жөн. Өйткені бұл тілдің қоғамдық фактор арқылы болып жататын ауыс-түйістерінде әр түрлі

сапада көрініс беруі мүмкін. Мәселен, адамзат баласының құдіреті жетпей келе жатқан қауіпті індеттің бірі – туберкулез ауруы. Қазіргі баспасөз тілінде "туберкулез" ауруының ғылыми атауымен қатар жарыса *құрт ауруы, өкпе ауруы* бірліктерінің қолданысқа түсіп жүргенін байқаймыз: Қымыздың құрт ауруына ем екеніне ешкімнің дауы жоқ. Туберкулез талшықтары күн сәулесі түсетін жерде күшін жойса, керісінше, сыз жерде қуаты артады. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 2002 жылы 316 адам өкпе ауруынан өлсе, былтыр қатерлі дерт 283 адамның өмірін қиыпты [Жас алаш. 2004, 4 – желтоқсан]. Тіл білімінде ұғымдық жағынан дәрежілеу, адамның көңіліне тиетін сөздердің мағынасын сыпайы, жұмсақтау сөздермен алмастырылып қолданылуын эвфемизм деп атайды. Жоғарыда беріліп отырған микромәтінде осы дерттен қаншама адамның көз жұмғандығын жалпы оқырман қауымға жұмсақтау етіп жеткізу мақсатында *туберкулез, құрт ауруының* қосалқы атауы (өкпе ауруы) туған.

Кәсіби сөздер тілімізде таралу жағынан да, әдеби тілге қатысы жағынан да біркелкі емес. Сол себепті, бұл сөздер қолданылу сипатына қарай жалпыхалықтық және диалектілік сипаттағы кәсіби сөздер деп бөлінеді.

Диалектілік сипаттағы кәсіби сөздерге жалпыхалықтық қолданыстан орын ала алмай жүрген, бірақ әдеби тілді байытуға аса қажетті сөздермен қатар, әдеби тілде баламасы бар кәсіби сөздер жатады. Әдеби тілде нұсқасы бар, әдеби тілдің лексикасын шұбарлайтын сөздер қатарына *аскелді* (асқабақ), *көмбеқонақ* (күнбағыс), *чаңбыр* (шалғам) сияқты сөздер жатады.

Әдеби тілде баламасы жоқ, әдеби тілге қажетті сөздер қатарына *анар* (гранат), *қызанақ* (помидор), *шомыр* (редька), *іістіжселкен* (сельдерей), *үрмебұршақ* (фасоль), *қарақұмық* (гречка) атауларын келтірген жөн.

Бұлардың бәрі де қазақы атауларымен баспасөз беттерінде қолданылып жүрсе де, сөйлеу тілінде әлі берік қалыптаса қойған жоқ. Әлі күнге дейін дағдыға айналған орысша баламасын қолданатынымыз шындық. Өйткені адам баласы күнделікті сөйлеу тілінде қайсыбір нұсқасын айту керек деп ойланып тұрғаннан гөрі, өз ойында дағдыға айналған нұсқасын автоматты түрде қолдануға әбден бейімделген. Осылайша бұл бірліктердің бірі кірме сөз, бірі әдеби тілге қажетті жергілікті тілден сұрыпталып алынған сөздер ретінде жарыса қолданылып жүр.

Сол сияқты, тілімізде орыс тілінен енген *картон*, *капуста* сөздері бар. Орыс халқы үшін картон пен капуста – күнкөріс көзіне айналған бақшалық дақыл ғана емес, мәдени мазмұнға ие этномәдени бірліктер. Бұл бақшалық дақылдарды қазақ халқы да егіншілік кәсіпте пайдаланып, күнкөріс көзіне айналдырған. Осы *картон* сөзінің говораралық құрамда *бәреңгі* (картофель) түрінде араб тілінен енген *ботташық* және түрікмен қазақтары тілінде қолданылатын *жорап* сөздерімен өзара жарыспалық құраиғынын айтуға болады. *Бәреңгі* – бақшалық көкөніс түрі. Мысалы: Бізді қызықтырған балалар бақшасы ауласындағы шағын бақша болды. Атыз-атыз, жүйек-жүйек болып егілген кияр, сарымсақ, пияз, сабіз, шалқан, бәреңгі (картон), жусай, не керек көкөністің түр-түрі баланың қарын шашындай болып бой көтере бастапты (КӘ, 1988, 27 мамыр). Ботташық не бәреңгі сөздерін өзге түркі тілдерінен кездестіре алмаймыз. Ал араб тілінде бататис сөзі «картон» мағынасын білдіреді екен. Ә.Нұрмағамбетовтың пікірінше, қазақ халқы дыбыстау мүшелерінің ыңғайына қарай «ботташық» деп атауы әбден мүмкін дейді [1, 24]. Қазіргі кезде *капуста* сөзі сөйлеу тілінің әсерімен жасалған *орамжалпырақ*, *қырыққабат* (халықтық)

атауымен және өзбек тіліндегі *кәрам* (жерг.) сөзімен жарыса қолданысқа түскен. Осы дублеттердің ішінде *қырыққабат* атауы *капуста* сөзінің баламасы ретінде қолданысқа түсіп отыр. Мысалы: Өсімдік майы мен қырыққабат тұздығы, мүкжидек шырыны және грек жаңғағын араластырып салатқа құятын тұздық жасау керек (Қазақстан әйелдері, 4/2004).

Қазақстанның кен байтақ жерінде мыңдаған өзендер, көлдер, теңіздер бар. Бұлардың қай-қайсысында болса да балықтар өмір сүреді, ондағы тұрғындардың көпшілігі балық шаруашылығын кәсіп етумен шұғылданып келеді. Осы кәсіп саласында қолданылып жүрген сөздер мен сөз тіркестерін толық сұрыпталып болды деп айта алмаймыз. Көркем әдебиеттерде, аудармаларда, күнделікті баспасөзде *бекіре* // *мекіре* (осетр); *тісті* // *көкала* // *көксерке* (судак); *акбалық* // *ақмарқа* // *марқа* (жерех); *қарағоз* // *көкмоын* // *қылауыз* (вобла) сияқты бір балық атауының бірнеше нұсқада жарыса қолданылуы осыған дәлел. Мәселен, еті ірі тікенді, үстінде қабыршағы, аузының төменгі екі жағында мұрты бар, түсі көкшіл, ақ шұбар, еті дәмді үлкен балықты Арал тұрғындары *сүген* деп атайды. Мысалы: Аралдың сүгені (қаяз) ешбір теңізде кездеспейтіндігі талай ғылыми еңбектерге өзек болды [Жас Алаш, 2001, 14-сәуір]. Сол сияқты *көксерке* (морской судак, түсі көкшіл ала, жыртқыш балықтар қатарына жататын алабұға тектес балық) түсіне байланысты *көкала*, дене мүшесіне байланысты ірі тісті балық болғандықтан, *тісті* деп танимыз. Сондай-ақ сазанды Іле бойындағы балықшылар *таутан* деп атаса, Балқаш бойындағы балықшылар *тауган* деп *алабұғаны* айтады. Сазанның ең кіші, салмағы 100-150 гр. болатын балық *карбол* деп аталады. Осы балық атауы *Аралда монке*, Каспийде *торман*, Шалқарла *қарабұрға* делінеді. Тілдегі мұндай ала-

құлалықтан арылуымыз қажет. Дегенмен осы кәсіп саласында қолданылып жүрегі сөздер мен сөз тіркестерінің біразын әдеби тілге енгізіп, жалпы халықтың кәдесіне асыруымызға болады.

Тақырып бойынша сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сөз мағынасының тарылуы мен кеңеюіне байланысты мысал жазу.
Олардың семантикалық құрылымына талдау жасау.
2. Жергілікті сипаттағы кәсіби сөздердің әдеби тілге әсері.
3. Арнаулы сөздер мен халықтық атаулардың өзара дублеттік қатар түзуіне байланысты мысалдар жазып келу, олардың арасындағы мағыналық тепе-теңдікті айқындау.
4. Лексика-семантикалық және терминологиялық өріс. Терминологиялық өріске өткен сөздердің терминдік қызметі. Мысал жазып, дәлелдеу.
5. Термин сөздердің өзара жарыспалығы туралы терминолог-ғалымдардың пікірлерін жазып, терминологиялық сөздіктен, БАҚ-н терминдік дублеттерге мысал келтіріңіз.

Әдебиеттер:

1. Қашқари М. Түрік сөздігі // Аударған Егеубаев А. – Алматы, 1997.
2. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі. – Алматы, 1997.
3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы, 1998.
4. Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар. – Алматы, 1990.
5. Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құрал. – Алматы, 2007.
6. Қалиев Ғ, Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. – Алматы, 1991.
7. Кәрімов Х. Қазақ диалектологиясының кейбір мәселелері. – Алматы, 1973.

6 - тақырып. Терминдік дублеттер және синонимдер

Тірек сөздер: термин, терминжасам, терминдену, терминделуші ұғым, терминдік дублеттер, терминдік синонимдер, терминологиялық өріс, терминделуші ұғым.

Ғылым дамыған сайын оның салалары дараланып, зерттеу объектілері тармақталып, дами береді. Соның бірі – терминология мәселесі. 1990 жылдардан бері терминдерді ұлттық негізге қарай икемдеу, ыңғайлау бағыты басымдық ала бастады. Күні бүгінге дейін ғылым тілінің 70-80 пайызын құрап келген интернационалдық терминдер ұлттық тілімізге сай төл атауларымызбен берілуде. Оған *президент – елбасы, документ – құжат, презентация – тұсаукесер, герб – елтаңба, коррупция – сыбайлас жемқорлық* сияқты жаңа қолданыстар дәлел бола алады. Бұлар – әдеби тілден орын алатын жаңа лексикалық қазына. Сонымен қатар жиі қолданысқа түскен жаңа сөздердің қатарына *жүктеме* (нагрузка), *лездеме* (летучка), *уәждеме* (мотивировка) бірліктерін айтуға болады. Бұларды қолданылу жиіліктеріне қарап лексикалық қорға ене алады деуге болады.

Дегенмен халықаралық терминдер жүйесін ұлт тіліне аударудың принциптері мен ережесінің жасалмай келуі, оларды жазу, қабылдау тәртібінің белгіленбеуі термин шығармашылығына үлкен кедергі жасап отыр. Салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ең алдымен, қазақ тілінің төл және байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдаланатынымыз сөзсіз. Тіліміздегі терминдерді қалыптастырудағы басты нысан – атаулардың қысқа, әрі нұсқа, мән-мағынасына қарай ұлттық дүниетаным үндесіп, дараланатын балама табу.

Сондықтан да әрбір ұсынылған терминдер мен атаулардың қолданыс барысында талғам-талап елегінен өтеді. Себебі терминдік атаулар тек қолданыста ғана қалыптасады. Соңғы жылдары қоғамымызда жүріп жатқан саяси-әлеуметтік, мәдени-экономикалық өзгерістердің тілімізге, әсіресе терминологиялық лексика қабатына әсері осының бір көрінісі. Қазіргі күнде мұндай терминдерге балама табуға тырысушылық белең алуда. Бұл жөнінде Р. Сыздыкова былай дейді: "... бұдан жүз жылдан астам бұрын қазақ тіліне еніп, қолданыста әбден дағдыға айналған кірме сөздерді енді қайтадан қазақшалап, жасанды сөздермен білдіру тіл үшін де, ол тілдің иелері үшін де оңтайлы емес, өйткені тіл тіршілігінде дағды факторының орны ерекше, онымен қай тіл болса да санаспай отыра алмайды, себебі тіл – қалың жұртшылықтың, бүкіл халықтың құзырындағы дүние" [1, 5 б.].

Термин мағынасы дәл болуы керек деген талаптың өзі ұғыммен тығыз байланысты. Қарапайым ұғымға қарағанда көбінесе ғылыми ұғымның мазмұны бай, белгілері нақты болып келеді. Ғылыми ұғымның белгілері ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелеріне сәйкес немесе тәжірибе негізінде анықталады. Ғылыми-техникалық терминдерді қалыптастырудың кеңестік терминология мектебінің негізін қалаушы Д.С.Лотте көрсеткен үш негізгі тәсілі бар: 1 тәсіл – туынды сөздердің, күрделі сөздердің, сөз тіркестерінің негізінде түзіледі; 2 тәсіл – (семантикалық) тілде бар терминдер немесе жалпыхалықтық сөздердің мағынасын өзгертіп қолдану жолы; 3 тәсіл – басқа тілдік терминдерді қолдану, яғни, кірме терминдер [2, 54 б.].

Осы заманғы медицина ғылымының дамуына байланысты туындаған жаңа ғылыми ұғымдар мен концепциялар медицина лексикасының үнемі жаңа

терминдермен толығын отыруына себепкер болып отыр. Медициналық терминологияда метафоралық құбылыс – атау (номинация) жасаудың семантикалық тәсілімен сәйкес келеді. Бұл туралы Г.А.Краковецкая "Метафоризация как средство формирования медицинской терминологии" атты мақаласында: "Термин шығармашылығында метафоризация жолымен жасалған терминдер адам санасына тереңірек үңілуге және термин қалыптастыру кезеңіндегі ғылымның даму деңгейі туралы мәліметтерді толықтыруға, терминденетін объектінің атауы туралы түсінікті түсінуге мүмкіндік береді", – дейді [3,41 б.]. Дегенмен ғылымда метафора бастапқы кезде поэзиядағы сияқты жолдармен туындаса, бірнеше процесстер нәтижесінде оның эмоционалдык бояуы өшеді, сөйтіп метафора ғылыми тілдің прагматикалық сапасына бағынады. Соңғы жылдары зерттеушілер тіл білімінде метафораны ойлаумен, таныммен, лингвистиканың түрлі салаларымен байланыстырып түрлі қырынан зерделеп келеді. Метафора тәсілі арқылы жасалған термин шығармашылығы адам іс-әрекетінің атауыштық және танымдық қабатын құрайды, бұдан метафоралық жолмен жасалған терминдердің дәстүрлі халықаралық жолмен жасалатын тәсілдерге көмекші тәсіл екенін аңғарамыз.

Ұлттық тілдің бір тармағы болатын ғылым мен техника тілінде бір ұғымның термин жүйеде түрлі тәсілдермен берілу құбылысы байқалады. Әрбір термин бір мағынаны білдіріп, бір ұғым бір атаумен берілуге тиіс, бірақ тілде үнемі бұлай бола бермейтіні байқалады.

Термин сөз бір ұғымды білдіру үшін қолданылатындықтан, бір ұғымның бірнеше атауының болуы дұрыс емес, алайда терминологияда осы құбылыс орын алып отыр. Жарыспалық пен

синонимияның терминдер жүйесінде қатар өмір сүруі – термин жүйесінің шығу тарихы мен қалыптасуына байланысты. Мәселен қазақ тіліндегі лингвистикалық терминдердің көпшілігі ұлттық тілдің негізінде емес, орыс тілінен, ал орыс тілі терминдері грек және латын тілдерінен алынған болатын. Алайда шетелдік балама алуға жеңіл болғанмен, түбегейлі игеруге қиындық туғызуда. Осылайша сандық құрамының өсуі мен қолданылу өрісінің кеңеюіне байланысты лингвистикалық терминологияда басқа тілдік база қалыптасып, күрделене түсті. Сонымен қатар олар бірте-бірте ұлттық тілдің нормасына сай бейімделе бастап, ассимиляцияға ұшырай отырып, өмірге термин жарыспалығын келтіреді. Терминологияда халықаралық терминдердің ұлттық нормаға сай берілуі және ол баламалардың бір емес бірнеше нұсқада берілуі, оған қоса халықтық атаулардың жарыса қолданылуы термин сөздер жарыспалығын туғызып отыр. В.Н.Молодец дублеттік терминдер шет тілдік және ана тілінің үлгісімен жасалған лексемалар синонимдік қатынаста бола отырып, стилистикалық реңкі, қолданылу өрісі жағынан ерекшеленеді дейді [4,356.]. Осы себепті, лингвистикалық терминологиядағы барлық синонимдерді үш түрлі тұрғыдан қарастырады: 1) синонимдер басқа тілдік негізде, 2) синонимдік жұптар "интернационалдық – ұлттық негіздегі калькалану тәсілі немесе дублеттер", 3) ұлттық тілдегі синонимдер негізінде. Ол орыс және неміс тілдеріндегі лингвистикалық терминдерді талдай отырып, оның бірден-бір көрсеткіші – синонимия екендігін айтады. Бірқатар лингвистер тіл заңы бәріне жалпы болғандықтан, терминология да осы заңға негізделуі керек, демек, синонимия – заңды құбылыс дегенді алға тартады. Теориялық тұрғыдан, терминдер жүйесінен синонимдер мен ығыстырып шығару қажет-

ақ, бір ғана ұғымды бір ғана атаумен таңбалау дұрыс, бірақ терминжасам жүйесі бұл міндеттің орындалуы аса күрделі екенін көрсетіп отыр. Дәлел ретінде, В.Н.Молодец "неміс тіліндегі 3000 лингвистикалық терминдерге орыс тіліндегі 3500 лингвистикалық терминдер сәйкес келетінін айта отырып, жалпы дублет сөздер мен синонимияны лингвистикалық термин жүйесінің ажырамас бір бөлігі", – деп санайды. В.Н.Молодец синонимдер тән емес терминдерді "мононимдер" деп, үш синонимдерден артық терминдерді "полионимдер" деп атауды ұсынады. Полионимдерге "интернационалдық – ұлттық калька" типтегі дублеттерді жатқызады. Мононимдерге тілде әлі баламасы жоқ шет тілдік сөздерді жатқызады. Семантикалық кеңеюіне қатыссыз титтей де мағыналық айырмасы жоқ, бір терминнің әр тілдегі айналық көшірмесін, мағыналас жұптарын С.Ақаев жалған синонимдер деп бағалаған және қазақша түзер алдында мұндай мағыналас терминдерді сипатына қарай жіктеп алу маңыздылығын атап көрсетеді. Бірқатар зерттеушілер мұндай жұптарды қосалқы терминдер (терминологические дублиеты) деп атауды қостайды.

Терминнің атауыштық қасиетін – бір нәрсенің не құбылыстың өзіне ғана тән ұғымдық анықтамасынан көруге болады. Ең алдымен бір жаңа ұғым үшін бірнеше баламалардың ұсынылуы кез-келген тілде кездесетін жағдай. Бұл, әсіресе қазіргі қазақ ұлттық терминологияның қалыптасуы процесінде айқын байқалады. Өзге тілдегі терминдердің, терминдік тіркестердің қазақ тіліндегі баламасын қалыптастыруда қазіргі кезде бірнеше атау сөздер ұсынылып, қолданысқа түсіп жүр. Әдеби тілдің терминдік жүйесіндегі осындай сипат жарнама мәтіндерінде көрініс тапқан. Мәселен, жарнамаларда "зубной налет" терминдік тіркесі үшін *тіс қарғы, тіске*

қақ тұру, тіс дағы қатарлары жарыса қолданылады. Мыс: Colgate – тіске қақ тұрудан сақтайды. Жаңа, жұмсақ дәм тіс дағынан сақтайды. Северал минт – тіс қарғы мен тас түзілуіне қарсы тіс сықпасы. "Зубной налет" термині орыс тілінде "тонкий слой чего-нибудь на поверхности зубов появляющийся при их нечистки" (ТСРЯ, с.385) деп берілген. Стоматология терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігінде бұл терминнің аудармасы бірнеше лексемалармен берілген: налет – қақ, өңез, таңдақ. Тіс тазаланбай қалғанда қызыл иек қабынғанда, тіс ауырғанда пайда болатын түзіліс. Сол сияқты кариес те бірнеше баламалармен беріледі: тісжегі, тіс бүлінуі. Жарнама мәтіндерінен көріп отырғандай зубной налет, кариес терминдері бірнеше баламалармен жұмсалып жүр. Бұлардың ішінде семантикалық экспликация, яғни түсіндіріп беру – тіске қақ тұру (қақ – кір, салтақ, сауыс) (ҚТТС, 2, 23 б.), семантикалық жағынан сәйкес келетін балама – тіс дағы. Дак – мін, кір. (ҚТТС, 1, 157 б.). Сол сияқты тіс бүлінуі, тіс зақымсы – түсіндіріп беру, тістің қатты тканьдерінің бүлінуінен болатын кемістік – тісжегі тіркесінде семантикалық сәйкестік бар. Сонымен тілімізде белгілі дәрежеде ұшырасатын термин синонимдер мен терминдік сипаттағы дублеттер халықаралық және ұлттық негіздегі калькалану тәсілі нәтижесінде туындайды деп тұжырымдаймыз. Бүгінгі тілде терминдік сипаттағы лексикалық дублеттер сандық құрамы жағынан көбейіп, өсе түсті және олардың нормалану процесі де жүре бастады. Бұқаралық ақпарат құралдары, іс-қағаздары мен ғылыми әдебиеттерде қазақша атауы жиі қолданылып, әдеби норма ретінде қалыптасу процесі жүруде. Мысалы: сауалнама – пікіртерім (анкета), айыптул – айыпақы (штраф), өтемақы – қарымақы (компенсация), демеуші – демеурін – медетші (спонсор),

омарталы телефон – ұялы телефон, сүйермен – жанкүйер (болельщик), лездеме - летучка дублеттік терминдер қатары бір кездері жарыса қолданысқа түссе, қазіргі кезде жалпыхалықтық қолданысқа түскен, бұқаралық ақпарат құралдары тілінде тұрақтала бастаған нұсқалары ретінде – *ұялы телефон, демеуші, айыптұл, өтемақы, жанкүйер, лездеме* атауларын айтуға болады.

Кез-келген тілдің терминдік жүйесінің қалыптасу кезеңінде жарыспалы қатарлардың сұрыпталуы үшін бірнеше ұстанымдар керек. Сөздің әдеби тіл нормасына енуі үшін үш принцип ұсынылып жүр: *актуалдылық меже, сәйкестік меже, эстетикалық меже* [5,35 б.]. Бұл принциптер бойынша, лексикалық дублет қатарларының кең қолданысқа түсіп, жалпыхалықтық сипат алған нұсқасы нормаланған тіл элементіне айнала алады, тілімізге енген жаңа сөз сөзжасамдық және стийлдік заңдылықтарға бағынуы керек. Жаңа сөз қолданыстарының өзі атау болған құралдардың толық атауын бере алатындығын дәлелдейді. Сондай-ак сөздік құрамға енген әр сөз түсінікті және жағымды болуы тиіс.

Әрбір жаңа сөз қолданысы немесе жаңа терминдер, ең алдымен, баспасөзде қолданыла келе сөздік құрамға енеді. Бұған қарап кез келген жаңа атаудың, жаңа бірліктің баспасөз бетінде жариялануы жеткілікті деп айту ағат айтқандық болар еді. Мәселен, *семья* сөзі алғаш – *үйелмен, жанұя, отбасы* нұсқаларында қолданыла бастады. Қазіргі кезде "*семья*" сөзінің баламасы ретінде *отбасы* сөзі ресми құжаттарда бірыңғай қолданылса, бұқаралық ақпарат құралдарында, ауызекі сөйлеу тілінде *жанұя* атауының жарыса қолданылуын байқаймыз. Мұны «жанұя» сөзінің бойындағы атқарып тұрған қосымша стилистикалық реңкпен түсіндіруге болады. Сондай-ак баспасөз беттерінде "*микрорайон*" сөзіне балама ретінде алынған *шағынаудан, кіншіаудан, мөлтекаудан, ықшамаудан; "гимн"* сөзінің орнына

елұран, әнұран сөздерінің жарыса қолданылуының нәтижесінде *ықшамаудан, әнұран* сөздерінің елгезектеніп шығуын аңғару қиын емес. *Значок* сөзінің *белгіше, төсбелгі* деген баламаларын кездестірдік. Мұндағы *белгіше* сөзі семантикалық тұрғыдан *значок* сөзінің мағынасын дәл береді, яғни мағына мен тұлға ұқсастығы сай келеді, дегенмен берілген тұлғалардың қайсысының елгезектеніп шығуын тілдік қолданылым көрсетеді.

Қоғам дамыған сайын жаңа заттар мен құбылыстар да пайда болып отырады. Өмірге келген жаңа заттар мен құбылыстарды атауда біз көбінесе тіліміздің байырғы сөздік қорына жүгінеміз. Дегенмен тілдің сөздік құрамының толысуы бір ғана ішкі мүмкіндіктері арқылы ғана болып қоймайтыны белгілі. Мысалы: тілімізде көнерген сөздер қатарынан орын алған *әкім, отбасы, даңғыл т.б.* сөздері қазіргі уақытта жаңа терминдік мағынаға ие болып жүр. Тілдегі сөздердің жаңа мағынаға ие болуының тәсілдері көп. Жаңа сөз ұғымы жаңаша қолданысқа түскенде заттық белгі санамызда қалыптасуы керек. Заттық белгі мен мағыналық дәлдікті ұштастырмаған жаңа қолданыс басқа сөздермен байланысқа түсе алмайды [6,9 б]

Терминдер терминдену тәсілі арқылы жасалады. Осының ішінде лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған терминдер, бірігу арқылы жасалған терминдер БАҚ-та жиі қолданылады. Әсіресе БАҚ-та көнерген сөздердің қайта түлеуі, кәсіби сөздердің, диалектілік лексиканың терминденуі жиі байқалады. Түрлі ғылым саласына байланысты терминдер БАҚ-та алғаш көрініп, сынға ұшырап немесе өз орнын тауып жатты. Мысалы: самолет – "өзіұшар, ұшак" деген екі баламада жүріп, тұрақталса, вертолет сөзі бірден "тікұшак" деп қабылданды. Яғни *ұшақ, тікұшақтың* түрік тілінен негіз алып қолданылуы және оның тезірек қалыптасып кетуі

оның баламасының сапасына байланысты.

Тілміздің ұлттық терминологиясын қалыптастырып, дамытуда ғылыми зерттеу еңбектермен қатар баспасөз ақпарат құралдары бүгінде ауқымды жұмыс атқарып отырғанын анық байқаймыз.

Тақырып бойынша сұрақтар мен

тапсырмалар:

1. Терминтану – лексикологияның бір тармағы. Конспект жазу.
2. Терминдік дублеттер мен синонимдер мәселесі жөніндегі тілші ғалымдардың пікірлері қандай?
3. Терминдік дублеттер мен синонимдердің түзілу жолдары?
4. Берілген арнаулы сөздердің терминдік мағынасын жазыңыз: термин, терминжасам, терминдену, терминделуші ұғым, терминдік дублеттер, терминдік синонимдер, терминологиялық өріс, терминделуші ұғым.
5. Терминологиялық сөздіктерден терминдік дублеттер мен синонимдерге мысал теріп жазу, мағыналық тепе-теңдік пен жуықтықты дәлелдеу.

Әдебиеттер:

1. Сыздыкова Р. Ғ. Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі дублеттер жөнінде // Тіл мәдениеті және баспасөз. – Алматы: Ғылым, 1968.
2. Лотте Д. С. Вопросы заимствования и упорядочения иноязычных терминов и терминологических элементов. – М., 1982. – 226 с.
3. Краковецкая Г. А. Метафоризация как средство формирования медицинской терминологии // В сб.: Вопросы диалектологии восточно-славянских языков. – Киев, 1979. – С.48-55.
4. Молодец В.Н. Некоторые проблемы терминологической синонимии // Термины и слово. – Горький, 1983. – С.35-39.
5. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы, 1998. – 213 б.
6. Хасанов Ғ. Бұқаралық ақпарат құралдарында терминдердің нормалануы // Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. – Астана, 2002. –

I-модуль бойынша тест тапсырмалары

1. Синонимдер қатарын көрсетіңіз:

- A) аяқ астынан – ғайыптан – кенетен – тосыннан;
- B) жүгері - борми - порми - көмбеқонақ;
- C) тұқым-жұмыртқа – мәйек – мекпен;
- D) ой – қаз – түбек – жаз;
- E) ұйқассыз өлең – ақ өлең;

2. Вариант сөздерге тән басты белгі –

- A) мағыналық карама-карсылық;
- B) мағыналық жуықтық;
- C) мағыналық тепе-теңдік;
- D) көп мағыналылық;
- E) мағыналық жақындық.

3. Вариант пен лексикалық дублеттердің арасындағы ерекшелік –

- A) морфемдік құрамының әр басқа болуы;
- B) морфемдік құрамының бір болуы;
- C) мағыналық тепе-теңдік;
- D) мағыналық жуықтық;
- E) түбір тұлғасының бір болуы.

4. Г.Глисон дублеттік лексемалардың пайда болу жолын байланыстырады:

- A) лексикалық бірліктердің уәждемелік белгілерімен;
- B) тілдік жүйедегі ескі және жаңа форманың қатар жүруімен;
- C) кірме сөздер мен халықтық атаулардың жарыса қолданылуымен;
- D) жергілікті сөйленістердің өзара жарыса қолданылуымен;
- E) сөздердің толық түрі мен қысқарған сөздердің вариант боуымен.

5. Фонетикалық варианттарды көрсетіңіз:

- A) малсақ – малжанды – малқұмар;
- B) құрттай – құртымдай – құртақандай;
- C) кымыран-шұбат;
- D) аптека // аптек // әптек // әпшек.
- E) отбасы – үйелмен – жанұя;

6. Дауыстыларға тән ең негізгі белгі -

- A) дауыстан тұрады;
- B) екпін қабылдайды;
- C) буын құрайды.
- D) ауа кедергісіз шығады;
- E) созып айтуға келеді.

7. Дауыссыздарға тән ең негізгі белгі -

- A) салдырдан жасалады;
- B) екпін қабылдамайды;
- C) буын құрамайды;
- D) ауа кедергіге ұшырайды;
- E) созып айтуға келмейді.

8. Лексикалық дублет қатарын көрсетіңіз:

- A) Сірінке - кеуірт - оттық - шақпақ – шырпы;
- B) көйлек-жейде;
- C) әдемі - әсем – көркем - сұлу;
- D) белесті өтті – белестен өтті;
- E) бал ашу – құмалақ салу – карта ашу.

9. Тілдегі сөздердің тұтас жиынтығы:

- A) сөздік қор; B) сөздік құрам;
- C) табу; D) синонимдер;
- E) тұрақты тіркестер.

10. Өзара мәндес сөздер қатары қалай аталады:

- A) антонимдік қатар;
- B) омонимдік қатар;
- C) синонимдік қатар;
- D) полисемиялық; қатар;
- E) гипонимдік қатар.

11. Әдеби-диалектілік дублеттер қатары:

- A) жаны сірі - жаны сіріден жасалған - жаны сіріден берік;
- B) іссапар – жолсапар;
- C) эхинокок - жылауық құрт;
- D) бөкен - киік - газел – сайғак;
- E) Жүгері - борми - көмбеқонақ;

12. Ғылым мен техниканың түрлі салаларында қолданылатын арнаулы сөздер қатары:

- A) сөйлем, ғаламшар;
- B) әмбебап, ақжайма;
- C) құлыншақ, қаржы;
- D) жұтқыншақ, жүргізуші;
- E) жанұя, айдарман.

13. Диалектілік дублеттер қатары:

- A) бұрыс-мәтке – белағаш – арқалық;
- B) жүгері- борми – көмбеқонақ;
- C) бәкі - шаппа – қайырма – забиял;
- D) разы - риза – ырза;
- E) қауын – діңке.

14. Тура уәждеме арқылы жасалған туынды сөз -

- A) бақытты;
- B) бақытқа;
- C) бақыт;
- D) бақытты болу;
- E) бак кону.

15. Ауыспалы уәждеме арқылы жасалған туынды сөз

- A) үлгі алу;
- B) кітап алу;
- C) оқуға алу;
- D) алып келу;
- E) ала салу.

16. Морфологиялық вариант қатары:

- A) бөгелек – бүгелек – бүгелүк;
- B) ел - халық- жұрт;
- C) тиісті – тиесілі – тиесі;
- D) қарбыз – дарбыз – арбыз;
- E) шекілдеуік – пісте – семішке;

17. Әдеби тілге қатысы жағынан лексикалық дублеттер бөлінеді:

- A) әдеби компоненті айқындалған және айқындалмаған дублеттер;
- B) әдеби дублеттер;
- C) әдеби-ауызекі тілдік дублеттер
- D) әдеби, әдеби-диалектілік дублеттер;
- E) әдеби-диалектілік дублеттер.

18. Фразеологиялық варианттар қаттары:

- A) келесі жылы – келер жылы – жарын жылы;
- B) лезде – жылдам – қас пен көздің арасында;
- C) келгеннен бері – келгелі бері;
- D) алып кел – апкел - әпкел - әкел;
- E) қас пен көздің арасында, ит арқасы қиянда.

19. Орфоэпиялық вариант қатары:

- A) пұшайман – пышайман – пішайман- пүшәйім;
- B) айқай – айғай;
- C) бұрнағы күні – мұрнағы күні;
- D) рұқсат – ұрықсат – лұқсат – ұлықсат;
- E) ылди – еніс - төмен.

20. Кемінде екі сөздің тіркесуінен жасалған, мағынасы біртұтас, құрамы мен құрылымы тұрақты, даяр қалпында қолданылатын тілдік бірлік:

- A) фразеологизмдер;
- B) неологизмдер;
- C) еркін тіркестер;
- D) морфемалар;
- E) сөйлем.

21. Тыйым салынып, басқаша аталатын сөздер тізбегі лексикологияда қандай терминмен белгіленеді:

- A) дисфемизм;
- B) морфема;
- C) табу;
- D) фонема;
- E) омоним.

22. «Әк» сөзінің диалектілік дублет қатары:

- A) ақ тас - утас – ақ керіш;
- B) ақ керіш -- ақ балшық – ақ сүт;
- C) извести – ізбес - әктеу;
- D) ақтау - әктеу – балшық;
- E) әк – ақ тас – у тас – ақ балшық.

23. Мағыналық тепе-теңдігін сақтай отырып, белгілі бір тілде жарыса қолданылатын сөздер –

- A) морфологиялық варианттар;
- B) лексикалық варианттар;
- C) фонетикалық варианттар;
- D) орфографиялық варианттар;
- E) сөз варианттары.

24. «Құмыра» сөзінің диалектілік дублет сынары -

- A) діңке;
- B) жейде;
- C) көзе;
- D) сым;
- E) бояу.

25. «Зорман» сөзінің әдеби дублеттік баламасы –

- A) тышқан;
- B) саршұнақ;
- C) құлан;
- D) бұлғын;
- E) егеуқұйрық.

7 - тақырып. Лексикалық дублеттер мен синонимдердің арақатынасы

Тірек сөздер: лексикалық мағына, синонимдік мағына, сема, семантикалық мазмұн, семантикалық құрылым, коммуникативтік орта, лексикалық бірлік, жартылай синонимдер, толық синонимдер, ұғым, мағына, сөз.

Тіл білімінде дублет сөздер мен синонимдерді ажырату жолы әлі сараланып, анықталмай келе жатыр. Алғашқы кезде мұндай сөздер туралы пікірлер әр түрлі болды. И.А.Оссовецкий: "В диалектах наблюдается большое количество вариантов для номинации одного и того же понятия, явления, и реалии. Такие варианты образуют сложную цепь синонимов, отдельные звенья которой очень близки между собой по звучанию и не различимы по значению. В употреблении этого типа синонимов наблюдается известное безразличие. Хорошим примером может служить синонимический ряд слов говора со значением "если, езли, ели, лешли, лезли, лесли, эели, эли" [1, с.180] деп жазса, басқа авторлар мұндай сөздерді синоним деуге болмайтынын айтады. Синоним мен лексикалық дублеттердің арақатынасы туралы айтылып жүрсе де, бұлар әрқашан жүйелі түрде ажыратыла бермейді. Нақтырақ айтқанда, бір ұғымды бірнеше атаумен атау – тілдің табиғатына тән. Олардың бірқатары синонимдік қатарға айналып, тілдің коммуникациялық қызметін икемді етеді. Бұл түсінікті де. Мәселен, *батыл ~ өжет ~ откір* синонимдерінің өзіне тән мағыналық реңкі, стильдік ерекшеліктері болғандықтан, стильдік кабаттың сан алуан деңгейлерінде талғаусыз қолданыла беретін синонимдік қатарлар тізбегіне жатқызуға болады. Бұл қасиеттер батырлық туралы ұғымда жинақталып, топшыланып берілген. Ал *дегелек//ләйлек, дуадақ//тоқтыбалақ //қозыбалақ* сияқты мысалдардан бір ұғымның бірнеше атауға ие

болғандығын байқаймыз. Мұсылман халықтарында *ақ ләйлек* қасиетті құс саналады. Мысалы, арабтар оны "хаджи – лаклак" деп атайды екен. Ол "қажы – ләйлек", яғни Меккеге барған құс деген мағынаны біліреді.

Р. П. Филин синоним болу үшін сөз бір ғана коммуникативтік ортада өмір сүруі керек деп есептейді. "Когда мы говорим о синонимах, антонимах, омонимах, полисемантизме и иных лексико-семантических связях, мы обязательно имеем виду сосуществование слов одной и той же живой, действующей коммуникативной единице. Иначе нам пришлось бы считать синонимами не только *работать и працювати*, но и *книга и das Buch, вода и water* и т.д." [2, с.38]. Яғни, лексикалық бірліктерді дублет деп тану үшін, олар бір тілдік ортада өмір сүруі тиіс. Дегенмен кірме элементтер өздерінің қазақша нұсқаларымен қатар жарыса қолданысқа түскендігін ғылыми әдебиеттердегі торф // *шым тезек, интонация // дауыс ырғағы, эхинококк* (ғыл.) // жылауық құрт (хал.) т.б. термин сөздер дәлел бола алады. Лексикалық дублеттер де синонимдер сияқты бір коммуникативті ортада өмір сүруі тиіс, алайда тілде әрдайым олай бола бермейтіндігіне тілдік жоғарыда берілген тілдік фактілер дәлел болады. Ал оларды тілден бірден ығыстырып шығару мүмкін емес. Себебі, олар – тілдің қажеттілігін қамтамасыз ететін және дағдылы қолданысқа түскен бірліктер. Дегенмен кірме тілдік бірліктер төл сөздермен қатар қолданыла келіп, семантикалық тұрғыдан елеулі өзгерістерге ұшырайды. Мәселен, *нұсқау* мен *директива* бірінің орнына бірі талғаусыз қолданылып келсе, соңғы кездері *нұсқау* деген сөз орысша *инструкция* мағынасында, *директива* деген сөз саяси термин ретінде тілімізде қалып қойды.

Дублеттер синонимдер сияқты белгілі бір контексте бірін-бірі алмастыра алмайды. Себебі лексикалық

дублеттердің бір сыңары говорлық сипатқа ие болғандықтан, говор иелері өзге сөйленістердегі сөздерді білмеуі мүмкін. Мәселен, жергілікті тілде ұнның кебегі ұғымының төрт-бес түрлі атауы бар: кебек // *күрпі* // *жарма* // *отырба* // *буызы*. Ұнның *күрпісі* жиналып қалды (Орал, Чапай). *Күрпісі* аз шықты, бидай майда тартылыпты (Ор., Ад.). Електен өгпей қалған *жарманы* жеген мал тез семіреді (Ақт., Ырғ.). Аталған атаулардың барлығы бір ғана затты білдіреді, мағына тепе-тең, стильдік те ешқандай ерекшелігі жоқ. Беріліп отырған лексикалық дублеттердің ішінде қазіргі тілде *кебек* сөзі жиі қолданысқа түскен әрі ғылыми ұғымның атауы ретінде қалыптасқан. Жалпы қолданыстағы сөздің терминденуіне ұғымдардың ұқсастығы (бір нәрсенің қалдығы) негіз болған. Жалпы қолданыстағы «кебек» сөзінің негізінде биология және жол шаруашылығы саласында терминдік дефиницияға ие болған.

Жалпы сөздің ішкі мағыналық құрылымының ұқсас-жақындығы ауқымы кең ұғым болғандықтан, мағыналық бірлікке құрылған сөз мағыналарының ішкі семалық бөліктерінде өзара алыстың алыстығымен қатар, жақынның да жақыны болатындығын байқаймыз. Осы себепті, лексикада синонимдер мен лексикалық дублеттердің ара жігін ажырату қиынға соғады. Бұл жөнінде Ә. Болғанбаев: “Синонимдер бір ғана ұғымды білдіреді дегеннен олардың мағынасы нақ бірдей, әр уақытта олардың мағынасы тепе-тең болып тұрады деген сыңар жақ ұғым тумаса керек”, – дейді [3, 105 б.].

Философияда таным процесі белгілі бір зат не құбылыс туралы ұғымға негізделеді. Ұғым белгілі бір тілдік формаларда бейнеленіп, тілдің соған сәйкес сөздік мәнін құрады. Әйтсе де ұғымның басты белгілерінің бірі болып танылған мағына өзгергіш келеді. Мағына бір сөздің өзінде алуан түрлі болуы мүмкін. Оның қай

мағынада жұмсалып тұрғаны мәтін ішінде көрінеді. Ал атау негізіне алынған ұғым ешқашанда өзгермейтін тұрақты түсінік. Ұғымды тілдік тұрғыдан түсіндіру арқылы ішкі мәніне барлау жасауға болады. Тіл тек мағыналарды айтып қана қоймайды, сонымен бірге, өз бойында адамдардың рухани тәжірибелерін қалыптастырады және топтастырады. Мәселен, киікті әр ұлт өз тілінде басқаша атайды. Әрбір тіршілік иесіне тағылған халықтық атауымен қатар бекіген ғылыми атауы болады.

Сайға татарика – киіктің ғылыми атауы, *сайғақ* – орысша атау болғанымен, қазақта *сайғақ* деп киіктің текесін, *құралай* деп оның лағын атайды. *Сайға татарика* – татар даласының сайғасы деген сөз, түп төркіні қазақтың сайғағы [Ана тілі, 2003, 17- ақпан]. *Сайғақ* – ана тілімізде көпмағыналы сөз. Оның сояу бұтақты ағаш, қару есебіндегі үшкіл таяқ мәніндегі мағынасы бар [КТТС, 8, 458 б.]. Мұндағы *сайғақ* киіктің ғылыми атауы бола тұрса да, қазақ танымындағы *сайғақ* киіктің текесі ретінде танылғандықтан, өзара дублеттік қатар түзе алмайды. Өйткені екеуі екі бөлек ұғымның атауын құрайды.

Газел, гозел, газел – араб сөзі. Қазаққа парсы поэзиясы арқылы тараған. Сөйлеу тілінде сирек қолданылады. Арабтар мен парсы жұрты *газел* деп таныса, онда бұл сөз киіктің басқа ұлт тіліндегі атауын құрайды.

Бөкен – оңтүстік өңіріндегі қазақтардың көрші халықтар ықпалымен (бука, бухин) өзгертіп алған аты. Бұған С.Сейфуллиннің белгілі “Аксақ киік” өлеңіндегі “Киікті қазақ және дейді бөкен”, – деген сөзі дәлел болады. [ҚСЭ., т.І. 258 б.]. Бөкен сөзіне оның түсі қосылып *ақбөкен* аталған.

Киік деген атаудың ұлт танымының ментальдық ерекшелігіне орай жалқы есімге ие екендігін тілімізде қалыптасқан бірқатар сөз тіркестері дәлелдейді. *Кісі киік*

– жұртпен араласпайтын, өзін аулақ ұстайтын, не мүлде ел-жұрттан безініп кеткен адамды айтады. *Киіктің асығындай, киіктің құралайындай* (әдемілік, сұлулық), *киіктің жатағы, киіктің суаты, киіктің матауы, жез киік* дегендерде жалпылық емес, нақтылық бар. Жалпы *газелдің* біздің жерімізде болмауына байланысты, киіктің де казак даласында белгілі өңірлерде ғана, онда да маусымдап қана болуына байланысты *бөкен* атауының көрші, әрі туыс тіл каракалпақтан Сыр өңірі арқылы енгенін байқаймыз. Себебі, бұл жер – киіктің қыстайтын мекені. Бірдей мағынада берілген бұл лексикалық дублеттердің ерекшелігі олардың стилистикалық қолданысымен байланысты. Яғни олардың қай стильде актив, пассив қолданылуы және стилистикалық реңкі жағынан ерекшеленеді. Мұндағы киік сөзінің басқа сөздермен тіркесу қабілетінің жоғары екендігін жоғарыда берілген мысалдардан көруге болады. Дегенмен *киік* сөзіне қарағанда жалпыхалықтық тілде *бөкен* сөзі жиі қолданысқа түскен, ал *газел, гөзел, газел* фонетикалық варианттары тек көркем әдебиетте, әсіресе, поэзия тілінде сұлулықты дәріптеу мақсатында көбірек қолданысқа түскен.

Синонимдер деп – мағынасы бір-біріне жуық, жакын сөздерді айтқанымызбен, тіл білімінде мағыналық ауқымдылығы жағынан күрделі саналағын бұл тіл бірлігіне тіл тарихында берілген анықтамалардан тілші ғалымдардың көзқарасының бір емес екенін аңғаруға болады. Орыс тілінің академиялық синонимдер сөздігінде синонимдерге төмендегідей анықтама берілген: "Синонимам в полном смысле следует считать слова которое определилось по своему отношению к своему эквиваленту (к другому слову с тождественным или предельно близким значением) и может быть противопоставленно ему какой-либо линией по

эмоциональной окраске, по стилистической принадлежности, по сочетаемости" [АСС, с.11].

А. П. Евгеньева синонимдер деп "Мағынасы жағынан жақын не тепе-тең түсетін бір ұғымды білдіре отырып, экспрессивті және стилистикалық реңкі жағынан ерекшеленетін сөздерді атайды" [4, 86.]. Мағына тепе-теңдігі ғана сөздерді синоним ретінде қарастыруға мүмкіндік береді (Григорьева, Мильчук). Тілші ғалымдар синоним сөздерді мағына тепе-теңдігімен және жуықтығымен байланыстырған. Кейбір ғалымдар синонимдердің тепе-теңдік мағынасын негізге алса, кейбіреулері мағынадағы жуықтықты негізге алады. Әйтсе де мұнда сөздердің бір ұғыммен астасып жатқаны маңызды болуы тиіс. Тұжырымдай айтсақ, синонимдердің негізгі мәні – атаулар семантикасының жақындығында, жуықтығында жатыр.

Таза семантикалық тұрғыдан қарастырғанда синонимдер нақты екі топқа бөлінеді: Мағыналық құрылымы толығымен сәйкес келетін (жуықтық коэффициенті жоғарғы деңгейдегі ($R=1$) және жарым-жартылай құрылымдық сәйкестігі ($R=0,1$) бар синонимдер. Біріншісін шартты түрде толық синонимдер десек, екіншісін – жартылай синонимдер деп атаған жөн. "Толық синонимдер мағыналық тепе-теңдікке құрылған сөздер тобын құрайды. Егер олардың қандай да бір ерекшелігі болса, онда ол қолданылуға қатысты стилистикамен байланысты", – дейді Е.Н. Толикина [5,27 б.].

Қазіргі кезде синоним сөздер деп дыбысталуы әр басқа, бір сөз табына тән, мағынасы бір-біріне жуық, жақын сөздерді танымыз. Бұл жөнінде А. Б. Шапиро "Общее мнение сошлось на том, что синонимами не являются полностью совпадающие по своему значению, синонимами является слова содержащие в своих сходных в целом, значения те или иные различия", –десе [6, 72 б.], Ә.Болғанбаев "Синонимдер белгілі бір ұғымды

білдіргенімен, олардың арасындағы мағына жағынан толық сәйкестік, тепе-теңдік қасиет болмайды", – дейді [3,105 б.].

Синонимдер тепе-теңдігінің негізін – олардың атауыштық қызметінің ортақтығымен түсіндіруге болады. Осы себепті де лексикалық дублеттер тіл білімінде синонимиядан туындайтын құбылыс ретінде жиі қарастырылады. Бұған жоғарыда келтірілген пікірлер дәлел бола алады.

Тілдің лексика қабатында дублет пен синонимнің ара салмағын анықтауды алғаш О.С. Ахманова көтерген болатын. В.М. Лейчик “Синонимдер бірдей және өзара жақын ұғымдарды білдіргеннің өзінде олардың семантикалық құрылымы әр түрлі болуы мүмкін, сондықтан, оларды компоненттік талдау әдісімен негізгі семаларға бөлгенде, мағынаның негізгі компоненттері сай келуі тиіс”, – дейді [7,43 б.]. Егер мағынаның негізгі компоненттері сай келсе, олар лексикалық дублет ретінде танылады. Л.М.Васильев “Синонимдерді мағыналық мазмұны бойынша ерекшеленетін синонимдер және бұл қатынастағы теңбе-тең синонимдерді дублеттер (*доктор // врач, языкознание // лингвистика*)” деп атайды [8,13 б.].

Лингвистикалық әдебиеттерде варианттылықтың синонимдерден туындайтын құбылыс ретінде қарастырылуы, вариант сөздерді синонимдердің бір саласы ретінде тануға себеп болды. И. Қ. Ұйықбаев вариант сөздерді синонимдердің бір саласына жатқызып, оларды *абсолюттік* және *қатыстық* деп екіге бөледі. Абсолюттік варианттарға сөз мағыналарын тапжылтпай, дәлме-дәл сол сөздердің өздерімен түсіндіру үшін қолданылған сөздерді жатқызады: *мал дегеніміз мал, өрт дегеніміз өрт* т.б. Ал қатыстық варианттарға құрылымдық, семантикалық және стильдік айырмашылықтары бар сөздерді жатқызады: *әйел//айал, қауын//діңке* т.б. Қатыстық синонимдерге мағыналары бір-біріне жуық, жақын сөздерді, ал абсолюттік

синонимдерге сөз варианттарын, сөз дублеттерін, сөз параллелизмдерін жатқызады [9,13 б.]. Ғалымның тұжырымдауынша, синонимдердің абсолюттік түріне сөз варианттары, сөз дублеттері, сөз параллелизмдері жатады. О. С. Ахманова абсолютті синонимдерді не мағыналық, не қолданылу өрісі жағынан ерекшеленбейтін сөздер тобы ретінде қарастырады. Ал сөз варианттары, сөз дублеттері, сөз параллелизмдері мағыналық тепе-теңдікке негізделсе де, стильдік реңкі мен қолданылу өрісі жағынан ерекшеленеді. Орыс тіліндегі синоним сөздерді зерттеумен шұғылданып жүрген Г. Г. Полищук "Синонимдер мен дублеттердің арасында айқын көрініп тұрған айырмашылық жоқ және синонимдер өзіне тән реңктен айырылғанда дублеттерге айналып кететінін" айтады [10, 223 б.]. Синонимдер мен сөз варианттары, сөз дублеттері, сөз параллелизмдері бір-бірімен байланыста болатын тілдік бірліктер, себебі сөз варианттары болсын, сөз дублеттері болсын мағыналық жақтан дами келе синонимдерге айналып кетеді. Сондықтан бұлар екі басқа тілдік құбылыстарды құрайды.

Жалпы лексикалық ерекшеліктерге келгенде олардың бәрін дублет деп нақты түрде кесіп айту қиын, өйткені сәл мағыналық реңкі байқалған жағдайда, дублет ретінде танылып жүрген сөзіміздің өзі синоним болып шыға келеді. Ал керісінше, сәл мағыналық, эмоциональды-экспрессивтік немесе қолданылу өзгешелігінен мүлт кетіп ажыратсақ болғаны, синоним деп жүрген сөздеріміздің өздері дублеттерге ауысып кетуі әбден мүмкін. Р. Сыздықова лексикалық дублет пен синонимдердің арақатысы туралы былай дейді: "Лексикалық дублеттер негізінен зат атауларының аясында танылғандықтан, белгілі бір нәрсені (затты) бір ғана түрде атаған жөн, сондықтан оның екінші параллель

атауы дублеттер қатарын түзеді. Ал сапа, қимыл, сын, белгі тәрізді ұғымдарды әр алуан реңк қосып, бірнеше түрде білдіру қай-қай тілге де тән нәрсе, бұлар синоним қатарын түзейді" [11,29 б.]. "Мағыналық тепе-теңдікті білдіретін түбірі мен тұлғасы әр басқа сөздер – дублет ретінде танылады", – дейді С. Бизақов [12,14 б.].

Демек тілдегі синонимдер мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да өзіндік дербестікке ие жеке-жеке сөз ретінде танылса, бұларды сөздің лексикалық бірлігінде ешқандай өзгешелігі жоқ, морфемдік құрамы ұқсас вариант сөздермен шатастыруға болмайды. Тілімізде варианттылықтың лексикалық түрін осы анықтамамен түсіндіруге болар еді, алайда лексикалық дублеттердің мағыналық бірлігінде ешқандай өзгешелік болмаса да, тұлғалық жағынан өзіндік дербестігі бар жеке сөздерді құрайды. Сонымен қатар синонимдерге тән стилистикалық ерекшелік лексикалық дублеттерге де тән. Өйткені лексикалық дублеттердің қолданылуында стильдік мән бар, сондықтан да олардың жұмсалыу жүйесінің тиісті орны бар. Қолданыла келе мұндай дублеттер мағыналық реңк алуы мүмкін (кептер – көгершін). Сол себепті лексикалық дублеттер синонимге айналуға бейім тұрады.

Лексикалық дублеттердің синонимдермен астасып жатуы, лингвистердің кейде дублет қатарын абсолютті синонимдер деп таңуы, синоним сөздер мен лексикалық дублеттердің өзара қатынаста екендігін көрсетеді. Дегенмен синоним мен лексикалық дублеттердің өз алдына бөлек тіл бірліктері екенін және бұлардың бір-бірінен алшақ жатқан дүниелер еместігін анықтау үшін, олардың ұқсас жақтары мен өзгешеліктерін айқындап алғанымыз жөн:

1. Синонимдерді анықтау – мағыналық жуықтыққа негізделеді. Бұл оның – дәстүрлі тәсілі.

Лексикалық дублеттерді анықтау — мағыналық тепе-теңдікке негізделеді. Сөздің сырт тұлғасындағы өзгешелік лексико-семантикалық өзгешелікті білдірмеуі тиіс.

2. Синонимдік фактіні анықтау үшін, ең алдымен, атаумен бейнеленген заттың немесе құбылыстың негізгі, мәнді белгілерін айқындап алу керек. Мағыналық жуықтық негізінде сөздің семантикалық құрылымындағы ұғымның бір немесе басқа екенін осы сөздердің мағынасындағы негізгі белгілерді мағыналық жақтан сәйкес келетін сөзде берілген заттың немесе құбылыстың мәнді белгілерімен салыстыру арқылы анықтауға болады.

3. Кез келген сөз сыртқы және ішкі бірліктерден тұратыны белгілі. Осы ішкі бірліктің, яғни, мағынаның жасалуына негіз болатын ұғым болса, сол ұғымның негізгі белгілері екі немесе бірнеше денотатта бірдей және мағыналық нақтылығының деңгейі бірдей дәрежеде болса, онда бұлар лексикалық дублет деп танылады. Яғни, белгілі бір затты бірнеше атаумен атасақ, сол атаулардың бәрі бірдей негізгі ұғымдық белгілерді білдірсе, лексикалық дублеттер туралы сөз қозғауға болады. Егер ұғымның негізгі белгілері бір ғана денотаттың әр түрлі қасиетін баса көрсететін болса, онда бұлар синонимдік қатар түзеді. Синонимдер бір ғана денотатқа қатысты болады. Осы денотатта заттың сипаты, қасиеті, сапалық ерекшелігінің бір-біріне жақын, шектес белгілері ғана таңбалануы қажет. Мәселен, *парақор*, *жемқор* сөздері белгілі бір ұғымды әр тұстан камтып көрсетіп тұр Біз дублет деп синонимдер мағыналарының барлық компоненттері толық сәйкес келгенде ғана атай аламыз. Егер номинативтік ерекше белгілер бірдей болса, онда лексикалық дублеттер деп танылады.

4. Тілдегі синоним сөздер зат атаулыдағы ішкі тұлға ерекшелігін, әр түрлі белгіні сипаттап көрсететін бірліктер. Синонимнің лексикалық мазмұн ерекшелігі бір

заттың алуан түрлі сипатын көрсетіп, айтқан уақытта ұғымның тек бір жағын баса көрсетеді. Ал лексикалық дублеттер зат, құбылыс атаулары аясында танылады. Лексикалық дублеттерді анықтаудың көмекші амалдары ретінде өзара жұптасқан сөздерді өзге тілдерге аудару арқылы салғастырылады. Көп жағдайда лексикалық дублеттер өзге тілге аударылғанда бір ғана сөзбен беріледі, өйткені кез келген тілдегі лексикалық дублеттер еркін құбылыс болып саналады. Сондықтан бір тілдегі лексеманың басқа тілдегі лексеманың арақатынасына сай келуі міндетті емес.

5. Синонимдер сияқты, лексикалық дублеттер де тілдің тарихи дамып отыратын құбылыс екендігінің көрсеткіші бола алады, себебі жарыса қолданысқа түскен лексикалық дублеттер тіл дамуының екінші бір кезеңінде не мағыналық, не стильдік жағынан сараланады.

Енді синоним сөздер мен лексикалық дублеттердің қолданылу сипатына келсек:

1. Синонимдер жалпыхалықтық қолданысқа ие, әдеби тілді байытудың бір арнасы ретінде қарастырылады. Ал лексикалық дублеттер жалпыхалықтық қолданысқа ие және ие болмайтын жағдайлары бар. Тілдің тарихи дамуының бір көрсеткіші ретінде танылады және де әдеби норма тұрғысынан қарастырылады.

2. Белгілі бір ұғымды толық қамтып көрсету үшін, бірнеше синоним қатар қолданылады және оларды жұптап та, топтап та, қосарлап та пайдалануға болады. Лексикалық дублеттердің мұндай қолданысқа түсу мүмкіндігі жоқ.

3. Синонимдерге тұрақтылық қасиет тән және олар синхрондық тұрғыдан қарастырылады, ал лексикалық дублеттер белгілі бір кезеңде ғана тұрақтылық сипатқа ие бола алады, уақыт өте келе олар мағыналық не стильдік жағынан сараланады.

4. Синонимдік қатардағы сөздер жалпы мағыналық бірлігіне қарай топтастырылса, лексикалық дублеттер де белгілі бір семантикалық өріске ие бола алады.

5. Синонимдік қатарға енген сөздер мағына ауқымдылығы жағынан бірдей болмайды. Лексикалық дублеттер не қолданылу өрісі, не стилистикалық реңкі жағынан ғана ерекшеленеді.

6. Синонимдер сөз туғызуға қабілетті не қабілетсіз болып келуіне қарай өзгешеленеді. Лексикалық дублеттер де мағыналық дифференция тұрғысынан қарастырылады.

7. Синонимдердің мәні неше алуан функционалдық сипатта қолданылуымен тығыз байланысты. Лексикалық дублеттердің, әсіресе, баспасөзде, ауызекі сөйлеу тілінде, көркем шығарма тілінде, сирек болса да әдеби тілде жарыса қолданылатынын байқаймыз.

Синонимдер – синхронды функционалды-стилистикалық құбылыс. Сондықтан ойды көркемдеп нақтылы түрде жеткізуге, бір сөзді бірнеше рет қайталауға жол бермейді. Ал лексикалық дублеттердің абсолюттігі басым тұрады және стильдік мәні жағынан аз да болса ерекшеленіп тұрады деген А. И. Смирницкийдің пікірін құптаймыз. Демек тілдің түрлі қолданыс аясында сөздің лексикалық дублет қатарлары қажеттіліктен туындайды. Бір сөзді орынсыз қайталай берудің артықтығынан сөйлеуші стильдік мақсатта жарыспа сөздерді өмірге келтіреді. Мұның өзі көбінесе баспасөзде, көркем әдебиетте, ауызекі сөйлеу тілінде жиі кездеседі. Бірақ бұл лексикалық дублеттердің жасалуының негізгі мотиві бола алмайды. Сонымен қатар лексикалық дублеттердің ішінде стильдік бояуы жағынан да, қолданылу өрісі жағынан да ерекшеленбейтін түрі бар, лексикалық дублеттердің осы түрін абсолютті синонимдер деп қарастыруды жөн санаймыз. Яғни абсолютті синонимдер деп отырғанымыздың өзі – лексикалық дублеттер. Бұлар тек жалпы халыққа түсініктілігімен ерекшеленеді. Лексикалық дублеттер

косымша семантикалық реңк алып, синонимге айналады немесе семантикасын мүлде өзгертіп, синонимдік қасиетін жоғалтады. Бұған мысал ретінде әдеби тілдегі *ақын – шайыр, ақша – пұл, ұлгі – гибрат, бұлбұл – сандуғаш, кептер – көгершін, төреші – қазы* бірліктері бір кездері тілде теңбе-тең дәрежеде қолданылса, қазіргі уақытта бұл сөздердің алғашқы сыңарлары әдеби тілде жалпыхалықтық сипаты жағынан бірден ажыратылады. Ал екінші сыңарлары пассив сөзге айналды. *Төреші – қазы, көгершін – кептер* сөздері жеке мағыналы сөздерге айналды.

Талақ сөзі ҚТТС – де *көк бауырды* анықтаушы, яғни екеуі де бір ғана "қарынға жабыса біткен, қан түзетін жүйеге жататын мүше" ретінде берілген.

Семантикалық тепе-теңдігімен ерекшеленетін екі мүшелі қатарлар бір жағынан жалпы қолданыстағы және арнаулы қолданыстағы сөздер болып келеді. Бұл жұптың бір мүшесі терминология өрісіне қатысты болып келеді, сонымен қатар олар басқа терминдер жүйесіне қарағанда жалпы әдеби тілде кең қолданысқа түсуімен де ерекшеленеді.

Жалпыхалықтық сипаттағы лексикалық дублеттердің (абсолютті синонимдер) сұрыпталуында:

- терминдік мағынаны толық жеткізе алуы;
- қолданылу жиілігі;
- жазба әдеби тілдік қолданысқа түсуі;
- мемлекеттік терминология комиссиясы тарапынан бекітілуі сияқты негізгі белгілер басшылыққа алынуы тиіс.

Жалпыхалықтық лексикалық дублеттерді жете зерттеуде оның синхрондық категория ретінде ескерген жөн. Берілген жұптың қайсысы басымырақ түскенін анықтай отырып, осы қатардың одан арғы өмір сүруінің болар-болмас көрінісін белгілеу қажет.

Тақырып бойынша орындалатын тапсырмалар мен сұрақтар:

1. Синонимдер, өзіндік белгілері, стильдік ерекшеліктері.
2. Семантика, семантикалық өріс, семантикалық уәжділік, семантикалық құрылым.
3. Лексикалық дублеттер, өзіндік белгілері, қолданылу сипаты.
4. Лексикалық дублеттердің синонимдерге, абсолютті синонимдерге айналу процесі.
5. Жалпаыхалықтық тілдегі лексикалық дублеттердің сұрыпталу жолдары қандай?

Әдебиеттер:

1. Осовецкий И. А. Словарь говора деревни Деулино Рязанского района Рязанской области // В сб.: Вопросы диалектологии восточно-славянских языков. – М.: Наука, 1964. – С.176-206.
2. Филин Ф. П. О слове и вариантах слова // В.сб.: Морфологическая структура слова в языках различных типов русского языка. – М–Л., 1963. – 187 с.
3. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі зат есімдік синонимдер. – Алматы, 1957.
4. Евгеньева А. П. О некоторых особенностях лексической синонимии русского языка // В кн.: Лексическая синонимия. – М.: Наука, 1967. – С.209-213.
5. Толикина Е. Н. Синонимы и дублеты // Исследования по русской терминологии. – М., 1976. – С.98-103.
6. Шапиро А. Б. Некоторые вопросы теории синонимов // Доклады и сообщения Ин-та языкознания АН СССР. Т.VIII. – М., 1955. – С.87-95.
7. Лейчик В. М. Термины – синонимы, дублеты, эквиваленты, варианты // В кн.: Актуальные проблемы лексикологии и словообразования. – Новосибирск, 1973. – С.38-42.
8. Васильев Л.М. Проблема лексического значения и вопросы синонимии // В кн.: Лексическая синонимия. –

М.: Наука, 1967. – С. 208-213.

9. Ұйықбаев И. Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі сөз варианттарының проблемасы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы, 1974. – 38-44 бб.

10. Полищук Г. Г. Некоторые вопросы грамматической синонимии // Научный ежегодник за 1954 год. – Саратов, 1955. – С.226.

11. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: “Елорда”, 2001. – 228 б.

12. С.Бизаков. Лексикалық варианттар // Қазақ әдебиеті. – 2000. –N7. – 5-6 бб.

8 - тақырып. Синонимдер жүйесіндегі абсолютті синонимдер

Тірек сөздер: абсолютті синонимдер, термин синонимдер, доминант сөз, эвфемизм, стилистикалық фактор.

Тіл білімінде лексикалық дублет қатары кейде синонимдердің абсолюттік түрімен көрсетіледі. Қайсыбір халықтың әлеуметтік және рухани мәдениетімен тығыз байланысынан, халықтың қоршаған дүниеге қарым-қатынасы мен мәдени-ұлттық дәстүрінен туындайтын бейнелеу құралдарының бірі – синонимдер. Синонимдер – мағыналық жағынан негізгі сөзге (доминантқа) өзара толық (абсолютті синонимдер), не жартылай (қатыстық синонимдер) сәйкес келетін белгілі бір сөз табынан жасалған сөздер. Лингвистикалық әдебиеттерде дыбысталуы жағынан әр түрлі, бірақ мағынасы бірдей, тепе-тең келетін сөздерді абсолюттік синонимдер деп атайды.

Қазіргі тіл білімінде абсолютті мағынадағы сөздер синонимдерге жат құбылыс деп саналады. Дегенмен абсолютті синонимдерді теріске шығару көпшілік таныған құбылыс емес. А. И. Смирницкий, Л. А. Булаховский, Т. А. Дегтярева, Б. К. Қалиев, И. Қ. Ұйықбаев, С. Бизақовтың еңбектерінде абсолютті синонимдердің бар екенін белгілеп қана қоймай, осы құбылысты талдаудың дәлелді әрекеттерін келтіреді.

Қазіргі лингвистикада абсолютті синонимдерді синонимдер қатарынан ығыстырып шығару жағы басым болып келеді. Мәселен, А. Б. Шапиро бұларды “синонимдерге жат құбылыс” десе [1,21 б.], Ә. Болғанбаев: “Тілде мағыналық жағынан бірдей, абсолютті синонимдер болмайды”, – дейді [2,54б.].

А. В. Лагутина “Абсолютті синонимдердің негізгі

ерекшелігі – олардың семантикалық тепе-теңдігінде, яғни, олардың атауыштығында, екіншіден, абсолютті синонимдердің тепе-теңдігін – оларда стилистикалық ерекшеліктің болмауынан, бір ғана стиль түріне тән болуынан дей отырып, орыс тіліндегі *месяц* және *луна* атаулары көркем әдебиет тілінде абсолютті синонимдерді құрайды, бірақ осы құраммен ғылым тіліне таралмайды" дейді [3,161 б.].

И. Р. Гальперин "Абсолютті синонимдер не мағыналық жақтан, не экспрессивтік реңкі жағынан ерекшеленбейтін сөздер және бұл сөздер аз уақыт қана өмір сүреді" деп жазады. [4,43 б.]. Сонда абсолютті синонимдер деп жүргеніміздің өзі – лексикалық дублеттердің анықтамасына сәйкес келеді. Өйткені лексикалық дублеттердің мағыналық тепе-теңдікке негізделген, не стильдік реңкі, не қолданылу өрісі жағынан ерекшеленетін морфемдік құрамы әр басқа сөздер екені белгілі. Дегенмен стилистикалық ерекшеліктің абсолютті синонимдерге де қатысы бар деген пікірді жиі кездестіреміз. Сондықтан біз "стилистикалық фактор тіл білімі ішіндегі синонимдердің барлық түріне тән" деген тілші ғалымдардың қалыптастырған тілдік постулаттарын құптамаймыз. Абсолютті синонимдердің мағыналық тепе-теңдікке негізделе отырып, бір ғана стильдік қолданылу өрісі тұрғысынан қаралуы, оны лексикалық дублеттердің бір түрі деп тануға негіз болатын сияқты. Мәселен, бір термин сөз (терминологиялық нақтылыққа қарамай) бірнеше атаулармен беріледі. Адамзат баласының күрделі таным жүйесінің қарапайым және ғылыми болатындығымен қатар, логикада да ұғымның қарапайым және ғылыми ұғымдар болып жіктелетіні белгілі. Ғылыми ұғымның нәтижелері арнайы зерттеу барысында алынатын құбылыстың ең мәнді белгілерін

қамтитыны белгілі. Сөйтіп ғылыми ұғым мен қарапайым ұғым ғылыми және халықтық атаулар қорын құрайды. Осы ұлттық таным жүйесіндегі халықтық атаулар жалпыхалықтық сипат алып, абсолютті синонимдер қатарын құрайды. Қазіргі таңда медицина ғылымында және бұқаралық ақпарат құралдары тілінде *туберкулез* термині *құрт ауруы* түрінде жаңа тілдік қолданысқа түсіп отыр. Бұл атаудың эвфемистік формасының (өкпе ауруы) негізінде психологиялық себепші уәж (мотив) жатыр: тыңдаушыға, ауру адамға, оның төңірегіндегілерге қолайсыздық тудырмау, айтуға дөрекі, қолайсыз сөзді сыпайы сөзбен ауыстырып айту мақсатымен қолданылады. Белгілі бір контексте эвфемизмдердің бір сөздің қосалқы атауларын туғызып, жарыса қолданысқа түсетініне жоғарыдағы мысалдар дәлел болады. Эвфемизмдердің жоғарыда аталған түрі белгілі бір тілдік ұжым мүшелерінің бәріне бірдей тілдік құбылыс болып келеді де, сөздік фактіге айналады. Сөйтіп бұл тілдік бірліктер (*туберкулез* // *құрт ауруы*) бірте-бірте жалпыхалықтық сипат алып, абсолютті синонимдерге айналу мүмкін. Сол сияқты *бөбешік* // *қызыл тіл* // таңдай тілшігі // кішкене тіл, қарын асты безі // ұйқы безі бірліктері бір ғана дене мүшесінің атаулары екені белгілі. Мұндағы *бөбешік*, *ұйқы безі* сөздері о баста халық танымындағы шынайы ұлттық атаулар болса, қазіргі кезде жалпы жұртқа танымал медициналық термин сөздер қатарына енген. Осы дублет құрамындағы *таңдай тілшігі*, *кішкене тіл*, *қарын асты безі* толық кальклану тәсілі арқылы алынған бірліктер екені анық.

Бөбешік // *қызыл тіл* // *кішкене тіл* — адамның көмекейіндегі кішкене тіл, яғни артқы таңдаймен жалғасып жатқан бөбешік. ҚТТС-де берілген екі сөздің түсіндірмелерінен олардың бір дене мүшесінің атауы екені күмән келтірмейді. Дегенмен *кішкене тіл* атауын жалпы жұртшылық сирек қолданады. Себебі үлкен тіл,

кіші тіл деген ұғым болмағандықтан, оның орнына *бөбешік* сөзі жиі қолданысқа түскен. *Кішкене тіл* орыстың *язычек* атауын сөзбе-сөз аударудан пайда болған, тіл білімінде қалыптасқан термин ретінде *бөбешік* сөзімен бірін-бірі анықтап отыратын толық мәндес атаулар.

Сонымен қатар тілара мәндестікті білдіретін *қарын асты безі* (поджелудочная железа) атауы *ұйқы безі* аталатын ұлттық атаумен теңбе-тең қолданылады. Үлкендігі алақандай келетін осы безді пайдалы деп санайды да қазақ халқы тамақ ретінде пісіріп жейді. Сонда *қарын асты безі* // *ұйқы безі* медицина ғылымы тілінде мағыналық жағынан тең түсетін бірліктерді құрайды. Сол сияқты символ терминінің *нышан, рәміз* баламаларымен беріліп жүргенін білеміз. Тілімізде бұрыннан бар *нышан* сөзі қазақ ұғымына жакын, әрі сөз мағынасынан "бір нәрсенің белгісі" дегенді түсінуге болады. Сонымен қатар бұл сөздің термин ретінде арнаулы заңдарда "Мемлекеттік нышандар туралы" қолданылып жүргендігі терминдік мағынаны дәлірек беретіндігін көрсетеді. Дегенмен қазіргі қолданысқа жиі түсіп жүрген баламасы – *рәміз*.

Іс қағаздарын жүргізу тілінде де орысша расписка сөзі *қолхат, тілхат*, кейде *кепілхат* түрінде беріледі. *Қолхат* деп белгілі бір құндылықтардың (құжат, мүлік, зат, ақша) алынғанын куәландыратын ресми құжаттың бірін айтамыз. Мұндай жарыса қолданылушылық тілдегі дублеттер санының негізсіз көбеюіне әкеледі. Дегенмен, соңғы кездері *қолхат* сөзінің ресми құжаттар тілінде жаңа термин ретінде қалыптаса бастағанын байқаймыз.

Ғылыми терминологияда лексикалық дублеттер орынсыз құбылыс ретінде қарастырылады. Бұл жерде біз қарама-қарсы жағдайдағы екі тенденцияға тап келеміз. Бір жағынан ғылым мен техниканың қарқынды дамуына

байланысты пайда болған жаңа заттарды атау — лексикалық кірмелердің және жаңа сөз жасау әрекеттері нәтижесінде лексикалық дублеттердің кеңеюіне жол ашады. Бұл — тіл заңдылығы.

Екінші жағынан, ғылыми тіл басқаларына қарағанда нақты атаулар мен тұжырымдарды қажет етеді. Сондықтан олар термин-синонимдерден құтылуға тырысады. Н. И. Толикина "термин синонимдер мен оның жиі құбылысы — дублеттер өзара (абсолютті синонимдер деп атайды) арақатынаста екендігін көрсетеді" [5, 28 б.]. Бір тілдің басқа тілдермен қарым-қатынасы нәтижесінде әдеби тілдің әр дәуірінде бір нәрсені немесе құбылысты қайталайтын түрлі атаулар еш қоспасыз, ешқандай реңксіз пайда болады. Осындай лексемалардың бірі — ана тіліне, екінші сыңары — кірме сөздерге тән болады. Мұндай жолмен енген абсолютті синонимдердің (лексикалық дублеттер) көбісі ғылыми терминологияның үлесіне тиеді. Л. С. Бархударов мұны "тілара мәндестікті білдіретін абсолютті синонимдер" деген терминмен атауды ұсынады [6, 49 б.]. Мысалы: *экзема — есекжем, инфинитив — тұйық етістік — қимыл есім атауы, ирония — тәлкек, каузатив — өзгелік етіс, трактат — ғақлия (әдебиет)*.

С. Бизаков "Лексикалық варианттар" атты мақаласында: "Көп уақыт жарыса қолдану арқылы жалпыхалыққа танымал болған тепе-тең мағынадағы дублет қатарын абсолютті синоним" деп атайды [7, 5 б.]. Біз де өз тарапымыздан осы пікірді негізге ала отырып, абсолютті синонимдер не мағыналық реңкі, не стилистикалық сипаты жағынан ерекшеленбейтін жалпыхалықтық сипаттағы лексикалық дублеттер деп қарастырамыз.

А. В. Лагутина: "Абсолютті синонимдерді анықтау оңай нәрсе еместігін, оған орыс тілінің түсіндірме сөздіктегі семантикалық тепе-теңдікке құрылған сөздің "то же, что" формуласымен берілуін мысалға келтіреді.

Түсіндірме сөздікте жарыспалы сөздер кейде жеке түсінікпен, кейде ешқандай ескертусіз беріледі. Бірақ бұл сөздердің барлығы абсолютті синоним болып табыла ма деген сұраққа жауапты нақты материалдарды талдаудың көмегімен аламыз", – дейді [3,31 б.].

А. В. Лагутинаның айтуынша, бұл формула лексикалық дублеттер арасындағы абсолюттік қатынас бұзыла бастаған жағдайда көбірек кездеседі. Мұндай жағдайда сөздікте кең қолданысқа түскен сөз жеке түсінікпен беріледі, абсолютті жұптың біреуінің кең қолданысқа түсуі байланыстың бұзылуына әкеледі: *тіл білімі – тілтаным* (языкознание), *Ата заң// Негізгі заң* (конституция) деген қазақша баламалары беріліп жүр. Мысалы: Отанымызда мемлекеттік тіл саясаты Ата заңда Елбасы жарлығымен бекітілген құжаттарда айқын көрініс тапқан (ЕҚ. 2003,6-маусым). Тілдік тұрғыдан алғанда бұларды абсолюттік синонимдер деп танып жүрміз.

Сонымен жалпыхалықтық сипаттағы лексикалық дублеттердің (абсолютті синонимдердің) үш белгісі – семантикалық, стилистикалық, мезгілдік шегі (темпоральный) тіл жүйесіндегі орнын анықтайды.

Тақырып бойынша орындалатын тапсырмалар:

1. Абсолютті синонимдер дегеніміз қандай синонимдер?
Абсолютті синонимдерге тән негізгі ерекшеліктер.
2. Газет материалдары беттерінен абсолютті синонимдерге мысал теріп жазу.

Әдебиеттер:

1. Шапиро А. Б. Некоторые вопросы теории синонимов // Доклады и сообщения Ин-та языкознания АН СССР. Т.VIII. –М.,1955. –С.87-95.
2. Болғанбаев Ә.
3. Лагутина А. В. О некоторых особенностях лексической синонимии русского языка // В кн.:

Лексическая синонимия. – М.: Наука, 1967. – С. 209-213.

4. Гальперин И. Р. Очерки по стилистике английского языка. – М., 1958. – 258 с

5. Толикина Е. Н. Синонимы и дублеты // Исследования по русской терминологии. – М., 1976. – С.98-103.

6. Бархударов Л.С. Язык и перевод. – М., 1975. – 145 с.

7. Бизаков С. Лексикалық варианттар // Қазақ әдебиеті. – 2000. –N7. – 5-6 бб.

9 - тақырып. Лексикалық дублеттердің семантикалық құрылымы

Тірек сөздер: семантика, сема, архисема, айырушы сема, потенциалды сема, денотат, материалды денотат, идеалды денотат, сигнификат, коннотациялық мағына.

Сөз - тілдің сөздік құрамындағы заттар мен құбылыстарды, олардың қасиеттерін атап білдіретін негізгі лексикалық бірлік. Әр тілдегі сөздердің лексикалық бірлік болу сипаты олардың құрылымдық ерекшеліктері, яғни фонетикалық, семантикалық, грамматикалық белгілері арқылы анықталады. Тілдің семантикалық жағы – тілдік таңбалар арқылы берілетін танымның жемісін құрайды. Семантикалық құрылымы жағынан сөз мағыналары ірі 3 бөліктен тұрады: 1) заттық (денотаттық) мағына, 2) ұғымдық (сигнификативтік) мағына, 3) сезімдік [коннотаттық] мағына. Орыс фольклорында кездесетін мифтік бейненің бірі – *Снегурочка* біздің тілімізде *Ақшақар // Қарша қыз // Қарлы қыз // Қарғаш* түрінде беріледі. Бұл атаулардан қыздың қардан жаралған мифологиялық бейне екенін білеміз. Орыс тіліндегі атауының өзі (*снегурочка*) осыны дәлелдейді. *Ақшақар, Қарша қыз, Қарлы қыз, Қарша қыз, Қарғаш* десек, қардан жасалған сұлу, әрі мейірімді қыз бейнесін, ал *Алла // Құдай // Тәңірі // Жаратқан ием // Жаратушы ием* дегенде беймәлім бір құдыретті күш иесін көз алдымызға келтіреміз. Бұдан біз нақтылы бейнені көре алмаймыз, дегенмен ұғымдық бейне бар. Мұнда ұғымдық бейне сана арқылы жасалған. *Ақшақардағы* негізгі сигнификативтік белгілер: 1) ақша қар; 2) қыз бейнесі (жыныстық айырмашылық); 3) мейірімділік; 4) сұлулық. Түйсік арқылы ғана біз заттың түрін, түсін, пішінін, кеңістіктегі орнын, санын, неден

жасалғанын, дәмін, иісін т.б. белгілерін біле аламыз. Мұндай сөздерде нақтылы, материалды денотат болмағанымен, осы заттардың түрлі қасиеттерінен жинақталған, дерексізденген идеалды денотат бар, сол арқылы абстрактілі сөздерде сигнификативтік мағына бөлігі айқын көрінеді. М.Оразов: "Идеалды денотат сөздің лексикалық мағынасын объективті дүниемен байланыстырып тұратын, себебін білдіретін, мағыналарына негіз болатын денотат", – дейді [1,45 б.]. Бұдан сөздің сигнификативтік мағына бөлшегінің денотатсыз қалыптаспайтындығын байқаймыз. Демек "заттық-ұғымдық компонентті мағынаның міндетті макрокомпоненті" [2,6 б.] деп есептеу дұрыстыққа жатады деген Ғ.Хасановтың пікірін құптаған жөн. Мұндағы *Қарша* қыз, *Қарлы* қыз атаулары осы қар сөзіне *-ша*, *-лы* жұрнақтарының жалғануы және қыз сөзінің тіркесуі арқылы күрделі сөзге айналуынан жасалған. *Қарғаш* сөзі осы атаулардың қысқарған формасы екені түсінікті. Ал *Ақшақарға* келсек, түсіндірме сөздікте бұл сөз тұрақты тіркес түрінде берілген. Мұндағы *Ақша* – *ақшыл*, *ақ* түсті деген мағынаны білдіреді (ҚІТС.,1,153 б.). *Ақша қарда көп жүрсең, Көзің бір күн қарызар. Алыс жерде көп жүрсең, Көңілің бір күн тарызар* (макал). Яғни санамызда бейнеленетін қыздың *ақша қардан* жаратылуына орай, ұқсату заңы арқылы зат түсінің атауы ауыспалы мағынада зат атауына айналған. Осы соңғы сөз тілімізде көбірек қолданысқа түскен. Ал *Қарша* қыз, *Қарлы* қыз ауызекі сөйлеу тілінің әсерімен жасалған деуге болады.

Түркі халықтарының танымында *көк таңірі* – аспанның, көктін иесі ретінде танылған. "Көне түркілер болмыстың бар болуын таң атауымен байланыстырған. Тас қараңғы түннен кейін шапағатын шашқан таңға олар танданған, таңырқаған. Міне осы "таңырқау" деген

еңістікте "тәңірі" деген сөздің түп-түбірі жатыр", – дейді Әуезхан Қодар [Қазақ әдебиеті, 2000. 11-қараша]. Сонымен таңырқау тудырған таң шапағы *Тәңірге* табыну, яғни, елден ұғымын бейнелесе, кейіннен абстарктілі құдай ұғымына көтерілген.

Қазақ тілінің сөздік құрамында араб, парсы сөздері кірме сөздердің ең мол қорын жасайды. Олар лексика-семантикалық топтастырылуы жағынан да, сыртқы тұнмалық жақтан да қазақ тілінде игерілуі жағынан да әр түрлі дәрежеде. Араб-парсы сөздері тілімізге негізінен ұш-сала бойынша енген:

1. Ғылым мен мәдениетке, әлеуметтік өмірге байланысты енген сөздер: нарық, ғылым, мектеп, мемлекет, бұқара, арыз, есеп, саясат, кеден және т.б.

2. Үй тұрағы мен шаруашылыққа байланысты енген сөздер: жипіз, зембід, бағбан, дарбаза, аukat, шарап және т.б.

3. Дінге байланысты: құран, имам, құдай, алла, рамазан, намаз және т.б.

Қазақ даласына ислам діні келгеннен кейін, алдымен араб тіліндегі *алла* сөзін, содан кейін парсының *құдай* сөзін қолданатын болдық. Құдай сөзі қазіргі түркі тілдес халықтардың барлығына тән. Жалпы халыққа түсінікті болғандықтан, бұл сөздер барлық стиль түрлерінде қолданыла береді. Дегенмен, *Тәңірі* сөзі көтеріңкі, ерекше пафостық мәнмен айтылуына байланысты көбінесе поэзиялық және драмалық шығармалардан кездестіреміз. Мысалы: *Хан Тәңірі, О, тәңірім, өзің жар бала бер!* және т.б. Сол сияқты *құдай, алла* сөздерінің де қалыптасқан тұрақты тіркестері бар: Алла жар болсын, құдай сәтін салса, құдайдың көзі түзу болсын, құдай қаласа және т.б. Тілімізде дәл осы мағынада сөйлеу тілінің әсерімен қалыптасқан *жаратқан ием, жасаған ием* күнделі сөздері қолданысқа түскен. Ә. Ахметов бұл сөздерді “құдайдың атының эфемистік баламалары” деп көрсетеді [30 б.]. Жалпы қай дінді алсақ та, сол

діндегілер сыйынатын, табынатын құдайдың аты біреу емес, бірнешеу екені байқалады. Бұл *құдайды* өз есімімен тура атауға тыйым салушылықтан туындаған болуы мүмкін.

Атау туғызу қажеттілігі өмірдің ішкі танымдық дамуымен сабақтас қарастырылады. Атау туу процесінде есім мен әрекет атаулары нысана белгісі мен қасиетіне, сапасына, басқа нысанаға ұқсауына қатысты анықталады. Әрбір жаңа мағына әр сөздің білдіретін мағынасының айрықша қасиетінен, түрліше сыр-сипатынан келіп шығады. Мәселен, орысша "горец птичий" аталатын өсімдік қазақ тілінде *қызылтаспа*, *қызылтамыр* (түсіне), *таспажоңышқа* (формасына), *қырықбуын* (дене мүшесінің санына), *құсқұмық*, *құсқарамық* (міндетіне), тырысқақ (іс-әрекетіне) сияқты атауларға ие болған [4,115 б.]. Бұл атаулардың сыры ат қоюдағы уәждемелік принципте, бір заттың сыр-сипаты, қасиеті мен іс-әрекетіне байланысты қалыптасқан атаулар өзара дублеттік қатар түзген.

Сол сияқты, байырғы сөздеріміздің мағыналары жаңа қолданысқа түскенде, жалпыдан нақтыға немесе нақтыдан жалпыға ауысу, кеңею мен тарылу, қайта жаңғырту құбылыстарына ұшырайды. "Сөздердің осы қасиетінен көп мағыналы сөздер туындаса, ал көпмағыналықтың шарықтауы нәтижесінде тілімізде гомогенді омонимдер пайда болады" [5,8 б.]. Ал осы гомоомонимдердің біразының туындауына ертедегі адамдардың таным-түсінігі мен наным-сенімдері де өзінің ықпалын тигізіп отырған десек болады. Мысалы: *шешек* деп аталатын аса жұқпалы дерттің бірі тілімізге *көкішешек*, *қарашешек*, *шешек тигір* (*қарғыс*) сияқты тізбектерін әкелген. *Шешек* омонимінің қазақ, басқа да түркі халықтарында "өсімдік, түрлі-түсті гүл" деген бастапқы мағынасы бары белгілі. Оның да жоғарыдағы

жұқпалы дерт шешектен бөлек мағыналық шеңбері туындаған: *Бәйшешек* – бүршік жарды, *Наурыз шешек* – көктемде гүлдейтін өсімдік гүлі секілді тіркестері бар. Мұндай тіркестер *Абаге шешек* (Аталмас шешек) – сөйлейтін қасиеті бар шешек гүлі мағынасы татар тілінде сақталған. Яғни бұл атау жер бетінде өсетін қасиетті, киелі гүл туралы ой тастайды. Ертеректе татар халқында сақталған көне аңыз бойынша "жер бетіне таралған өсімдіктер және олардың бағынатын пірі – *Шешек ана* " өмір сүреді. Оны жер бетінде мекендейтін барлық тірі жан иелері қасиетті санап, ерекше қадірлеуі тиіс. Ол үшін адамдар Шешек анаға арнап мал сою, шелпек пісіру, дұға оқу секілді ырым-жоралғыларды жасап отыруы міндетті еді. Егер мұндай шаралар өткізілмесе, Шешек ананың қаһарына ұшырап қалу қаупі төнген. Ызасының көрінісі ретінде ол әдетте жер бетіндегі адамдарға жұқпалы ауруды (оспа) жібереді деген сенім болған екен [5,64 б.]. Бұдан біз ертедегі адамдардың жұқпалы дертті Шешек ананың ызасымен байланыстырғанын көреміз. Аурудан сескенген адамдардың жұқпалы дертті *шешек* деп атауы әбден мүмкін. Тілдің даму барысында сөз баламасы семантикалық жақтан үздіксіз дами келе мағыналық шеңбері кеңейіп, әр мағына бір-бірінен алшақтап екі дербес мағынаға ие болған. Және де бұл сөздің таза лексикалық (денотативтік) мағынасын толықтыратын экспрессивті реңк беретін косымша (коннотативтік) мағынасы негізінде пайда болған. Жас балаларда кездесетін аса жұқпалы аурудың (шешек) аты тағы да *аулие, күл* түрінде беріледі. Әулие, күл сөздерінің мағынасын қарастыру.

Сондай-ақ мифологиялық санамен байланысты адам, үй жануарларына байланысты тыйым салынған атауларды басқаша айту тіл-тілде аса кең таралған құбылысқа айналды. Өйткені бұл құбылыс салт-дәстүр,

наным-сенім, халықтың өмір-тіршілігінде жиналған тәжірибе негізінде жүзеге асады. Мәселен, *доңыз - қаракиік*, малда болатын жұқпалы, қауіпті індет “сибирская язва” әртүрлі айтылады: жынықта – *жамандат*, түйеде – *қарабаз*, сиырда – *қорасан*, қармалақ, койда – *топалаң*, ұшпа, сіреске. Ал малдағы осы аурулардың адамға жұғуы аса қауіпті деуге болып саналады. Сондықтан малдан жұққан мұндай аурулар үрей тудырып, ескі наным-сенім бойынша атауға тыйым салынған болатын. Халықтың қарапайым таным-түсінігінен туған жұқпалы кеселдің *топалаң* атауы адамдарда кездесетін түрі табумен байланысты басқаша лексемалармен бірде *күйдіргі*, бірде *түйіме*, бірде *жаман жары* немесе *қағынды* деп берілетін болған.

Сөздердің жаңа қолданысқа түсу кезеңінде байқалатын ерекше құбылыс – тірек сөздермен бірігуі немесе тіркесуі арқылы тілімізге енуі. Тірек сөздер байырғы сөздерден де, жаңа сөздерден де беріледі. Мәселен, *ел* – көне түркі тілінде *халық* сөзінің синонимі ретінде қолданылған атау. Қазіргі саясаттану ілімінде *Ел* атауы мемлекет терминінің баламасы ретінде географиялық, мәдени, әлеуметтік, экономикалық және тарихи жағынан қолданылады. Қазіргі қазақ тілінде *ел* сөзімен бірігіп жасалған сөздер аз емес. Осы үлгімен жасалған *Елбасы*, *елорда*, *елтаңба* сияқты атаулар қолданысқа еніп, мемлекеттік құрылыс терминдері ретінде жұмсалуда. Яғни мемлекеттік құрылыс терминдері жаңа тілдік қолданысқа тілімізде бұрыннан бар сөздердің бірігуі арқылы түсіп отыр. Ал мұндағы *ел* сөзі үлгі сөз ретінде алынған. Баспасөз беттерінде жарыса қолданысқа түскен *президент // елбасы* сөздерінің ішінде *елбасы* атауының жиірек қолданылуы ұлттық, ментальдық ерекшелігімізді танытады.

Үшарқар // Таразы // Шідер жұлдыз – Орионның қазақша аттары. Алатау бөктерін мекендеген ұлыстар оны *Үшарқар* деп атаған. Ара тұра халық ауызында *Шідер жұлдыз* деген аты да ұшырайды. Бұл аспан денесі өзінің сәулетті пішінімен, срекше тұлғасымен көпке әйгілі. Халық танымында қашып кетіп үркіп тұра қалған арқар сияқты шұбап тұрады немесе ұшқан тырнадай біріне-бірі тізіліп, қосақталған мәлдей шұбағышып жүреді. Баланадай үш жұлдыз кісі белбеудің күміс түймелеріндей жылтылдайды. Астрономияда белгілі ескі аңыз бойынша әлгілер Орион деген атакты мергеннің белбеуі.

Сөз мағынасына компонентті талдау жасау үшін аналитикалық анықтаушыны табу қажет. Анықтаушы негізінен екі бөліктен тұрады – негізгі ұқсастық (идентификатор) және сөздік нақтылаушы (конкретизатор). Идентификатор – сөз мағынасының негізгі ортақ белгілерін көрсетеді [1, 114 б.]. Лексикалық мағынаның негізгі белгілері ұқсастық және нақтылау арқылы білінеді. Лексикалық дублеттерді компоненттік талдау әдісімен негізгі семаларға бөле отырып, олардың негіз семаларының бір-бірімен тепе-тең түсетін белгілерін анықтау қажет. Анықталған жағдайда бұларды лексикалық дублет деп тануға негіз бар. Нақты мысалдарды келтіре отырып, мағыналық тепе-теңдікке құрылған сөздерде бейнеленген зат, құбылыстың негізгі мәнді белгілерін салыстырып көруімізге болады. Мысалы: *Қозықұмай* – зат. зоол. Тау күздарында мекендейтін ең ірі жыртқыш күс [ҚТТС.6, 257 б.]. *Сақалтай* – негінің астында аздаған сакалы бар жыртқыш күс [ҚТТС.8,107 б.]. *Қозықұмай, қозыжесіш* және *сақалтай* сөздерінің дублеттік қатар құруы олардың мағыналық тепе-теңдік негізінде жатыр. Ал мағынаның ұғымның негізінде туатынын ескерсек, адам санасында сезім мүшелері (есту, көру, дәм, иіс, сезу) арқылы қабылданған осы құстың тек қозыны іліп

әкетуіне және оның кішкене сакалының (нақтылаушы белгі) болуы құстың халық танымында осылайша екі бірдей атауының қалыптасуына алып келген. Осы жерде көрсетілген негізгі ұғымдық ерекшелік (сакалының болуы) сөздің лексикалық мағына жүйесін қозғамайды. Мағыналық тепе-теңдікке құрылған *қозықұмай* және *сақалтай* сөздерін сөзжасамдық тұрғыдан қарастырсақ, жалпы *құмай* деп – өлексе-жемтіктермен қоректенетін ірі жыртқыш құсты айтамыз. Ал *қозы* – қойдың төлі екені белгілі. Сонда жыртқыш құстың бойындағы адам таныған көп қасиеттердің ішінен тек бірі ғана, яғни қозыны биікке көтеріп іліп әкету іс-әрекеті атауға себепші уәж болып (қозы ілгіш құс) аналитикалық-тәсіл арқылы *қозықұмай*, *қозыжегіш* күрделі сөзі туса, осы құстың нақты белгісі – иегінің астында кішкене қара сакалының болуына орай, екінші атауы туған. *Сақал* сөзіне зат есімнің эмоционалды реңк мәнін туғызушы – *тай* жұрнағының жалғануы арқылы, эмоциялық-экспрессиялық мағынасы айқын көрінетін, бағалауыштық мәні жағынан басымдау түседі. Бұл бір объектінің әр қырынан танылуы деген сөз. Халықтық таным бойынша зат, құбылыс, нысанның сыртқы пішін ұқсастығы негізінде туындаған ассоциациялар тілде бар деректі ұғымдар негізінде туындайды. Сонымен қатар, прагматикалық мақсатта экспрессиялығымен, бағалауыштығымен ерекшеленетін лексикалық дублеттер де қолданыста жиі кездеседі. Тіл қолданушының прагматикалық мақсатынан адресатқа әсер ету үшін, ол метафоралануға негіз болып тұрған нысан арқылы эмоциялық-экспрессиялық мәнге ие болады. Мәселен, *өңеш рағы* атауының екінші нұсқасы ретінде қолданылатын *қылтамақ* атауы тіліміздегі қылтамыр (капилляр), қылкүпек (жылқы ауру) атауларымен деривациялық жағынан ұқсас жасалған деп

тұжырымдасак қисынсыз емес. Өйткені атауларға себепші негіз болған қыл лексемасы ұқсату заңы негізінде нысандардың сан алуан белгілерін бейнелеу үшін, қылдың “жіңішкелік” сипатымен сөздердің ішкі мағыналық құрылымына енген.

Ертедегі адамдар көктің кіндігі -- *Темірқазық* жұлдызы деп түсініп, барлық жұлдыздардың қозғалысын сонымен байланыстырған. Осы жұлдыз атауы әдеби тілде – *Темірқазық*, ғылыми тілде – *Кіші Аю*, жергілікті тілде – *Алтынқазық*, *Жалғызқазық* деп аталады. Бұл жұлдыздың *Темірқазық*, *Жалғызқазық*, *Алтынқазық* аталуының уәжін іздейтін болсақ, халық танымындағы қазық ұғымымен тікелей байланысты туындаған. Жалпы аспан денелері, оның ішінде жұлдыздардың дерлік көпшілігі бір орнында тұрақтамай үнемі қозғалыста жүретін болған. Бірақ соның ішінде бұл жұлдыздың басқа жұлдыздардан ерекше қасиеті – бір орнынан ешбір жаққа жылжымай қозғалыссыз тұратындыقتан, тілдік ұжым мүшелері өздерінің когнитивтік санасында аналогия ретінде үнемі қозғалмай бір орнында қағылып тұратын қазық нысанын алған болуы керек. Яғни қазықтың қағылған жерінен ешқайда қозғалмай бір орнында тұруы атауға себепші негіз болған. Соған орай, бұл жұлдыз халық танымында орнына, түр-түсіне байланысты *Темірқазық*, *Жалғызқазық*, *Алтынқазық* аталып кеткен деп ой түюге болады. Аталымдардың жасалуында тіл иесінің ассоциативті ойлауы арқылы оның туынды мағынасын қалыптастыру үшін түрлі тілдік құралдарды пайдаланады. Оған метафора, метонимия, идиомалану құбылыстарын жатқызуға болады. Бұл тілдік бірліктер арқылы ауыспалы мағына түзіледі. Мәселен, *шөлмек* әдеби тілде “іс тігетін машинаның қайығы” мағынасын білдіреді. Бұл орыс тілінен енген мағынасы, орыс тілінде челнок, ұйғыр

тіліне де орыс тілінен ауысқан соңғы мағынасы бар. (Уйғ.-Р.С., 396 б.). Ал говорларда, Түрікменстандағы қазақтар тілінде *бәтелке* мағынасында, Семей облысы Аксуат, Абай аудандарында *керамикалық ыдыс* мағыналарында кездеседі. Мұндағы сыртқы форманың іргелестігі, шектестігі арқылы пайда болған көпмағыналықты байқаймыз. Бұл сөз көп жағдайда ауыс мағынада қолданылады, яғни “арак” мағынасын білдіреді. Мысалы: Магазин ашық болса, бір *шөлмек* әкелмелі еді. (Түрікм., Краснов).

Сол сияқты жан-жануарлардың ішек-қарны мен өкпе-бауырын бөліп тұратын диафрагманы қазақтар *бауыр ет* немесе *көк ет* деп атайды. Бауыр деп *бауырға* (орын) қарай жатқандықтан айтылған болуы керек. Ал *көк ет* оның түсіне байланысты аталған. Осы екі қасиет тек бір ғана затқа тән, сондықтан бұлардың тілде қатар өмір сүруінің толық заңдылығы бар дейміз. Сол сияқты, *дуадақтың* тырна тәрізділер отрядының бір тұқымдасына жататын жыл құсы екені белгілі. Дене тұрқы тауыққа ұқсас. Ел арасында пішініне байланысты әртүрлі “*шөл тауығы*”, “*тоқтыбалақ*, *қозыбалақ*” аталады. Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы шөлейтті далада, тау бөктерінде топтанып, кейде жекелей тіршілік етеді.

Қобыланды батыр жырында:

Қаланың қиғаш шетінде,

Шалқар тоғай бетінде,

Бір дуадақ атып ап

Белінен кесіп шайнаған

Арыстан туған батырды

Құртканың көзі шалады — өлең жолдарынан дуадақ етінің дәмділігін қазақтың батырлары мен аңшылары ертеден-ак білгенін осы өлең жолдары дәлелдей түседі. Дуадақтың екінші аты — Токтыбалақ.

Тоқтыбалақ, ендеше, тоқтыбалақ

Тоқтыбалақ жүгірер көк қуалап – деп әндетеді бұрынғы қазақтар. Яғни, құс салмағының қозы мен тоқтының салмағына балауының негізінде *тоқтыбалақ, қозыбалақ* атаулары және дене тұрқының тауыққа ұқсастығы мен шөлейтті жерлерде тіршілік етуі оны *шол тауығы* деп тануға негіз болған сияқты.

Тақырып бойынша орындалатын тапсырмалар:

1. Семантика, сема, өзексема, саралаушы сема.
2. Денотаттық, сигнификативтік, коннотациялық мағына.
3. Уәждеме, уәж, дублет сөздердің уәжділігі.
4. Лексикалық дублеттерге компоненттік талдау жасау.

Әдебиеттер:

1. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы, 1991. – 213 б.
2. Хасанов Ғ. Сөздің лексикалық мағынасының құрылымы: Филол. ғыл. канд... дис. авторефер. – Алматы, 1995. – 24 б.
3. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер (салыстырмалы этнолингвистикалық зерделеу): Филол. ғыл. канд... дис. авторефер. – Алматы, 1995. – 62 б.
4. Қалиев Б. К. Лексико-семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. – Алматы: Мектеп, 1996. – 168 с.
5. Құрманалиева А. М. Қазақ тіліндегі гомогенді омонимдердің табиғаты: Филол. ғыл. канд... дис. автореф. – Алматы, 1999. – 25 б.

10 - тақырып. Лексикалық дублеттердің функционалды стильдер жүйесіндегі орны

Тірек сөздер: стиль, функционалды стиль, стилистикалық реңк, стилистикалық мағына.

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болуына байланысты қолданыс өрісінің дами түсуі де түсінікті. Қоғам мүшелері қоғамдық қызметтің белгілі бір саласына байланысты сөздерді жиі қолданады. Сөз мағына мен дыбыстың жиынтығынан тұратыны белгілі. Бұл бірлік бір затты ғана белгілеу үшін ғана емес, мағына мен дыбыстың үйлесімділігі сол сөздің стильдік қызметінің қалыптасуына да негіз болады. Функционалды стиль деп - тіл бірліктерінің қоғамдық-әлеуметтік қызметтің әр түрлі салаларында жиі қолданылатын, тарихи жағынан қалыптасқан, әдеби тілдің түрін атаймыз.

Орыс тіл білімінің көрнекті өкілі В. В. Виноградов функционалды стиль түрлерінің тілдегі үш түрлі қызметін атап көрсетеді: бірінші - *қарым-қатынас қызметі (ауызекі сөйлеу стилі)*, екінші - *хабар беру қызметі (ресми және ғылыми)*, үшінші - *ықпал ету қызметі (публицистикалық және көркем әдебиет стильдері)*.

Лексикалық дублеттер де мағыналық тепе-теңдікке құрылғанмен, олар әр түрлі стилистикалық мақсат тұрғысынан алғанда тепе-тең дәрежеде қолданыла бермейді. Бұл белгілі бір дәрежеде лексикалық дублеттердің стилистикалық қызмет атқара алатындығын көрсетеді. "Синонимдер сияқты дублеттер де әр түрлі стильдік қызмет атқарады. Мәселен, мына тәрізді бірнеше дублетті қатар алып көрейік: *қала - шаһар - кент, мырза - жомарт* т.б. Бұл дублеттерді кез келген стильде қолдана беруге болмайды. Әрқайсысы әр түрлі

стильге лайықты жұмсалады. *Қала, мырза* (кейде жомарт та) атауларын стиль түрлерінің қай-қайсысында да қолдануға болады. Ал *кент, шаһар* сөздері тек көркем әдебиетте, публицистикалық-шешендік стильде, кейде сөйлеу тілінде қолданылады", – деп жазады қазақ тілі стилистикасының авторлары [1,78 б.]. Қазіргі уақытта *мырза, жомарт* сөздері мағыналық жағынан сараланып, екеуі екі басқа ұғымның атауына ие болған. Ал *кент, шаһар* сөздері көркем әдебиет стилінде шығарманың көркемдік нәрін арттыру үшін алынбаса, қазіргі ауызекі сөйлеу тілінде қолданылмайды десек те болады. Яғни тіл дамуының бір кезеңінде жарыса қолданысқа түскен сөздер екінші бір кезеңде бөлек ұғымның атауын құрайды немесе синоним сөздер қатарына өтеді. Демек, лексикалық дублеттер тілдің өзіндік даму сатысында үнемі жарысып қолданыла беретін құбылыс деп топшылауға келмейді.

Қазақ тіл білімінде тіл мәдениетінің функционалдық арналарына зерттеу жүргізіп жүрген ғалым Н. Уәлиев: "Тілдегі сан алуан варианттардың жарыса қолданылу себебі "кеше мен бүгінді, бүгін мен ертеңді" ұластыру қызметіне байланысты болып жатады" – дей келе, "варианттар әдеби тілдің функционалдық арналарының кейбірінде (сөйлеу тілі, көркем әдебиет) белгілі бір мақсатқа байланысты жарыса қолданылып та жатады. Ресми қолданыста олардың жұмсалуды шектеулі болады", – дейді [2,15 б.]. Тілдің сөйлеу мәдениеті тұрғысынан алғанда, лексикалық дублеттер тілдік норманың бұзылуын сипаттайды деп саналғанымен, дублет сөздердің белгілі бір стильдік мақсатқа сай берілуі, стилистикалық тәсіл ретінде қолданылуына нақты дәлел болады.

Кез-келген лексикалық бірліктің семантикалық мағынасы болатыны белгілі. Тілдегі әрбір жеке сөз қолданылу жиілігі жағынан болсын, білдіретін әр түрлі мәні мен реңкі жағынан болсын, әрдайым ерекшеленіп

тұрады. Оны тіл білімінде *стилистикалық мағына* немесе *стилистикалық реңк* деп атайды. Сөйлеуде не жазуда болсын бір сөзді қайталай беру стильдік жағынан кемшілік туғызады. Мұндай жағдайда “Айтылмақ ойға ұтымды келетін варианты алынады, ол ұтымдылық сөздің модальдық реңкіне, тіркесу қабілетіне, айналасындағы сөздер мен дыбыстық үндесуіне қарай жұмсалыуына байланысты”, – дейді профессор Р.Сыздыкова [3,27 б.].

Тіл мен стиль бір бүтін нәрсенің екі жағындай әрдайым бірлікте, тығыз қарым-қатынаста ұғынылады. Тілді стильден, стильді тілден бөліп алып қарастыруға болмайды. Егер тіл мен стиль әрдайым бірлікте қарастырылатын болса, онда тілімізде кездесетін лексикалық дублеттердің мәнін бірнеше функционалдық стильде қолданылуымен байланысты қарастыруға болады. Мәселен, кейбір тілдік элементтер тек сөйлеу тілінде, көркем әдебиет тілінде қолданылатын болса, оларды ғылыми және ресми стильде қолдана беруге келмейді. Дәл осындай ерекшелікті лексикалық дублеттердің бойынан да көруге болады. Мысалы: *шұбат* (әд.) // *қымыран* (жерг.) // *түіе қымызы* (хал.) дублеттердің қолданылуының стильдік аяларының бірдей еместігін аңғарамыз. Демек әрбір дублеттердің өзіне тән стильдік қолданылу өрісі бар.

Сондай-ақ ұқсату заңы арқылы жасалған сөздерге, яғни, ауыспалы мағынаға бейнелілік, бағалауыштық қасиеттер тән. Ал бейнелілік бар жерде ұнамды, ұнамсыз, жағымды, жағымсыз реңк байқалады. Ең шағын деген көркем мәтіннің экспрессивтік арқауы сөз болса, оның экспрессия тудыратын күші семантикасында, яғни, мағынасы мен мағыналық реңктерінде жатады.

М. Атабаева: “Лексика-семантикалық жарыспа сөздер метонимиялық, метафоралық ауысу арқылы жасалады, бұл тәсіл арқылы жасалған жарыспа сөздердің стильдік бояуы басым келеді”, – дейді [4,17 б.]. Мысалы: 12 –13

шілде күндері күн күркіреп, селдете жауын жауды. Жарқ-жұрқ ойнаған *найзағайдан* қала аумағына *жай түсіп*, алғашқы күні 15 жасар Д. есімді жеткіншек ауыр халде қаланың теміржол ауруханасына жеткізілген болатын, өкінішке қарай, ол есін жимастан қайтыс болды. *Жай оты* жеткіншектің өмірін қиды (Жас Алаш, 19-тамыз). *найзағай* мен *жай оты* бір ғана құбылыстың атауын білдіргенімен, *найзағай* сөзінің от сөзімен тіркесіне қарағанда адамға әсер етер “*жай оты*” тіркесінің стильдік реңкі басым екені ақиқат. Халық тілінде мұның *жасыл, жасын* түрлері де кездеседі. Бұлардың қолданыстағы стильдік мәні күшті болып келеді.

Мысалы:

Шөлді көріп ерні қақ-қақ кезерген,
Бір өзгеріс болатынын сезем мен.
Көкті көріп көктем шыға тез өнген,
Бір өзгеріс болатынын сезем мен.
Жасын көріп жерге оттығын кезенген,
Бір өзгеріс болатынын сезем мен.
(И. Сапарбаев).

Адам өз ойын тыңдаушы жаққа барынша көркем, әсерлі етіп жеткізуге тырысады. Осы процесті орындау барысында түрлі әдіс-тәсілдердің қолданылатыны белгілі. Мысалы: Бірақ бұл сөзіне басқа түгілі өзі де нақ сеніп отырған жоқ. Сақыптың ауруы – әлгі аты *жаманның* өзі (Қ. Жұмаділов, Танд.). Бұл жерде автор, біріншіден, халықтың наным-сенімін көрсетсе, екіншіден, сол сенім бойынша атын тура айтудан қаймығып отырған жанның *жаман ауру* деп (рак) аурудың тура атауының берілмеуінің стильдік мақсаты бар екенін байқатады. Демек эвфемистік мақсатта айтылып тұрған *жаман ауру* атауы осы контексте *рак*

ауруының орнын дәл басып тұр. Яғни, сөйлеуші мен қабылдаушы жактың ойлары бір жерден шығып отыр, бірін-бірі түсініп отыр. Олай болса, эвфемистік максатта қолданылатын *жаман ауру* мен *рак* осы контексте функционалдық тұрғыдан эквивалент құрап тұр.

Қорыта айтқанда, лексикалық дублеттер басы артық нәрсе дегенімізбен, олар да белгілі бір стильдік максатқа сай туып қалыптасады. Дублет сөздердің қолданылуында стильдік мән болғандықтан, олардың жұмсалыу жүйесінің тиісті орны бар деп тұжырымдай аламыз. Лексикалық дублеттердің функционалды стиль түрлеріне қатысы бірдей дәрежеде емес. Бір түрінде кеңірек, екіншісінде сирек қолданылады. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, лексикалық дублеттерді қазақ тіліндегі функционалды-стилистикалық ерекшелігі жағынан *бейтарап*, *әдеби-ауызекі сөйлеу тіліндегі*, *әдеби-көркем әдебиет тіліндегі*, *публицистика тіліндегі* қолданысы деп топтастыруға болады. Бұл туралы С. Бизаков төмендегідей ой түйіндейді: "Қазіргі көркем әдебиетте жарыса қолданылып жүрген қайсыбір сөз варианттарының кездесу жағдайлары мынандай: а) сөйлеу тіліндегі жергілікті колоритті құрайды; ә) қайталамау үшін қолданылады; б) кейде (әсіресе поэзияда) сөз түрлендірудің, өлеңнің өлшем ұйқасы мен буын санын ескерудің әсерін байқатады; в) жеке кейіпкердің сөз саптау ерекшелігін байқатады" [5,15 б.].

Лексикалық дублеттердің поэзияда қолданылуы өлең өлшемі мен буын санына қойылатын принциптерімен тікелей байланысты.

Мысалы:

Қайырып салған көкжұсы

Көтеріле бергенде

Қаз сыпырса жарқылдап

(Абай. Танд).

Мұндағы *көкқұс* – *қаршыға* деген құстың атауы.

Диалектизмдердің стилистикамен байланысы коннотаттық мағына бөлігінде жатса керек. Бұл туралы М.Серғалиев былай дейді: "Диалектизм стилистика мәселесімен тығыз байланысты. Диалектизмнің көркем әдебиет стиліндегі қолданылуы екі түрлі: бірі – авторлық ремаркада, екіншісі – диалогта" [6,51 б.]. Мысалы: – Оу, сендерге осы *бір құмыра арақ* болса жете ме? – деді әлгілердің адам аяғандай түріне қарап.... *Бір бөтелке арақ* қолдарына тиген екі жігіттің қуанышында шек жоқ. Әділгерей мұртының астынан жымыып күлді. Осының екеуі де балалы-шағалы адамдар. Баяғыдан бері осы екеуінің ең кем дегенде бес-бестен он баласын оқытқан шығар-ау. Сол еңбегі үшін әлгілер мынадай ағыл-тегіл алғысты былай қойып, бір ауыз рақмет те айтқан емес-ті. Сондағы айтылмаған алғыстарын *бір жартымен-ақ* қайырып алды (Қ. Жұмаділов, Таңд.).

Осы контекстегі *бір бөтелке // бір жарты // бір құмыра арақ* лексемалары өзара толық сәйкестікке құрылған атаулар. *Бөтелке* (кітаби) // *шөлмек* (ауызекі) // *шшиа* (сөйлеу тілі) арқылы қалыптасып лексикалық дублеттерді құраса, осы сөздердің *бір* деген есептік сан есіммен және *арақ* сөзінің тіркесуі арқылы берілгенде жоғарыдағы дублет катары *бір жарты арақ* (*екі жарты арақ*) атауымен толығыады. *Бір жарты* лексемасының да сөйлеу тілінің әсерімен жасалғанын байқаймыз. Ертеректе шығарылған *бір бөтелке* арақтың мөлшері – 0,5 литр (*жарты*) болуының, яғни, осы заттың эксплицитті бір белгісі денотат аумағына шығып, зат атауына айналған деуге болады. Осы микромәтінде контекстік эквивалентке құрылған бірдей семантикалық функция атқара алатын сөз – *бір құмыра*. Бұл сөздің *бір бөтелке, бір жарты* атауларымен балама құрауы тек осы контексте көрінеді. Контекстен тыс қолданылғанда

баламалық қасиетін жоғалтады. Ойымыз дәлелді болу үшін Б. Момынованың пікіріне сүйенелік: "Бір немесе бірнеше сөйлем құрамында бір ғана функцияны атқаруға икемді сөздер функционалдық эквиваленттер саналады. Яғни, олар бірдей контексте бір ғана семантикалық функция атқара алады. Ал контекстің ұқсастығы бір ғана функция атқаратын лексемалардың ішінара формальды айырымын жоққа тән етеді" [7,191 б.]. Мұндағы *бір құмыра* – жеке кейіпкердің сөз саптау ерекшелігін көрсетсе, *бір бөтелке*, *бір жарты* – авторлық ремаркада бір сөзді қайталай бермеу мақсатында дублет қатары қолданылып тұр.

"Көркем әдебиет шығармаларында белгілі бір аймақ тұрғындарының тілдік ерекшеліктерін, жергілікті тілдік колоритын, бояуын көрсету мақсатымен кейіпкердің тілінде әдеби тілде баламасы бар диалектілік ерекшеліктердің орын алуын құптаймыз", – дейді Ш. Сарыбаев, О. Нақысбеков [8,164 б.].

Әдеби тілдің нормасы дегенде көркем әдебиет тіліне жүгінеміз. Себебі барлық жанрда кеңінен дамыған қазіргі көркем әдебиет осы күнгі әдеби тілдің қайнар көзі екені белгілі. Мысалы: "Кейінірек оқуға түсіп, басқа ортаға түсе бастағанда, "Балам, өзіңе – өзің сақ бол, *қошынаңды ұры тұтпа*", – деп айтатын әкем. – Не, не дейді?! – деп Әмпей орнынан қопарыла қозғалып Шалабекке төнген. Төбесі *аспалы шамдалға* тиіп шайқап түсіре жаздады (Д. Досжан. Келіншек асуы, 214 б.). Бұлар, әрине, стильдік мақсатта қолданылған бірліктер. Олай болса, көркем әдебиет үлгілері өзге стильдің элементтерімен қатар, диалектизмдер, кәсіби сөздер, ауызекі сөйлеу тілінің элементін қолдана алады, себебі көркем әдебиет тек коммуникативтік емес, эстетикалық, яғни, әсер ету қызметін қоса атқарады. Сондықтан да өзге функционалдық стиль үлгілерінен оқшау тұрады.

Өйткені бейтарап нормаға жататын тілдік бірліктер көркем әдебиетте кейіпкерлер тілінде және шығарманың жанрлық сипатына қарай (поэзия, драма, проза) автордың өз тілінде қолданылуы норма болып табылады. Мәселен, жазушының белгілі бір стильдік мақсатпен кейіпкер тіліне бейәдеби бірліктерге жататын кітаби, қарапайым сөздер, диалектизмдер мен тосын сөздерді енгізуі мүмкін. Дегенмен әдеби тілде баламасы бар, тар аймақта ғана қолданылатын сөздерді, формаларды авторлық ремаркада, автордың өз сөзінде, суреттемелерінде көп қолдана бермей, жалпыхалықтық әдеби тілдің нормасын сақтау керек. Өйткені мұндай ерекшеліктің әдеби тілдің өсіп-жетілуіне қажеттісі бар да, әдеби тілді шұбарлайтын шығарманың түсініктілігін қиындататын ерекшеліктері де бар. Диалектілік лексикада стильдік бояуы бар сөздердің қолданылу жиілігін әдеби тілдегідей жанр түрлеріне бөлу мүмкін емес, себебі диалект сөздердің өзі ауызекі сөйлеу стилінің аясында қаралады. Диалект сөздердің қарапайым, архайзм, табу сөздерден ерекшелігі – олар көркем шығармада стильдік мақсатта қолданылады. Кез келген жазушы не ақын бір сөзді бірнеше рет орынсыз қайталап қолдана бермей, ойды көркем етіп жеткізу үшін қажет сөзді талғап, таңдап орынды қолдана білуге ұмтылады. “Бір сөзді орынсыз қайталай берудің артықтығынан сөйлеуші стильдік мақсатта вариант сөздерді өмірге келтіреді”, – дейді Ф. Мұсабекова [9, 69 б].

Сонымен қатар, лексикалық дублеттер ғылыми стильде де белгілі бір мөлшерде қолданылатын тілдік бірліктер қатарына кіреді. Оның бұл стильдік жүйедегі негізгі қызметі – тыңдарманға немесе оқырманға қажетті ақпарат беретін мәтін мазмұнын ана тілінің табиғатымен үйлес келетін баламаларымен түсіндіру. Мысалы: *тіс эмалі // тіс кіреукесі, қариес // тіс жегі, артрит //*

шорбуын, туберкулез // құртауру түрінде дағдылы қолданысқа айналып отыр. Осыған орай, тілімізде терминдер мен терминдік ыңғайдағы сөздер тобы да көбейе түсті. Мұндай медицина терминдері жазба тілімізде де жарыса қолданылып жүрумен қатар түрлі сөздіктерде екі нұсқасын да норма ретінде ұсынып қолданылу үлгісі ұшырасатыны ақиқат. Баспасөз беттерінде мұндай терминдердің жиі жұмсалуды, әсіресе, публицистика стилінде терминдерге экспрессиялық балама іздеу тенденциясы күшейе түсті. "Сондықтан да болар, *астықты – алтын дән, көмір мен мұнайды – қара алтын, мақтаны – ақ алтын, малды – аяқты қазына* деп атау дағдылы, қажетті қолданысқа айналып отыр. Бұларды термин сөздердің "қосарында" жүретін ерекше экспрессиялы сынары деуге болады" – дейді Н. Уәлиев [2,29 б.]. Мәселен, ресми хабарларда, құжаттарда *президент, ту сөзі елбасы, байрақ* деген сынарымен ауыстырылмайды. Соңғы нұсқа көбінесе публицистикада, көркем әдебиетте, оның ішінде поэзия тілінде жиі қолданылады. Мысалы: Тәуелсіздік байрағын көкке тігіп; Халық өзі қалап алған Елбасы;

Ал проф. Р. Сыздық *жанұя және елбасы* сөздерін лексикалық емес, стильдік бірлік деп таниды. "Оған негіз – *отбасы, президент* атауларының көріктеуші, сипаттаушы, қосалқы сынарлары дей отырып, "көріктеуіш" атауларды терминдік бірліктерге айналдыру әрекеті бар, бұл – әрі сөз табиғатын, сөздің терминдік варианты мен оның "сипаттауыш" варианты да болатындығын және олардың әрқайсысының қолданылатын орны, мақсаты, уәжі болатындығын жете түсінбеушіліктен туындаған құбылыс", – дейді [10,125б.].

Мерзімді баспасөзде қолданылатын дублеттердің көркем әдебиет тіліндегі дублеттерден өзіндік айырмашылығы – газет мәтіндерінің ерекшеліктерімен

тығыз байланысты. Өйткені мұнда дара стильдік сипат әлсіз көрініс береді. Сондықтан публицистикалық мәтіндегі дублеттердің атқаратын қызметі мен қолданыл аясы белгілі дәрежеде тұрақтылық сипатқа ие болады. Әрине, бұл құбылысты публицистиканың жанрлық ерекшелігімен де байланыстыру орынды. Себебі олардың арасында көркем мәтінге жақын түрлері де бар екендігін жоққа шығаруға болмайды. Лексикалық дублеттерді сұрыптауда бір лексикалық дублет құрамына енетін сөздердің стилистикалық реңкін ескеру қажет. Бір дублеттің орнын екіншісімен ауыстыруға келмейтін жағдайда әдеби норма ретінде біреуін алу қиындық туғызады. Себебі ол қиындық, дублеттердің үстейтін стильдік бояуына, тіркесімділік қабілетіне, стильдік қолданылу өрісіне байланысты. Сондықтан да дублеттер тұрақты тіркестердің құрамында қолданыла келіп, тұрақты қолданысқа ие болады. Жоғарыда берілген мысалдардан әдеби тіл нормасының табиғаты күрделі құбылыс екендігін, оның әр түрлі ерекшеліктері болатындығын да байқадық. Әсіресе лексикалық дублеттер сыңарларының бір-бірінен стилистикалық реңкін, кыр-сырын дұрыс байқай отырып саралау – сөз мәдениетіне, тілдің қолданыстағы көрінісіне қойылатын талаптар. Түрлі сөздіктерде стильдік таңбалар жеке тілдік бірліктердің қасына қойылып жазылады. Кейбір ғалымдардың пікірінше, бұл лингвистикалық норманың шегінен шығып кетеді. Осыған байланысты “социолингвистикалық норма” ұғымы пайда болады – дейді Л.Б. Никольский. Бұл туралы Л.Б.Никольский: “В отличие от лингвистической нормы (реализованный язык), под социолингвистической нормой следует понимать закономерности или правила выбора языковой системы, подсистемы, либо их варианта для построения социально корректного высказывания”, –

деп жазады [11,с.47]. Демек, прагматикалық мақсатта жекелеген сөздердің түрленістері адамның жас ерекшелігіне, айналысатын кәсібіне, мамандығына, қай ортада қолданылуына байланысты таңдалады. Олай болса, сөздік жасау ісінде бірнеше сөз қатарларының әдеби нормасы нақты түрде көрсетіліп, қалғандарының үстейтін стильдік реңктері мен олардың қандай жағдайда қолданылатындығы ескерілуі керек деп ойлаймыз.

Тілімізде өмір сүретін лексикалық дублеттерді стильдік жағынан өзара сараланып қолданылатын тілдік бірліктер ретінде топшалаған жөн. Ұлт тілінің ең жоғарғы формасы болып табылатын әдеби тілдің нормалану процесін тарихи құбылыс ретінде бағалап, оның қалыптасып дамуына, өркендеуіне әсер етуші экстроллингвистикалық факторларға да назар аударып, құнды мәліметтерін қажеттілікке жарату арқылы да бұл мәселенің шешімінің тиімді жолдары мен амалдарын іздеген орынды. Жалпыхалықтық тілдің таным құралы қызметімен астасып жататын стильдік табиғаты сол тілдің атқаратын әдеби нормасына негізделе отырып, тілдік материалдарды сұрыптау арқылы жасалады.

Тақырып бойынша орындалатын тапсырмалар:

1. Функционалды стильдер жүйесі, атқаратын қызметі, стилистикалық реңк.
2. Лексикалық дублеттердің әдеби тілдің функционалды арналарындағы қолданысы (стилистикалық талдау).

Әдебиеттер:

1. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 2005.
2. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 984. – 118 б.
3. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы, 1995. – 204 б.

4. Атабаева М. Диалектілік сөз мағынасы. – Алматы: РИК, 1996. – 116 б.

5. Бизақов С. Лексикалық варианттар // Қазақ әдебиеті. – 2000. – N7. 5-6 бб.

6. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Алматы, 1995. – 171 б.

7. Момынова Б. Газет лексикасы жүйесі мен құрылымы. – Алматы: Арыс, 1999. – 224 б.

8. Сарыбаев Ш. Нақысбеков О. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы. – Алматы: Ғылым, 1989. – 187 б.

9. Мұсабекова Ф. Қазақ тілінің практикалық стилистикасы. – Алматы: Мектеп, 1982. – 150 б.

10. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: “Елорда”, 2001. – 228 б.

11. Никольский Л. Б. Некоторые проблемы терминологической синонимии // Термины и слово. – Горький, 1983.

11 - тақырып. Лексикалық дублеттердің парадигмалық және синтагмалық қатынастар жүйесіндегі орны.

Тірек сөздер: парадигма, лексика-семантикалық мағына, архисема, стилистикалық парадигма, синтагма, синтагмалық қатынас.

Тілдің стилистикалық құрылымын – бір-бірімен стилистикалық қатынаста болатын тіл бірліктері (дыбыс, сөз, сөз формасы, сөйлем), яғни, айқындықты білдіру мүмкіндігі мен қолданылу өрісіне қарай салыстырылатын стилистикалық синонимдер мен жарыспалық сөздер құрайды.

Тіл білімінде, негізінен, тіл бірліктері қатынасының парадигмалық және синтагмалық түрлері көрсетіледі.

Синтагматикалық қатынас – сөйлеу ағымындағы тіл бірліктерінің арасындағы қатынасқа, мәтіндегі жүйелілік, бірізділік қатынасына негізделеді. Мыс: Тілімізде *майда тас (ұсақ)*, *майда сөз (биязы)*, *мінезі майда (сыпайы)* деген тіркестер бар екені белгілі. Майда сөзі тіркесу қабілетіне қарай түрлі мағынаны білдіріп тұр. Стилистика үшін мәтіндегі тіркесім бірліктерінің стилистикалық реңкі маңызды роль атқарады (бейтарап ~ ауызекі сөйлеу тілі, көтеріңкі ~ қарапайым тіл және т.б.).

Парадигма термині, әдетте, тілдің морфология саласында “бір сөздің сөз түрлендіруші формалары” мағынасында жұмсалады. Дегенмен парадигма ұғымы кең лингвистикалық мазмұнға ие, өйткені бірқатар тіл бірліктерінің мәнді белгілері толық және жақын мағыналық сәйкестікке құрылса, кейбіреулері – айыру белгісін білдіретін тіл бірліктерін құрайды. Мәселен, морфологиялық қабатта, бір сөз табына енетін сөздер бірдей грамматикалық мағынаға ие (септік, көптік, жіктік, тәуелдік), ал айырым белгісі – лексикалық мағынасында жатыр. Синтаксистік деңгейде, мағынасы жағынан жуық, бірақ сөйлем құрылысы жағынан әр түрлі

болады. Мысалы: Аңшы келгенде, Жакып төсегінен тұрып жатыр еді. Аңшы келген кезде, Жакып төсегінен тұрып жатыр еді немесе Аңшы келсе, Жакып төсегінен тұрып жатыр сөйлемдерінің синонимдік қатынасы бір мезгілдегі оқиғаның жүзеге асып жатқанынан хабардар етеді.

Лексикалық деңгейде *әлді ~ күшті ~ мықты ~ қарулы ~ әулетті* синонимдік қатары мағыналық жақындықты көрсеткенімен, мағыналық реңкі жағынан әр түрлі қызметке ие. Б. Момынова: "Сөйлеу процесінен тыс ортақ белгілері бар сөздер адам жадында ассоциацияланып, топ құрады, ал олардың өзара қатынастары мүмкіндігінше әр түрлі болады. Мұндай қатынастарды ассоциациялық немесе парадигматикалық қатынастар", – деп атайды [1.16 б.].

Парадигматика түсінігі стилистикаға да қатысты. Бұл туралы академик Л. В. Щерба былай дейді: "Стилистическая парадигма основывается на тождестве (или близости) основного значения входящих в нее языковых единиц (им может быть как лексическое, так и грамматическое значение, например: род, число, падеж) при различии их стилистических показателей (стилистической и эмоционально-экспрессивной окраски)" [2, с.121].

Мәселен, *мерез // құлағана* стилистикалық реңкі (тұрпайы) жағынан құлаққа жағымды естіле қоймайды, бұл дублеттер бір стилистикалық парадигмаға ене отырып, стильдік көрсеткіші жағынан әдеби және ауызекі сөйлеу тілінде қолданылады.

Стилистикалық парадигма семантикалық (лексика-семантикалық және грамматика-семантикалық) және стилистикалық мағынаның қатысуымен жасалады. Дифференциалды белгісі ретінде тіл бірлігінің айқындылық қасиетін және оның қолданылу өрісін

анықтайтын стилистикалық мағынасы негіз болады. Демек стилистикалық парадигма мүшесі ретінде стилистикалық синонимдер мен жарыса қолданылатын сөздер алынады.

Әр түрлі сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған мағыналық жағынан теңдігі бар дублеттерді парадигмалық бағанға жинап, әрі сол арқылы денотаттың түрлі стилистикалық мағынасын анықтауға болады. Мысалы: *Таразы // Үшарқар // Шідер жұлдыз* деген атаулар халықта жиі ұшырасады. “Өзінің сәулетті пішінімен, ерекше тұрқымен көпке әйгілі бұл жұлдыз халық танымында қашып кетіп үркіп тұра қалған арқар сияқты шұбап тұрады немесе ұшқан тырнадай біріне-бірі тізіліп, қосақталған малдай шұбатылып жүреді” [3,115б.]. Астрономияда белгілі ескі аңыз бойынша, бұл жұлдыздар Орион деген атакты мергеннің белбеуі. Баданадай үш жұлдыз кісі белбеудің күміс түймелеріндей жылтылдайды екен. Қазақ арасында аспанға зер салушылар әлгі үш жұлдызды шұбырып қашқан арқарларға ұқсатып, Үшарқар ертегісін ойлап шығарған. Мұндағы *Үшарқар*, *Шідер жұлдыз* атаулары – аналитика-семантикалық тәсіл арқылы алынған күрделі сөздер. Бұл атаулардың *Таразы* ғылыми атауына қарағанда экспрессивті-бағалауыштық бояуы басым түседі.

Бейнелілік заттар мен құбылыстар арасындағы ұқсастықты танудан туындайды. Жоғарыда аталған дублеттердің бірдей ішкі мағыналық құрылымға енуі ұғымдар ұқсастығының ассоциациясына байланысты. Осы ұқсастық ұғымдардың бір-біріне қатыстылығынан аталымға жеткен.

Сөздік құрамның ішкі бірлігі оның парадигмалық және синтагмалық байланысынан көрінеді. Сөз топтары күрделі лексикалық парадигма құрайды дей аламыз. Кеңес тіл білімінде тілдің стилистикалық құрылымы туралы ойды алғаш рет академик Л. В. Щерба ұсынған

болатын. Л. В. Щербаның ойынша, “тілде өзара қатынаста тұратын сөз қабаттары бар (Л. В. Щерба оларды кейде “шоғырланған орта – концентрический круг”) деп атайды, бұл орта бір ұғымды білдіре отырып, айтылымның синонимиялық жүйесін құрайды және қосымша реңктермен ерекшеленеді” [2,122 б.].

Л. В. Щерба қосымша реңктердің төртеуін, атап айтсақ: *бейтарап, салтанатты, тұрпайы, дөрекі* реңктерді ерекше атайды. Дегенмен, тілдің стилистикалық құрылымы туралы айтылған бұл пікірден жалпы сипаттаманы ғана көргенімізбен, лексикалық дублеттер мен синонимдер құрылымдық элемент ретінде парадигмалық категория болып саналады.

Стилистикалық парадигма ұғымы тілдің лексикалық қабатында ерекше көрініс беретіндігі туралы ой-пікірлердің арасалмағы біршама оң бағытта қаланып, белгілі дәрежеде толыққанды жүйеленген құбылыс ретінде санауға болады. Бұл, ең алдымен, сөздің мағыналық және стилистикалық шегінің нақты да айқын ажыратылуымен байланысты. Сөздің мағыналық бөлігінде – нақты мәлімет, В. В. Виноградовтың айтуынша, “шындықтың кішкентай бөлшегі” сакталады, ал стилистикалық мағынада – қосымша мәлімет – хабар мазмұны, сөйлеу сипаты, айтушының тыңдаушыға көзқарасы қатысады [4,5 б.]. Сөздің стилистикалық мағынасы айтушының әлеуметтік жағдайы, оның білімі, мәдениеті жайынан да өзіндік мол хабар береді.

Халықтың тұрмыс-тіршілігінде бар көптеген өсімдік пен жануарлардың, заттар мен құбылыстардың атаулары жекелеген ұлттың өзіндік менталитетіне сәйкес ерекшеленеді. Мысалы: *сақалтай* және *қозықұмай* сөздері бір стилистикалық парадигманы құрай отырып, стилистикалық мағынасы жағынан ерекшеленеді. *Сақалтай* сөзінің стилистикалық мағынасы екі

компонентке бөлінеді: стилистикалық реңк (көтеріңкі) және эмоционалды-бағалауыштық реңк. Тілдегі эмоциялық – адам сезімін білдірсе, экспрессивтік амалдар эмоцияны, ерікті ойды білдіруде мәнерлілікті, бейнелілікті күшейту үшін қызмет етеді.

Сонымен, стилистикалық парадигма өзара қатынастағы және теңбе-тең ұғымдардың сөйлеу тіліндегі айқындылығын және түрлілігін көрсететін стилистикалық және эмоционалды-бағалауыштық реңкті салыстырып зерттейді. Қоршаған дүниедегі нысанды, затты тануда тілдік ұжымның дүниетанымы, өмір сүру ерекшелігі, мәдениеті, психологиясы ерекше маңызды роль атқаратыны белгілі. Нысандағы танылған ұғымға, затқа, нәрсеге тілдік таңба арқылы атау тағамыз. Ол танылған атаудағы жаңа ұғым пайда болған сайын оның денотатын сипаттайтын түрлі атаулар да пайда болады. Адам санасы затты, құбылысты қалай танып білсе, соған сәйкес ұғымдарға атау береді, сөйтіп барып белгілі бір тілде лексикалық бірлік қалыптасады. Сөз талғау термині – стилистикалық норма ұғымына сәйкес келеді. Қай тілде болмасын кез-келген сөз екінші бір сөзбен міндетті түрде не парадигматикалық, не синтагматикалық байланыста тұрады. Сөз атаулыға бірдей заңдылықты жарыспалықтың да табиғатынан көруге болады. "Лексикамыздағы жүйеліліктің көрінісі – сол лексиканың құрамына енетін сөздерді мағынасына қарай парадигмалық және синтагмалық топтарға жіктеуге болатындығында", – дейді Б.Қ. Қалиев [5, 6 б.].

Тілдің тарихи даму барысында лексикалық дублеттердің қай сөздермен тіркесуіне орай, олардың семалары бірде күшейіп, бірде әлсіреп отыратынын ұмытпаған да жөн. Демек, тілде сөздің қолданылу ерекшелігі мен ыңғайына қарай оның мағыналық реңкі пайда болады деп тұжырым жасасақ артық айтқандық

болмас. Синоним сөздер контекстегі қолданылу орайына қарай мағыналық реңк туғызады. Лексикалық дублеттердің де контекстік және басқа сөздермен тіркесімділік қасиетіне қарай туғызатын мағыналық және стильдік реңкіне төмендегі берілген мысалдар дәлел болады. Мысалы: Шөміш балық пен майшабақтан өзге балықтың түрін тірідей көрмеген құрдасым, әйнек қабырағаны танауымен сүзіп, таңданып тұр (Жас Алаш). Осы контекстегі *шөміш балық* тіркесімі ерекше көзге түседі. Дене тұрқы кішкентай ғана балық дегенді, *шөмішке* балап, оны балық сөзімен тіркестіруі ерекше экспрессиялық мәнге ие етеді. Егер мұны әдеби тілдегі *ожау* нұсқасымен ауыстырсақ, онда бұл тіркес экспрессиялығын жояр еді.

Қай тілде болмасын кез келген сөздің екінші бір сөзбен міндетті түрде не парадигматикалық, не синтагматикалық байланыста болатындығы жоғарыда айтылды. Тіл атаулыға, сөз атаулыға бірдей бұл заңдылықтардың іс жүзінде қалай жұмыс істейтіні метафора, метонимия сияқты тіл құбылыстарының табиғатынан айқын сезіледі. Атаулардың метонимиялық тәсілмен ауысып қолданылуының бірнеше жолдары бар екені белгілі. Мәселен, бұйым орнына бұйым жасалған материалдардың атауын қолдану ұшырасады. Мыс: Лимонды ұзақ сақтау үшін бүтін, қаттыларын таңдап алып, *шыныға* саласыз да, үстіне салқын су құясыз. Егер Тюрингия ертеден ГДР *шыны ондірісінің* орталығы боп келсе, өлкедегі мұның ерекше салмағы Ильменауға түседі. Бірінші мысалда *кесе* сөзінің орнына осы бұйым жасалған материалдың атауы берілген. Екінші мысалда *шыны* сөзі өзінің тура мағынасында қолданылған. Сөздердің өзара заттық-логикалық, лексика-семантикалық қатынасынан өзге сөздермен тіркесу сипатындағы ерекшелік келіп шығады.

Атауыштық мағынадағы сөздер шындық өмірдегі заттар мен құбылыстарды білдіретін басқа көптеген сөздермен қарым-қатынасқа түсіп, олармен тіркесіп отырады. Атауыш мағынадағы сөздердің мұндай қарым-қатынасы белгілі бір сөздермен шектелмейді, әр түрлі сипаттағы сөздердің мол тобын қамтып, олармен тіркесімділігін арттырып отырады. Осылайша еркін мағыналы және тұрақты тіркестер жасалады. Мысалы: *сайрауық сандуғаш* тіркесіндегі *сандуғаш* сөзін бейтарап стильде қолданылатын *бұлбұл* атауымен алмастырсақ, стилистикалық қызметінен айырылады. *Бұлбұл* атауы бейтарап стильде қолданылса, *сандуғаш* көтеріңкі поэтикалық стильде қолданылады. Сондықтан дублет қатарларының контексте қолданылуы тіркесім үйлесімдігі мен айналасындағы сөздермен үндесіп келуіне қарай талданып алынады. Тағы бір мысал: "*Қырсыққанда қымыран іриді*" дегендегі *қымыран* сөзін *шұбат* сөзімен алмастыруға келмейді. Дәмелі өстіп жастайымнан-ақ адасқан дуадақтай жалғыз қалғаным ба?! – дейді (Ө.Қанахин, Дәмелі). Сол сияқты, Құр мен дуадақ шөлді біледі, Қарға мен күзгын елді біледі (Үш ғасыр жырлайды) немесе Көгалда жайылған дуадақша жайрандауын қарашы (Ғ. Мүсірепов, Жиырма бес) деген контекстегі сындық және үстеулік мағынаны білдіріп тұрған *дуадақтай*, *дуадақша* сөздерінің орнын *тоқтыбалақтай*, *тоқтыбалақша* сыңарларымен ауыстыруға көнбейді. Қазақ халқының бұл құсты ертеден танитындығы дуадақ сөзінен синтетикалық тәсіл арқылы өрбіген дуадақтай, дуадақша сөздері дәлел болады. Тілімізде көнерген сөздердің қатарынан орын алған *сарбаз* сөзі *жауынгер* сөзімен жарыса қолданысқа түсіп отыр. Осы лексикалық дублеттердің басқа сөздермен тіркесіп келу қабілетіне тоқталсақ, *жауынгерлік тапсырма*, *жауынгерлік дайындықты* *сарбаздық*

тапсырма, сарбаздық дайындық деп айтуға көңіңкіремейді. Тіпті әскери тілде бұлар тұрақты қолдана келіп, әскери термин болып бекітілген. Сол сияқты *бала киік, киік сирақ, киіктің асығындай, кісікиік* деген тұрақты тіркестердегі киікті бөкенмен алмастыра алмайсыз. Себебі бұлар тұрақты мағынада қолдана келіп, стиль жағынан сараланып дара мағыналы тіркес ретінде қолданысқа түскен.

Тағы да бір мысал келтірсек:

Құсы да, иесі де *қоразданар*,
Алпыс екі айлалы түлкі алғанда.
"Үйірімен үш тоғыз" деп жымыңдап,
Жасы үлкені жанына байланғанда

немесе

Қас кермек, мойын бұрмақ, *қоразданбақ*
(Абай)

деген өлең жолдарында берілген *қоразданар, қоразданбақ* деген сөздер *әтештенер, әтештенбек* деп айтылмайды. Бірі әдеби тілдің баламасы ретінде, бірі жергілікті тіл ерекшелігінде қолданылатын сөз ретінде бір ғана заттың атауын білдіріп, лексикалық дублеттерді құрайды. Ал жоғарыдағы мысалдардан байқағанымыздай, бұлардың қолданылу өрісінің және білдірер стильдік реңктерінің бір еместігі аңғарылады. Әтеш сөзіне қарағанда *қораз* сөзінің экспрессивтік реңкі басым, себебі мұнда "шікірейіп кісімсінуді" Абай қораздың басқа үй жануарларына "қоқиланып, күш көрсету" қасиетіне теңеп, үйлестіріп тұр. Осы өлең жолдарынан байқағанымыздай, қораз сөзінің әтеш атауынан бұрын қолданыста болғандығына *қоразданар, қоразданбақ* сөздері дәлел бола алады. Әдеби норма тұрғысынан қарап, оларды тілден ығыстырып шығара алмаймыз. Лингвистикалық тұрғыдан сөз мағынасы оның басқа сөздермен қарым-қатынасқа, байланысқа түсуін

анықтайды, яғни сөздің лексикалық тіркесімділігін айқындайды. Бұл көрсеткіш сөз мағынасының лексика-семантикалық қасиетін дәл анықтауға септігін тигізеді. Бір парадигмалық топ құрайтын дублет сөздердің жекелеген сөздермен тіркесімділік құрай отырып, сол сөздермен тіркесе келіп тұрақтылық дәрежесін қалыптастырады. Сөйтіп тілдің даму барысында тұрақты дублеттер де сан алуан стильдік ренкті білдіру арқылы оның оралымдылығының артуына үлес қосады. Лексикалық дублеттер мағыналық тепе-теңдікке құрылғанымен, стильдік қолданылу өрісі мен ренкі жағынан тең дәрежеде қолданыла бермейді. Сондықтан дублеттер де тіл мәдениетінің қоғамдық қызметінде қосымша қызмет атқарып, әдеби тіл дамуының сапалық көрсеткіші бола алады.

Тақырып бойынша орындалатын тапсырмалар:

1. Тіл ғылымындағы парадигматикалық, синтагматикалық қатынастар.
2. Лексикалық дублеттердің семантикалық іркесімділігі.

Әдебиеттер:

1. Момынова Б. Газет лексикасы жүйесі мен құрылымы. – Алматы: Арыс, 1999. – 224 б.
2. Щерба Л.В. Современный русский литературный язык // Русский язык в школе. – М., 1959. – С.48-54.
3. Әбішев Х. Аспан сыры. – Алматы, 1962. – 140 б.
4. Виноградов В. В. Языковая ситуация // Лингвистический энциклопедический словарь. – М., 1990. – С.78-84.
5. Қалиев Б. Қ. Қазақ тілінің көкейтесті мәселелері. – Алматы, 1997. – 149 б.

12-тақырып. Морфологиялық және синтаксистік варианттар

Тірек сөздер: морф, морфема, үнем принципі, сіңісу құбылысы, фузия, синтаксистік синоним, синтаксистік конструкция, инверсия.

Тіліміздегі сөздер құрамы, құрылымы жағынан құбылып, өзгеріп, тілімізде балама түрде жарыса қолданылуы мүмкін. Міне, осындай сөздердің өзгермелі табиғатының бір көрінісі - оның варианттылығы деп тануға негіз болады. Тіліміздегі сөздердің тұлғалық, мағыналық, сапалық, сандық өзгерістерге ұшырауы кездейсоқ емес, олардың табиғатына тән заңды құбылыс. Сөздің лексикалық бірлігінде ешқандай өзгешелігі жоқ, морфемдік құрамы ұқсас, грамматикалық құрылымының даму барысында түрлі себептермен дыбыстық немесе тұлғалық ауытқуларға ұшырап қолданылып жүрген сөздерді сөз варианттары деп атаймыз.

Тілдегі варианттылық қазақ тілін зерттеуші түркологтар назарын ертеден-ақ аударғаны белгілі. Түрколог ғалымдардың еңбектерінде абдан //әбден, адауыр//едәуір, ұксаған//ұсаған, оспал//оспақ, қары//кәрі, каде//кәде (Н.И.Ильминский); исим//есім, жана//және, менім//менің, біздің//бізін, шаһар//шеһер (П.М.Мелиоранский) сөздерінің морфологиялық, фонетикалық варианттары келтірілген. Сөз варианттарының қазіргі кезде қазақ әдеби тілінен алатын орны мен табиғатына арналған еңбектер 1930 жылдардан кейін ғана жарық көріп келеді. Қазақ тілінде ұшырасатын сіңісу құбылысы - тілдің өзгеру, құбылу, даму үрдістерін айқындайтын күрделі құбылыстардың бірі. Бұл құбылыс тіл ғылымында «фузия» деп аталады. Бұл үрдістің нәтижесінде құрамындағы бөлшектері бір-

біріне сіңісе келіп, қазіргі кезде мүшеленбейтін дәрежеге жеткен сөздер қазіргі қазақ тілінде көптеп кездеседі. Сіңісу құбылысымен жасалған вариант сөздердің қырларын, сырын ашудың ғылым үшін маңызы зор. Сіңісу құбылысының нәтижесінде пайда болған сөздерді сөздік қордың барлық қабаттарынан табуға болады және олардың көбі морфологиялық вариант қатарын құрайды. Мысалы: ақырында//ақырда//ақырысында; қапыда//қапияда//қапелімде; шынымен//шынында; әлгінде//әлгіде және т.б. Мұндағы тәуелдік, септік жалғаулары өз мағынасы мен қызметінен түгелдей айырылған. Тәуелдік, септік жалғаулары түбірге толық түрде кірігіп, сіңісіп кеткен. Осының негізінде ол сөзжасамдық қасиетке ие болып, сол сөзден жаңа лексикалық мағынаға ие туынды түбір жасайды. Бұндай сөздер тілімізде түбір мен жалғауға ажыратылмай, бір бүтін бірлік ретінде қолданылады. Бұл үстеулер сөйлемде тепе-тең мағынада қолданылып морфологиялық вариант қатарын жасап тұр. Түбірге сіңіскен өлі жұрнақтардан пайда болған морфологиялық варианттар көбінесе есім сөздерден, етістіктерден сын есім тудырушы өнімсіз жұрнақтар арқылы жасалады. Мұндай өнімсіз жұрнақтар парсы тілінен енген кірме қосымшалар **-паз, -қой, -қор, -хана, -кеш** қазақ тілінің үндестік заңына бағынбай өздерінің әуелгі қалпын сақтап отырады. Бұл жұрнақтар өзі жалғанған сөзден оның нақтылы лексикалық мағынасына тікелей қатысты белгілі бір іс-әрекетті істеуге мамандығы я қабілеті барлықты білдіретін жаңа сөз тудырады. Мысалы: жағымпаз//жағынымпаз, таңдағыш//таңдампаз, нанғыш//нанымпаз және т.б. Морфологиялық вариант қатары түбірі мен тұлғасы бір сөздің не қосымшаның дыбыстық, грамматикалық түрленісінен түзіледі.

Морфологиялық вариант құрайтын сөздер әртүрлі сөз табынан бола бермейді, бір ғана сөз табына қатысты болады. Әрбасқа сөз табына жататын сөздердің вариант болуы тек бірлі-жарым сан есімнен ғана ұшырасады. Журнактар сөз тудыру қабілетіне қарай, стилистикалық ренкіне қарай ерекшеленіп келеді. Сөздерде болатын варианттылық қасиет журналдарда да болады. Өнімді журналдардың қатысуымен жасалған морфологиялық варианттарды, атап айтқанда, есім және етістік сөздерден есім тудырушы журналдардың жалғануы арқылы алынған морфологиялық варианттар, өзге де сөз таптарының сөз тудырушы қосымшалардың жалғануы арқылы алынған морфологиялық варианттар деп іштей бірнеше жікке бөліп қарастыруға болады. Мәселен, себепші негізге заттық мағына үстейтін -шы, -ші журнағы адамның кәсібі мен қызметіне сәйкес нелік мән ғұғызады: атқосшы//атшы, мерген//мергенші, жолаушы//жолшы, жоқтаушы//жолшы. Берілген вариант қатарларының екінші сыңарлары ауызекі сөйлеу стилінде, көбінесе окказионалдық қолданыстағы бірліктер. Негізгі түбірге – кер.-гер түлғасы жалғанып -шы,-ші журнағымен бір парадигмалық байланысқа түсіп морфологиялық вариант жасайды. Мысалы: айғақкер//айғақшы, баспагер//баспашы. Алқұмдақ//құмдауыт. ойпат//ойпауыт, шымдақ//шымдауыт вариант құрамындағы -ыт,-іт, -т; -ық,-ік, -қ журналтары қыстырма дыбысты немесе қыстырма дыбыссыз тұрып-ақ морфологиялық вариант қатарының түзілуіне негіз болып тұр.

Сонымен қазіргі қазақ тіліндегі морфологиялық варианттар әр түрлі жолмен, түбірлік морфема мен қосымшалық морфеманың өзгеріске ұшырауынан, түбірге басқа қосымшалардың жалғануынан, сондай-ақ үндестік заңы әсерімен, жеке автордың индивидуалды сөз қолданысы мен жергілікті сөйлеу тілі әсерлерімен қалыптасады. Біртүбірлес сөз варианттарында көбінесе

түбір тұлға өзгермейді де, дыбыс алмасу косымшалардан ғана байқалады. Белгілі бір дыбыстың сусып түсіп қалуынан (шаңырақ//шаңғарақ, ер//егер т.б.), көп буынды сөздің аз буынды сөзге, сөздің ықшам тұлғаға ауысуынан морфологиялық вариант қатарлары түзіледі. Сөздің ықшам варианттарының қалыптасуына да әсер еткен жалпы тіл заңдылығының ең негізгісі – үнем принципі, яғни сөздің айтылуын барынша жеңілдетіп, жетілдіру бағыты.

Синтаксистік вариант деп есептелетін сөз тіркестері мен сөйлемдердің мағыналық жағынан бір-бірінен айырмашылығы болмауы керек. Синтаксистік варианттарды жасаудың басты-басты шарттары болып мыналар есептеледі:

- 1) Лексикалық мағынаның тепе-теңдігі;
- 2) Бірдей мағына мен қатынасты білдіретіндігі;
- 3) Сөздердің орын тәртібіне, орындарына қарай бірінің орнына бірі алмаса жұмсала беруі.

Варианттылық ұғымын кең мағынада да, тар мағынада да түсінуге болады. Варианттылық ұғымын кең мағынада параллелизмдердің және синонимдерден басқа орын ауыстыруға көнетін жарыспа тұлғалар түрлері деп түсінеміз. Ал тар мағынада варианттылық – сөздің лексикалық мағынасының бір-бірімен тепең-тең түсуі. Татар тілінің маманы С. Ибраһимов «синтаксистік конструкциялардың варианттары дегеніміз белгілі бір мазмұнды әр алуан синтаксистік тәсілдермен жеткізу болып табылады», - десе (1,88), Е. И. Шендельс «Синтаксические варианты» атты еңбегінде «... сөз тіркестеріндегі сияқты, сөйлемдердің варианттары мен синонимдерінде де трансформация жасап, сөздердің орындарын алмастырудың қисыны келе береді. Бұл сөйлемдердегі сөздердің орын алмастырылуы варианттылықтың бір көрінісі», - дейді (2, 6).

Синтаксистік синонимдер мен синтаксистік варианттар ұқсас келеді және екеуіне де ортақ қағидалар бар. Ол қағидалар - екеуінің де параллелизмдер қатарына кіруі

және сөйлем, сөз тіркестері мазмұнындағы ұқсастықтары мен мағынасындағы сәл ғана айырмашылықтары. Синтаксистік синонимдерден синтаксистік варианттардың арасында ұқсастық басым болады да, мағыналық айырмашылық болмауы тиіс. Яғни, синтаксистік вариант сөздерде құрылымы жағынан өзгешелік болады да, мағыналық жағынан айырмашылық болмайды. «Синтаксистік синоним – екі немесе одан да көп синтаксистік конструкцияның лексикалық құрамы бірдей, мазмұны бір, бірыңғай синтаксистік қатынаста келіп, құрылымы әр түрлі болып, соған сай нәзік мағыналық айырмашылығы байқалатын синтаксистік параллелизмнің түрі» (3,32). Осы берілген анықтамалардан көріп отырғанымыздай синтаксистік синонимдер мен синтаксистік варианттарға ортақ белгі – бір-бірімен орын ауыстырып, алмасушылық екенін көреміз. Мысалы: *суды ішті, судан ішті* деген сөз тіркестерін өзара синтаксистік вариант деп қараймыз. Синтаксистік синоним болуына бағыныңқыларының меңгеріле байланысқаны емес, екі тіркестің арасындағы мағыналық айырмашылық негіз болады. Біріншісінде объектінің әрекетке толық күйде түскені байқалады, екінші тіркесте ол объект әрекетке толық күйде емес, оның бір бөлшегі түсіп тұр. *Ауыл тұрғыны, ауылдың тұрғыны, ауыл жақтан шықты, ауыл маңынан шықты, дүкенге дейін ғана барды, дүкенге шейін ғана барды* – синтаксистік вариант жасап тұр, бұл тіркестерден мағыналық айырмашылық байқалмайды. Әртүрлі жалғаулармен түрленіп грамматикалық мағынасы тепе-теңдікті білдіретін сөз тұлғасының септелуінен, жіктелуінен, тәуелденуінен өзгеріске түсіп синтаксистік вариант жасайтын сөз тіркестерінің түрлері көп.

Синтаксистік синонимдер мен синтаксистік синонимдер мен синтаксистік варианттардың

аракатынасын, өзара ерекшеліктерін саралай келе мынадай тұжырымдар жасауға болады:

1. Синонимдердің қолданылу аясы белгілі дәрежеде тұрақты, шегі бар болса, варианттар өте өнімді, икемді жұмсалады;
2. синтаксистік синонимдерде грамматикалық мағына мен грамматикалық модельдің кішкене болса да өзгеше болып келуі талап етілсе, варианттарда грамматикалық мағына мен грамматикалық модельдің тепе-теңдігі қажет болып табылады;
3. синтаксистік варианттың айырмасы -- грамматикалық мағына тепе-тең болмағанның өзінде сәл ғана айырмашылық жүйелі грамматикалық мағынаға ешқандай өзгеріс жасай алмайды.

Септік, жіктік және тәуелдік жалғауларының өзгерісінен түзілген синтаксистік варианттар, сөздердің толық және ықшамдалған тұлғаларының, сөз тіркестерінің варианттылығы мәселелерін негіздей отырып, сөз болып отырған синтаксистік варианттардың әдеби норма тұрғысынан сұрыпталу жайы жан-жақты талқылауға түскен.

Тақырып бойынша орындалатын тапсырмалар:

1. Грамматикалық сөз варианттарының зерттелуі.
2. Морфологиялық варианттардың түзілу жолдары: өнімді және өнімсіз жұрнақтардың қатысуымен жасалған сөз варианттары.
3. Түбірге сіңіскен өлі жұрнақтардың есебінен жасалған морфологиялық варианттар.
4. Синтаксистік параллелизмдер: синтаксистік синонимдер мен синтаксистік варианттардың аракатынасы.
5. Синтаксистік варианттардың түзілу жолдары: септік, жіктік және тәуелдік жалғауларының және сөз тіркестері мен жалғаулықты шылаулардың өзгерісінен жасалған варианттар.

Әдебиеттер

1. Ибрагимов С. М. Структура предложения и синтаксические синонимы // «Советская тюркология и развитие тюркских языков в СССР» Тезисы докладов и сообщений. –Алма-Ата, 1976.
2. Шендельс Е. И. Многозначность и синонимия в грамматике. –М., 1975.
3. Серғалиев М. Синтаксис мәселелері. Астана, 2006.
4. Бизаков С. Тілдік норма және варианттылық. –Алматы, 1997.
5. Ұйықбаев И. Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі варианттылық проблемасы. –Алматы, 1976.
6. Бизаков С. Вариант сөздер сөздігі. –Алматы, 2004.

II – модуль бойынша тест тапсырмалары

1. Мына туынды сөздер «қаракат, қаракөз, ақбөкен» қандай сөзжасамдық тәсіл арқылы жасалған?

- A) аналитикалық;
- B) синтетикалық;
- C) семантикалық;
- D) фонетикалық;
- E) жоғарыдағының бәрі.

2. Интонациялық – мағыналық бірлік:

- A) лексема;
- B) фонема;
- C) морфема;
- D) синтагма;
- E) парадигма.

3. Адам жадында форма мен мазмұн ұқсастығына негізделген қатынастар жиынтығы -

- A) парадигмалық қатынас;
- B) синтагмалық қатынас;
- C) иерархиялық қатынас;
- D) таңбалық қатынас;
- E) жүйелі қатынас.

4. Метонимиялық тәсіл негізінде қалыптасқан атау –

- A) шаппа;
- B) забиял;
- C) қайырма;
- D) мыштар;
- E) бәкі.

5. Редукция деген не?

- А) дауыстының түсіп қалуы;
- В) дауыстының пайда болуы;
- С) дауыстының көмескіленуі;
- Д) дауыстының қосарлануы;
- Е) дауыстының орын ауысуы.

6. «Оттық, шақпақ» сөздерінің қалыптасуындағы уәж

- А) түсі;
- В) қасиеті;
- С) бөлшегі;
- Д) түрі;
- Е) қызметі.

7. «Ақ керіш» сөзінің білдіретін мағынасы:

- А) күйдірілген саз;
- В) күйдірілмеген саз;
- С) пісірілмеген саз;
- Д) табиғи ақ топырақ;
- Е) ақ балшық.

8. Ойшыл-ойшы; ботақан-ботақай; аспаз-асшы; жиылыс-жиналыс; түпкілікті-түбегейлі. Бұлар сөз варианттарының қайсысына жатады:

- А) лексикалық;
- В) фонетикалық;
- С) синтаксистік;
- Д) морфологиялық;
- Е) стилистикалық.

9. Синтаксистік варианттар қатары:

- А) майысқыш – майысқақ;
- В) ойран-асыр – ойран-ботқа – ойран-топыр;
- С) айыл-тұрман – ер-тұрман;
- Д) қазақ тіліне аудар – қазақшаға аудар;
- Е) келімпаз-келгіш.

10. Септік жалғауының өзгеруінен жасалған синтаксистік вариант:

- A) қаланың маңы – қаланың жаны;
- B) мұғалімге жолықты – мұғаліммен жолықты;
- C) түсінемін – түсінем;
- D) тәңірі – тәңірісі;
- E) келгін – келін.

11. Қандай дыбыстардың алдынан протеза құбылысы байқалады.

- A) с, р, л;
- B) к, қ, г;
- C) д, т, ж;
- D) з, с, х;
- E) бәрінің алдынан байқалады.

12. Метатеза деген не?

- A) дыбыстың түсіп қалуы;
- B) дыбыстың пайда болуы;
- C) дыбыстың орын ауысуы;
- D) дыбыстың үндестігі;
- E) дыбыстардың қосылуы.

13. Сөйлемді құрайтын минимум белгілер -

- A) Құрамындағы сөздердің саны;
- B) Сөйлемнің айтылу мақсаты;
- C) Сөйлемнің логика-грамматикалық типі;
- D) Информация көлемі;
- E) Предикативтік катынас, жактық, шактық, рай формалары;

14. Кебіс, сынсу, шидем, күпі қандай сөздер -

- A) архаизмдер;
- B) неологизмдер;
- C) кірме сөздер;
- D) тарихи сөздер;
- E) кітаби сөздер.

15. Кәсіби сөздер дегеніміз -

- A) жергілікті тіл ерекшеліктері;
- B) бейнелі сөздер;
- C) түрлі мамандыққа қатысты сөздер;
- D) кірме сөздер;
- E) неологизмдер.

16. Тура уәждеме арқылы жасалған туынды сөз -

- A) кітапхана;
- B) кітапхана үйі;
- C) кітапхана залы;
- D) жақсы кітапхана;
- E) бай кітапхана.

17. Ауыспалы уәждеме арқылы жасалған туынды сөз

- A) жүрегі;
- B) жүрегі соғу;
- C) жүрек жұтқан;
- D) жүре-жүре;
- E) жүріп келе жатып.

18. Ұлттық тілге дейінгі тіл сатылары:

- A) ауызекі сөйлеу тілі, жазба тілі;
- B) ру тілі, тайпа тілі, халықтық тіл, ұлттық тіл;
- C) дыбыстық тіл, ауызекі сөйлеу тілі, әдеби тіл;
- D)) халықтық тіл, тайпа тілі, ру тілі, жазба тілі;
- E) жазба тіл, дыбыстық тіл.

19. Тіл дамуына әсер ететін жағдайлар:

- A) сыртқы жағдай;
- B) ішкі жағдай;
- C) дифференциялау процесі;
- D)) қоғамдық жағдай;
- E) тіл дамуының ішкі және сыртқы жағдайлары.

20. Тәуелдік жалғауының өзгерісінен түзілген вариант қатары:

- A) қалғаным – қалғам, келгін – келін;
- B) уақыты – уақтысы, тәңірі – тәңірісі;
- C) суда шомылды – суға шомылды;
- D) орманның маңы – орман маңы;
- E) ана жақта – анаяқта.

21. Фонетикалық вариант қатары:

- A) болған соң – болғасын;
- B) ат-тұрман – ер-тұрман;
- C) даңғыл жол – сара жол;
- D) жай түсу – жасыл түсу;
- E) шай – шәй, балуан – палуан.

22. Фонетиканың тіл дыбыстарын зерттеудің негізгі үш шарты:

- A) тіл дыбыстарын фонологиялық, графикалық тұрғыда зерттейді;
- B) тіл дыбыстарын жан-жақты зерттейді, әсіресе дауысты дыбыстардың жасалуын, мағыналарын зерттейді;
- C) тіл дыбыстарын жасалу орнына (артикуляциясына), естілу қасиетіне (акустикасына) және мағыналық сипатына қарай зерттейді;
- D) тілдік дыбыстарды жазылуына, таңбаларына, мағынасына қарай зерттейді;
- E) дұрыс жауабы жоқ.

23. Редукция дегеніміз -

- A) дыбыстардың әлсіреп көмескіленуі, соның нәтижесінде дыбыстың өзгеруі;
- B) екпін түспеген буындағы дауыстылар;
- C) сонор дыбыстардың арасындағы дауыстылар;
- D) соңғы буындағы қысаң дауыстылар;
- E) дыбыстардың түсіріліп қалуы.

24. Фонема дегеніміз -

- A) тілдегі дыбыстар жүйесі;
- B) сөздер мен олардың дыбыстық формаларын ажырататын тілдік единица;
- C) тіл дыбыстары;
- D) тіл дыбыстарын зерттейтін сала;
- E) дауыссыз дыбыстар жүйесі.

25. Тіл білімінің ең негізгі зерттейтін объектісі?

- A) табиғат заңдары;
- B) жан-жануарлар тілдері;
- C) адамзаттың дыбыстық тілі;
- D) адамның пайда болу заңдылықтары;
- E) құстардың тілі.

Лексикалық дублеттер сөздігі

Айыппұл (әдеби) // айынақы
Ақмарқа // ақбалық (жерех)
Ақ өлең // ұйқассыз өлең
Ақшақар // Қарша қыз // Қарлы қыз // Қарғаш (ауызекі)
Арқалық // белағаш // мәтке // бұрыс (жерг)
Ата заң (публ) // Негізгі заң // Конституция (ресми)
Атауыз // кемпірауыз // тістегуік (жерг)
Атбегі // атпаз // атсейіс (сөйл)
Апта // жеті (хал)
Аргрит // шорбуын
Афоризм // нақыл сөз (әдеби)
Әк // ізбес // ақтас // утас // ақ башшық // ақ керіш (жерг)
Әтеш (әдеби) // қораз (жерг, поэт)
Бал (әдеби) // әсел (жерг)
Баспа // ділбас (хал) // ангина
Бөдене // бытпылдык (хал)
Бәкі // шапта // забиял // қайырма (жерг)
Бөкен // киік // газел // сайғак (ғыл.)
Белгіше // төсбелгі (значек)
Бөтелке // шөлмек // шиша
Біріккен сөз // сөзқосым
Бір қарыс жер // бір аттам жер (әдеби) // бір шүкәтім жер (жерг)
Дәйексөз // дәйектеме (цитата)
Дәліз // сенек // веранда // ауыз үй
Дәретхана // әжетхана
Дегелек // ләйлек
Дуадақ // тоқтыбалақ, қозыбалақ (салмак) // шол тауығы (пішін)
Елбасы (публ) // Президент (ресми)
Жайма нан // жұқа нан // камыр // күншетай (жерг) // іңкәл (кірме)

Жауынгер (ғыл) // сарбаз
Жебір шөп // тас шөп (тимьян)
Жүгері // борми // көмбеконак (жерг)
Жұмыртка // тұқым // мәйек // мая
Жуалдыз // тебен ине
Зоб (ғыл) // бұғақ ауруы // жемсау (хал)
Кәдесый // сыйкәде // қолүздік (сувенир)
Кебек // күрпі // жарма // отырба // буызы
Керік // жираф
Кесе (әдеб) // шыны // пияла (жерг)
Көкала // көксерке // тісті (судак)
Көкбауыр (ғыл) // талак (хал)
Көк ет // бауыр ет
Көрші // қошына // қоңсы
Күйдіргі // жаман жара // қағынды // түйнеме (сибирская
язва)
Күнжіт // зығыр
Қант диабеті (ғыл) // сусамыр (хал) // сусак (жерг)
Қарагөз // көкмойын // қылауыз (вобла)
Қаппа // дарбаза
Қара құрт (ғыл) // каражесір (хал)
Қаршыға // көкқұс
Қаяз // сүген (жерг)
Қияр // бәдірен
Қозықұмай (ғыл) // сақалтай (хал)
Қолтырауын // темсақ // крокодил
Құмай // кезқұйрық
Құртауру // өкпе ауруы (туберкулез)
Қызылша // ләблеме (жерг)
Қырыққабат // орамжапырақ (хал) // капуста (кірме)
Қысқаш // шымшуыр (хал) // әтешкір // жәмке // мәстемір
// шаттауық
(жерг)
Құдай // Алла // Тәңірі // Жаратушы ием

Лом // сүймен
 Массаж // сылау
 Мәйітхана // өлікхана (ауызекі)
 Мереz (әдеби) // құлғана
 Мерейтой // мүшелтой
 Мұзайдын // мұзойнақ
 Мынақып // азанама (некролог)
 Мынтамыр // жаужажапырақ
 Найзағай // жай // жасын // жасыл (хал)
 Ожау // шөміш
 Оташы // хирург
 Отбасы (бейт) // жанұя (публ)
 Өнеш рагы (ғыл) // қылтамақ (хал)
 Өтемақы // қарымақы (компенсация)
 Радикулит (ғыл) // қуаң // шырымтал (жерг)
 Ревматизм (ғыл) // сүйек ауруы (хал) //омал (жерг)
 Сауалнама // пікіртерім (анкета)
 Сәйгел (ғыл) // оқыра қоңыз // бөгелек // құмыр
 Сөзтізбе // лұғаттық
 Сұртышқан // токалтіс (полевка)
 Сүзек // кезік (жерг) (тиф)
 Сіріңке // кеуірт // оттық // шақпақ // шырпы
 Таңқурай (әд) // биеемшек (жерг) // малина (ғыл)
 Таразы (ғыл) // Шідер жұлдыз (хал) // Үшарқар (жерг)
 Таңдай тілшігі // бөбешік // қызық тіл
 Тәулік // сөтке
 Темірқазық (әд) // Кіші Аю (ғыл) // Алтынқазық //
 Жалғызқазық (жерг)
 Торф // шым тезек
 Тудіңгек // тутұғыр
 Тұқым // ұрық
 Түрме (бейт) // абақты
 Тілашар // тілдескіш // тілдесулік (разговорник)
 Тіс жегі // тіс бүлінуі (кариес)

Тіс қарғы // тіс дағы // тіске қақ тұру (зубной налет)
Тіс эмалі // тіс кіреукесі
Ұзақ қарға // шау қарға
Ұйқы безі (хал) // қарын асты безі (ғыл)
Шелек (әдеби) // бақыр (жерг)
Шешек // әулие // күл
Ширек гектар (әдеби) // бір такта жер // бір сала жер // бір
атыз жер (жерг)
Шұбат // қымыран (жерг)
Іссапар // жолсапар (командировка)
Эхинококк (ғыл) // жылауық құрт (хал)

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
1-т. Тілтанымдағы дублет пен вариант мәселесі.....	5
2-т. Лексикалық дублеттер және оның пайда болу жолдары.....	13
3-т. Диалектілік және әдеби лексиканың дублеттік қатар түзуі	24
4-т. Кірме және төл сөздердің, көнерген сөздермен неологизмдердің дублеттік қатар түзуі.....	34
5-т. Арнаулы қолданыстағы сөздер мен халықтық атаулардың дублеттік қатар түзуі	42
6-т. Терминдік дублеттер және синонимдер.....	49
I-модуль бойынша тест тапсырмалары.....	58
7-т. Лексикалық дублеттер және синонимдер.....	64
8-т. Синонимдер жүйесіндегі абсолютті синонимдер.....	79
9-т. Лексикалық дублеттердің семантикалық құрылымы.....	86
10-т. Лексикалық дублеттердің функционалды стильдер жүйесіндегі орны.....	97
11-т. Лексикалық дублеттердің парадигмалық және синтагмалық қатынастар жүйесіндегі орны.....	108
12-т. Морфологиялық және синтаксистік варианттар.....	117
II – модуль бойынша тест тапсырмалары.....	125
Қосымша.....	131

i

